



Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Западно-Казакстанский инновационно-технологический университет

West-Kazakhstan innovative-technological University

БҚИТУ Хабаршысы

Вестник ЗКИТУ

Bulletin of WKITU



№1 (17) 2021

Орал / Уральск/ Uralsk

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**

Ғылыми журнал



**ВЕСТНИК ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО ИННОВАЦИОННО-
ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

Научный журнал

**BULLETIN OF WEST KAZAKHSTAN
INNOVATIVE TECHNOLOGICAL UNIVERSITY**

Scientific journal

№1 (17) 2021

Орал-Уральск-Uralsk

Шығарылым 1(17)

Қаңтар-январь, ақпан-февраль, наурыз-март
Педагогика, филология, тарих, экономика, техника, жаратылыстану/
Педагогика, филология, история, экономика, техника, естествознание

Бас редактор- Главный редактор:

ГАБДУАЛИЕВА Р.С.

экономика ғылымдарының докторы, профессор/

доктор экономических наук, профессор

Бас редактордың орынбасары-Заместитель главного редактора

В.А. БУРАХТА

химия ғылымдарының докторы, профессор/ доктор химических наук, профессор

Редакция алкасы-Редакционная коллегия

Т.З.Рысбеков –	т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚУ	д.и.н., профессор, ЗКУ им.М.Утемисова
Н. Кенжеахмет –	т.ғ.д., профессор, Бонн университетінің Шығыстану және Азиялық зерттеулер институты (Германия, Бонн қ.)	д.и.н., профессор института Востоковедения и Азиатских исследований Боннского университета (Германия, г.Бонн)
Ә. Қара –	т.ғ.д., профессор, Мимар Синан университеті (Түркия.Стамбул қ.)	д.и.н., профессор, Университет Мимар Синана (Турция, г.Стамбул)
Б.Ғ.Шинтимирова –	т.ғ.д., профессор – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.и.н., профессор Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
М.Б. Сабыр –	ф.ғ.д., профессор – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.ф.н., профессор Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
В.Н.Мушаев –	ф.ғ.д., профессор, Қалмақ мемлекеттік университеті (Ресей, Элиста қ.)	д.ф.н., профессор, Калмыцкий государственный университет (Россия, г.Элиста)
М.М.Халиков –	ф.ғ.д., профессор, Самара мемлекеттік жол катынастары университеті (Ресей, Самара қ.)	д.ф.н., профессор, Самарский государственный университет путей связи (Россия, г. Самара)
А.М.Мұсаев –	ф.ғ.д., профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.ф.н., профессор Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
Л.Х.Самситова –	ф.ғ.д., профессор, Башқұртстан Республикасының стратегиялық зерттеулер институты (Ресей, Уфа қ.)	д.ф.н, профессор, Институт стратегических исследований Республики Башкортостан (Россия, г.Уфа)
И.Ф.Суханова –	э.ғ.д., профессор, Н.И. Вавилов ат. Самара мемлекеттік аграрлық университеті (Ресей, Самара қ.)	д.э.н., профессор, Самарский государственный аграрный университет им. Н.И. Вавилова (Россия, г.Самара)
Н.Г. Чумаченко –	т.ғ.д., профессор, Самара мемлекеттік техникалық университеті (Ресей, Самара қ.)	д.т.н., профессор, Самарский государственный технический университет (Россия, г.Самара)
Е.И. Тихомирова –	б.ғ.д., профессор, Ю.А. Гагарин ат. Саратов мемлекеттік техникалық университеті (Ресей, Саратов қ.)	д.б.н., профессор, Саратовский государственный технический университет имени Гагарина Ю.А. (Россия, г.Саратов)
Г.К.Курманова –	э.ғ.к., доцент, Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті	к.э.н., доцент, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
Ш. Х. Курманалина-	п.ғ.д., профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.п.н., профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
Р.С.Кенжекова –	п.ғ.к., доцент, Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті	к.п.н., профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет

2018 жылдан бастап шығарылады. Жылына 4 рет шығады.

Журнал Қазақстан Республикасының ақпарат және коммуникация министрлігі келісімен 07.12.2017 ж. Тіркеліп,
№16782-Ж куәлік берілген.

2019 жылдан бастап журнал электронды форматта шығады.

Издаётся с 2018 года. Выходит 4 раза в год.

Свидетельство о регистрации издания №16782-Ж от 07.12.2017 г. Выдано Министерством информации и
коммуникаций Республики Казахстан

С 2019 г. журнал издаётся в электронном формате

ISSN 2706-6266

БҚИТУ, 2021

TIPIKEV HӨMPIPI 16782-Ж

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО ИННОВАЦИОННО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
BULLETIN OF WEST KAZAKHSTAN INNOVATIVE TECHNOLOGICAL UNIVERSITY

ПЕДАГОГИКА

ӘОК 37.01:39

ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНДА ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ
ТҮРЛЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Набидоллина Ш.С. , Бегилова А.А.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аңдатпа: бұл мақалада жастарды тәрбиелеудегі ұлттық құндылықтар мәселесі, жастардың этномәдени құндылықтарын қалыптастырудағы қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің рөлі қарастырылады.

Кілт сөздер: рухани тәрбие, этномәдени құндылықтар, сәндік-қолданбалы өнер.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Жас ұрпақ тәрбиесіндегі тәлімдік дәстүрлер тәжірибесін, бүгінгі педагогикалық тәрбие мазмұнымен жарасымды ұштастыру негізінде, Отаны, туған елінің өркениеті үшін қызмет ететін, жинақтаған білімі мен қабілетін адамзат құндылықтарын сақтауға, насихаттауға, өмір сүретін ортасы үшін пайдаланатын азаматты тәрбиелеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі саналады. Бұл міндеттерді жүзеге асыру – адамзат қоғамын, жеке тұлға болмысының рухани – мәдениетін ізгілендірудің алғышарттары саналады. Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері, біздерге дейін, сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын – ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге, ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты педагогикалық ой-пікірлер мен идеяларды, ертедегі ғұламалардың мұраларынан, қазақ ауыз әдебиеті құндылықтарынан, ата-бабаларымыздың тәлімдік дәстүр-салтынан, билер мен шешендердің сөздерінен және дәстүрлі сәндік қолөнерінің айшықты туындыларынан халқымыздың көркем-эстетикалық талғампаздығын, дүниетанымын танып білеміз.

Сол сияқты, жас ұрпаққа ұлттық рухани, мәдени құндылықтар негізінде тәлім-тәрбие берудің маңыздылығына Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, әсіресе ХХ ғасырдың басында, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, т.б. сынды қазақ ағартушылары баса көңіл аударған. Дегенмен де, кеңестік қоғам құрылысы кезінде, әр халықтың өзіндік ұлттық ерекшеліктерін, ұрпақ тәрбиелеудегі сындарлы тәжірибелерін, біртұтас, жалпы кеңестік идеология нормаларымен айырбастағаны белгілі. Егемендік алған кезеңнен бастап, елімізде жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие ісінің мазмұнын отандық және әлемдік өркениетті елдердегі психология, педагогика және физиология ғылымдарының жетістіктерін пайдалана отырып, жас ұрпақ тәлім-тәрбиесін, адами болмыстың қасиеттері «адамгершілік», «ізгілік», «әдептілік», «қайырымдылық», «жақсылық нышандар» мен рухани-мәдениет құндылықтары негізінде ізгілендірудің қажеттілігі туындады. Бұл мәселенің өзектілігі, тәрбие саласындағы мемлекеттік, педагогикалық құжаттар мен тұжырымдарда басты мәселелердің бірі ретінде атап көрсетілген. Туған халқының рухани мәдениет үлгілерін, адамгершілік сапаларын, этикалық-эстетикалық құндылықтарын және бүкіләлемдік мәдениеттің өнегелік нұсқаларын бір-біріне кіріктіре отырып, жас ұрпаққа игертуге бағытталған педагогикалық талаптар мен міндеттер, балалар тәрбиесінің мазмұнын және жүйелік нысандарын одан әрі жетілдірудің

қажеттілігін туғызып отыр. Бұл мәселелердің шешімін табу, өсіп келе жатқан жеткіншек ұрпақты жан-жақты жетіліп, үйлесімді дамыған, адамгершілік қадір-қасиеттері мол жеке тұлға етіп тәрбиелеуде берік тұғырлық негіз қалайды.

Қазақ халқының ұлттық тәлім-тәрбиесі мен мәдениеті талай халықтардың өкілдерін тәнті еткен. Сяхатшылар мен зерттеушілер қазақтың ежелгі тұмыс – тіршілігі, мәдениеті мен ауыз әдебиеті, осынау кең, ұлы далада көшпенді өмір сүргеніне қарамастан бір тілде сөйлеуі, қолөнері мен бейнелеу өнерінің, ауыз әдебиеті мен музыка өнерінің, жалпы дала мәдениетінің таңқаларлық үлгілері туралы таңдай қаға айтып баяндайды. Мұның барлығын қазақ халқының қазіргі моральдік-психологиялық, философия, филология, педагогика, этнопсихология ғылымдарының зиялы ғалымдары өз еңбектерінде дәлелдеп, олардың тәрбиелік мүмкіндіктерінің жоғары екендігін анықтады.

Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің түрлері де бала тәрбиесінің жетекші құралы болды.

Халқымыз баланы жастайынан ұлттық сәндік-қолданбалы өнермен таныстырып, оны алуан түрлі өнер бұйымдарын жасауға үйретті. Сәндік-қолданбалы өнер баланың ой-өрісін, шеберлігі мен дағдысын жетілдірумен қатар, олардың көркемдік-эстетикалық талғамдарын жоғарылатады. Мұндай іс-әрекет балалардың бойында халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына деген қасиетті қалыптастырады. Оның үстіне балалар сәндік-қолданбалы өнерді үйренуде жаңа құбылыстармен, шығармашылық, ізденімпаздық іс-әрекеттермен танысады.

Халық балаларды өнерге үйрете отырып, әсемдік сезімін, сұлулықты түсініп, өмірді әдемі, өнегелі етуді, қоршаған табиғаттың түрі мен бояуын қабылдай білуді қалыптастырады. Балаларды кішкене күнінен бастап әдемілікті сұрықсыздықтан айыра білуге ықпал ететін сезімге тәрбиеледі. Олай дейтініміз, қазақ отбасында бала туғаннан бастап әдеміліктің қоршауында болды, өрнектермен әшекейленген киіз үй жабдықтарын, оюланған кілем, сырмақ, түсті киіз, алашаларды, сүйек, мүйіз, күміспен өрнектелген ағаш ыдыс-аяқтар мен үй жиһаздарын, кестеленген киімдерді, алтын-күмістен жасалған зергерлік бұйымдарды күнделікті көріп білген. Сөйтіп, бала кезден айналадағылармен қарым-қатынаста болып, бұйымдар мен заттардың ықпалымен, қоршаған табиғаттың әсерімен рухани-адамгершілік көзқарастарын, көркемдік-эстетикалық сезімін түсініп, талғамын дамытты.

Халық білімді, қолөнер саласын жетік меңгерген, эстетикалық талғамы жоғары, «өнеріне қарай өрлеп» тұратын шебер адамды «бармағынан бал тамған» деп жоғары бағалаған. Оларды өздерінің ұл мен қыздарына үлгі-өнеге етіп, мұндай жетістікке адам тек еңбек қолөнер кәсібінің құпиясын, қыр-сырын меңгергенде ғана жететінін ескерткен. Халқымыз еңбек пен өнерді егіз деп санаған.

Халықта «Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ» деген бір жақсы нақыл бар. Бір шебердің қолымен дүниеге келген заттың бірді емес, көпті қуантатыны, рухани ләззат беріп, көңілді өсіретіні рас.

Сан ғасырлар бойы, дәстүрлі сәндік қолданбалы қолөнер туындылары, қазақ халқына жайлауда, қыстауда, көш басында, мереке-тойларда, тіпті жаугершілік кездерде де үнемі қызмет көрсетіп келді. Бүгінге дейін жеткен қолөнер мұраларынан немесе сол өнердің дәстүрін жаңаша жандандырып жүрген халық шеберлерінің туындыларын көре отырып, қазақ халқы әсемдікті өзіне тән сезімталдықпен, талғамдық нормалармен қабылдай білгенін, сол сезім, таным талғам арқылы өзі өмір кешкен ортаға ұлттық дәстүрге сай сұлулық енгізуге үнемі құштарлықпен белсене қатысқанын танып білеміз. Күнделікті тұрмыста қолданылатын бұйымдарды ағаштан, теріден, киізден, металдан т.б. қолда бар материалдарды аса шеберлікпен өңдеп, оюлап, әсемдеп жасайтын асқан шеберлер шыққан халық - өзіндік дәстүрлі өнердің туындыларын, оның авторларын өте жоғары бағалап отырған. Ертедегі көшпенді қазақ жанұясының әр азаматы осы «мұражайда дүниеге келіп», сол мұражайдың «экспонаттарымен» өмір бойы араласып өседі, әсемдік пен көркем шығармашылықтың жасалуымен біте қайнасып, сол

сұлулықты қадірлеуге, сүйіп өсуге тәрбиеленеді. Азамат болып, өз отауын тіккенде, сол сұлулықты өз қолымен жасауға деген қажеттілікті, қабілеттілікті бойына сіңіріп өседі.

Қазақ өмірін терең зерттеген зерттеушілер «қазақтар - бейне бір оюлар мен өрнектер арасында өмір сүретіндей» деп жазған. Киіз үйдің сыртқы басқұры мен үзігінен басталатын ою мен өрнек үйдің ішінде төрдегі текеметтен де, төңіректегі киімдер мен тұскиіздерден де, үйдегі әжелер мен немерелерге дейінгі адамдардың киімдерінен де, көзді байлап, көңілді жаулап тұрған. Тіпті азаматтың етігі мен ер-тұрманына дейін әшекейленіп тасталған. Қазақтың өз өмірін бұлай безендіруі бұлардың көңілді, өмірге құштар және жаны нәзік халық екендігін көрсетеді. Бесіктен бастап хан ордасына дейінгі сатанатты безендірулер ою-өрнекпен мүлтіксіз әшекейленген.

Біздің бүгінгі күнімізге тозбай жеткен әшекейлердің болмысы ата-баба санасынан бастау алып жатқаны шындық. Осы ою-өрнектерге қрап тұрып, ежелгі адамдардың ойлау, дүниені елестету қабілеттерін анықтауға болады. Олардың өз тұсындағы өмірді, оның мәнін қабылдағаны сол қалпында оюға түскен. Демек көне әжелердің қолынан шыққан оюларды көне бабалардың қолынан шыққан Орхон-Енисей жазуларына теңеудің толық қисыны бар.

Киімге, киіз үйге, ер-тұрманға және басқа тұрмыстық заттарға ою түсіру – көне тайпалар үшін өнердің бір түрі деп саналған. Өнер болған жерде жарыс бар, озу бар, даму бар. Сол себепті ою-өрнек өнері мыңдаған жылдар бойы өз түрін де, түсірілу техникасын да дамытып келеді. Сөйте тұра, сонау көне замандағы ою түрлерінің аты мен затының сақталып келуі таңқаларлық жағдай. Олар бізге сол түінде және сол кездегі атымен жетіп отыр.

Әр өрнектің өз аты болған. Және ол өрнек тегін түсірілмеген. Шебер немесе үй адамдары оны бір нәрсені меңзеп немесе ырымдап жасайтын болған. Содан кейін, бұл оюдың немесе өрнектің мағынасын басқалары түсінген. Қазақтар оюларды өзін қоршаған табиғат пен әлемнен іздеген. Зерттеушілер қазақ ою-өрнектерін төрт топқа бөледі.

Ою-өрнектердің бірінші тобы – жан-жануарлар әлемінен алынған. Қазақ – ежелгі көшпелі халық. Көшпелі халықтар негізінен мал шаруашылығымен айналысқан. Сол себепті малға қатысты оюлар біздің тұрмысымызда өте көп. Олар - «қошқар мүйіз», «табан», «атбас», «өркеш», «төртқұлақ», «ботакөз», «жіліншік» т.б. Бұл оюлармен көбінесе тұрыстық бұйымдар безендірілген.

Өрнектің келесі тобы – ғарыш сипатты оюлар. Қазақ – қиялы жүйрік халық. Қазақтар ежелгі заманнан – ақ, ғарыш сырын ұғуға тырысқан. Әрбір жұлдызға ат берген. Аспаннан жерге жеткендей әсер беретін бұл өрнектерді киімдерде қолданған. Өйткені оладың мағынасы терең, мәні тұңғыш болған. Олар – «Күн көзі», «Күн сәулесі», «Күн шеңбері», «жұлдыз гүл», «жұлдыз өрнек», «топ жұлдыз» т.б.

Келесі топ – геометриялық оюлар. Бұл топқа жататын оюлар мен өрнектер киім безендіруде молынан қолданылады. Кейде аққан су, өзен сяқты ирек өрнекті кестелер кездеседі. Оны қазақтар тоқтаусыз, қозғалыстағы үзілмес өмір белгісіндей қабылдайды. Мұндай өрнектерді көрнекі жерге - киім өңіріне түсірген. Бізге бұл топтан «сүйір», «ирек», «балдақ», «тұмарша», «қармақ» тәрізді атаулы оюлар белгілі.

Ою-өрнектің төртінші үлкен тобы – өсімдік тектес оюлар. Халқымыз ежелден табиғатты аялаған. Табиғаттан өзіне пана тапқан. Олар біртіндеп ою мен өнек түрінде үй заттарына, киімдерге көшіре бастаған. Өсімдік тектес өрнектер киімде көптеп қолданылады. Мәслен, «жапырақ тектес», «түйе жапырақ», «бес жапырақ», «жауқазын», «сарғалдақ», «қызғалдақ» т.б.

Осы ою-өрнектерді түлі бағыттарда қолданылатын киім – кешектерде жарасымды талғаммен орналастыра білу оқушылардың ұлттық рухын биіктетіп қана қоймай, олардың шығармашылығын шыңдайды.

Қазақ халқының ерте заманнан атадан балаға мұра болып келе жатқан, көне дәуірлерден бері жете дамыған айшықты өнерінің бірі – зергерлік өнер. Археологиялық

қазбалардан табылған зергерлік әшекей бұйымдардың қалдықтарынан, ертедегі көшпенділердің темір, мыс, алтын, күміс қалайы, қорғасын сияқты металдарды өңдеудің технологиясымен айналысқанын, олардың түрлі тәсілдерді пайдаланып еңбек құралдарын, тұрмыс бұйымдарын, әшекейлік заттар жасағанын білеміз. Қазақ зергерлері металды әшекей бұйымға айналдыруда өте жоғары көркемдік талғаммен қарап, бұйымның қолданар орнына қарай айшықты нақыштар таба білді. Әйелдердің тағатын түрлі сақина, жүзік, алқа, білезік, сырға, шолпы т.б. толып жатқан сәндік бұйымдары мен қоса, қамар белдік, ат әбзелдері, төсек, сандық үй жиһаздарын да алтын, күміс, сүйекпен нақыштап безендірген. Талғамы биік зергерлер, күмістің қасиеті мен қадірін ескере отырып, өздері жасайтын бұйымның ерекшелігіне қарай пайдаланып отырған. Дегенмен де, зерттеуші ғалымдардың тұжырымдауынша, қазақ зергерлерінің бәріне тән қасиет – олардың сәндік-әшекей бұйымдарындағы қазақтың ұлттық дәстүрлерінің біртұтас бірлігі. Әйелдер тағатын сәндік әшекейлер: өңіржиек (ақық немесе басқа асыл тастар орнатып көркемдеген, күміс баулы, екі жақ өңірге тағатын әшекей), екі-үш асыл тастардан көз орнатылған немесе қарапайым пішінді өсімдік тектес ою-өрнектермен көркемделген түрлі формадағы білезіктер, қымбат тасты жүзіктер, сақиналар, салпыншақ қоза сырғалар, әдемі түймелер мен қапсырмалар, шолпылар, сәукелені әшекейлеуге арналған түрлі пішінде әшекей бұйымдар т.б. Қазақстанның барлық өңірінде біркелкі, ұлттық пішіндегі бірлік сақталған. Қазақ әйелінің ұлттық киімдері, зергерлік өнер бұйымдарымен бірге, киіз үй пішінімен, оның ішкі жиһаздарымен, қазақ даласының табиғатымен, ән-жыры, музыкасының үнімен, қазақ әйелдеріне тән мінезқылықтылықпен кереметтей үйлесім табатын, сұлулық пен көркемдік мәдениетіміздің құндылығы деп санауға болады. Қазақ зергерлерінің дарыны тек сәнді бұйымдар жасаумен ғана шектеліп қойған жоқ. Халық қамын ойлаған зергерлер, ел сүйген ерлерді, еліне пана болған батыр, таңдайлы шешен, ұл-қыздарын зергерлікпен бейнелеп мұра етіп қалдыра білді. Ата бабаларымыздың өнерін үзбеу, дамыту, келесі ұрпаққа жеткізу үшін талантты ұл-қыздардан шәкірттер дайындап, халықтың көркем мәдениетінің жібін үзбеге күш қосты. Бұл өнер де, басқа дәстүрлі ұлттық өнерлер сияқты, жас ұрпақты көркемдікті, сұлулықты түйсіне, сезіне білуге баулитын, халқымыздың тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрлерін игеруге зор ықпал жасайтын эстетикалық тәрбие құралы.

Өнер туралы айтқанда білімгер үшін жалған өнер мен нағыз руханилыққа қарай ұмтылдыратын адамның шынайы болмысына сәйкес келетін, оның – миының жадырауына үлесін қосатын нағыз өнердің айырмасын білуі керек. Туған халқымыздың, ежелден бері күнделікті тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасқан, дәуірлер өткен сайын әр ұрпақтың дүниетанымдық сапасымен, эстетикалық талғам деңгейімен көркемдік-рухани құндылығы баии түскен өнерінің бірі – дәстүрлі сәндік-қолданбалы қолөнері. Эстетикалық әсерлі де, мәнерлі ұлттық қолөнеріміздің маңызы мен оның адамдардың дүниетанымдық көзқарасын, талғамын қалыптастырудағы мәні мен маңызы, ұлттық мәдениет құндылықтарын жасаудағы мүмкіндіктері туралы арнайы өнертану, этнографиялық, эстетикалық тәрбие туралы педагогикалық еңбектерде (Ө.Жәнібеков, М.Балтабаев, С.Ұзақбаева, Е.Асылханов, Б.Байжігітов, Ә.Қамақ т.б.) көп айтылған. Қазақтың дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнерін оқып-үйрену барысында, біз, халқымыздың өткендегі тіршілік тұрмысына, шаруашылық түрлерін, эстетикалық салт-дәстүрлерін, қызықты мерекелерінің мазмұнын т.б. рухани мәдениетінің құндылықтарын танып білеміз. Көркемдік өнердің басқа түрлері мен жанрлары, әлемдік сипаттағы өнер түрлеріндей қалыптаспаған Қазақстан жерінде, халықтың қоршаған шындыққа, табиғатқа деген сезімдік, танымдық көзқарастары, талғамы тек дәстүрлі сәндік-қолданбалы қолөнер арқылы қалыптасып келді.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялап, нарық қатынастарын және халықаралық құндылықтарды мойындайтын мемлекет екенін әлемге әйгілеген тұста сән өнері басқа да өнер түрлерімен бірдей қатарға қосылатын болды. Тәуелсіздіктің арқасында қазақтың

ұлттық киім дәстүрлерін негізге ала отырып, оны әлемдік шеберлік талаптарымен ұштастыра бастады. Ұлттық киімге деген қызығушылық артты.

Мейлі, жас болсын, балаң болсын, бірақ қазір «қазақ модасы» деген термин қалыптасты, ол өзімен санасуды сұрайды. Біздің ендігі міндетіміз қазақ киім үлгілерін тереңдете, беріктендіре түсіп, жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды дәріптей білу.

Қазақ халқы, жасөспірімдердің өмірі ересектер ықпалына тәуелді болса да, өзінше бір кіші әлем құрайтынын, өзін қоршаған әлемді, өмірлік құбылыстарды ересектерден мүлде басқаша қабылдайтынын, олардың өмір-әлемі – сол қарапайым да, нәзік, күрделі де, қызық әлемнің көркем дүниесі екенін үнемі ескеріп отырған. Сондықтан қазақ халқының балалар тәрбиесіне бағытталған тәлімдік дәстүрлері, өнерлері мен тәлімдік іс-шаралары – балалардың жасына, даму ерекшеліктеріне қарай танымдық, талғамдық, шығармашылық ізденіс мүмкіндіктеріне бейімделген - ұлттық, психологиялық, әлеуметтік болмысының бар мүмкіндіктерін толық пайдаланып отырған. Тұлғаның бойына, ата-бабалары ғасырлар бойы қалыптастырып, ұлттық тәрбие заңдылықтарына, мінез-құлық нормаларына айналған, өзіндік принципке негізделген қағидаларды сіңіруді мұрат тұтқан халқымыз «Сегіз қырлы, бір сырлы» қағидаға бекітілген тәлім тәрбиенің барлық түрінің тәрбие құралдарын, әдіс-тәсілдерін дүниеге әкелген. Болашақ ұрпағын өнер арқылы сұлулыққа, әсемдікке баулуда, ата-ана, ата-әже, жалпы елдің мұраты болғаны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қожахметова К. Ж. Қазақ этнопедагогикасы: әдістеме, теория және практика. Алматы. Ғылым 1998;
2. Б.Мұқанова, Р.Ильясова Этнопедагогика, оқу құралы, Астана, Фолиант, 2008;
3. Табылдиев Ә. Қазақтың халық педагогикасы және тәрбие. Алматы, 2001;
4. Байжігітов Б.К. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырғағындағы тұрақты сурет үлгілері, Алматы, 1998;
5. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты (Оқушыларға мәдени-этникалық білім беру), Алматы, Ана тілі, 1995;
6. Е.Сағындықұлы Педагогика, Алматы, 1999;
7. Асанова С. Қазақтың ұттық киімдері. Атамұра. Алматы, 1995;
8. Нұрпейісов Ә. Қазақ халқының ою-өрнегі. Өнер. Алматы 2002ж.

УДК 37.01: 39

МЕСТО КАЗАХСКОГО ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА В ФОРМИРОВАНИИ ЭТНОКУЛЬТУРНЫХ ЦЕННОСТЕЙ У ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

Набидоллина Ш. С., Бегилова А. А.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: В данной статье рассматривается проблема национальных ценностей в воспитании молодежи, роль видов декоративно-прикладного искусства казахского народа в формировании этнокультурных ценностей молодежи.

Ключевые слова: духовное воспитание, этнокультурные ценности, декоративно-прикладное искусство

ӘОЖ 002.6:89

ТОПТЫҚ ЖҰМЫСАРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ФОРМАЛАРЫ

Ергалиева Г.А., Курманбаева Г.Б.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қаласы

Аңдатпа: *Учеников начальной школы необходимо вооружить универсальными учебными действиями, которыми он сможет воспользоваться при самостоятельном познании, при решении учебных задач индивидуально и при работе в группе. В рамках урока учитель работает с детьми фронтально, что подтверждает имеющийся опыт традиционного урока. Только разнообразие организационных форм обеспечит рост творческого потенциала, познавательных мотивов, поможет ученику научиться взаимодействовать со сверстниками познавательной деятельности.*

Кілттік сөздер: *топтық, фасилитация, ақпараттық технологиялар, педагогикалық үдерістің тұтастылығы, қатысушылар, стратегиялар*

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, байланыс кеңістігін кеңейту кезінде қоғам тамаша жаңа тұлғаны қажет етеді. Белсенді, көпшіл, қиын шешімдер қабылдауға дайын, уақыт ұсынатын қиындықтарды жеңуге дайын тұлға. Өкінішке орай, қазіргі мектептің түлегі әрдайым осы талаптарға сай бола бермейді. Сондықтанда парадокс деген ұғымды пайдалансақ та болады: мектептегі барлық пәндер бойынша жақсы оқитын, ал мектеп қабырғасынан тыс уақытта оқушы өз жолын таба алмай, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алмай, қоғамда лайықты орын таба алмай жүреді. Бұл құбылыстың себебі – мектептегі қиындықтардың шешімін өз бетінше ізденбейді, мұғалімдер дайын жауаптарды беріп: "Мен сияқты жаса, ойлама!" ал бала тәуелсіз шешімдер мен әрекеттерден бас тартып, инертті болып, сырттан көмек күтеді.

Осыған сүйене отырып, қазіргі мектеп оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдерін қайта қарастыруы керек, педагогикалық тәжірибеде оқушылардың ақыл-ой мен практикалық іс-әрекеттерге итермелейтін белсенді форматтар мен әдістерді қолдануы керек деп санаймын, онсыз алға жылжу болмайды. Мен өзім үшін топтық жұмыс форматының форматтары мен "фасилитациясы" арқылы оқытуды ұйымдастыру тақырыбын таңдадым. Топтық іс-әрекеттің форматы мен "фасилитациясы" оқу процесін ұйымдастырудың жетекші түрі болып табылады, өйткені ол көптеген дидактикалық және тәрбиелік мәселелерді шешуге ықпал етеді. Ол оқушылардың бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, оқушылар арасындағы ынтымақтастық пен өзара көмекке бағыттайды, қарым-қатынас дағдыларын дамытады, сыныптағы психологиялық климатты жақсартады, оқушылар пәнге қызығушылық танытады, тіпті әлсіз оқушылар да оқу процесіне белсенді қатысады. Осылайша, оқушыларға жан-жақты дамыған тұлға болуға, көпшіл, қиындықтарды жеңе білуге, өз жолын табуға, қоғамда лайықты орын алуға көмектеседі. Топтық жұмыстың форматтары мен «фасилитациясы» белгілі бір түрдегі көптеген мәселелердің шешімін ашуға мүмкіндік береді, оқушыға ойлау, дәлелдеу, сыныптастарымен ой бөлісу құқығын береді.

Уақыт тез ұшады, сонымен бірге әлем өзгереді, техника, ғылым, білім жетілдіріледі ... әрбір ересек адам баласының өмірде өз орнын тапқанын қалайды. Әрбір бала өз уақыты үшін лайықты, сұранысқа ие және тиімді білім алуға құқылы. Ол үшін бізге, мұғалімдерге, білім беру әдістемесінің тәсілдерін өзгерту қажет. Сондықтан сабақтарда әртүрлі технологиялар мен стратегияларды қолдану, сабақтарда топтық жұмыстың әртүрлі формаларын қолдану үлкен маңызға ие. Жаңа формалар сабағымыздың ерекше, жарқын, қызықты және оқушыға қолжетімді етеді. Бүгінгі таңда уақытпен бірге жүруге ұмтылатын әрбір мұғалім оқу процесін сәтті жүзеге асыруға

бағытталған заманауи инновациялық технологиялардың кең спектрін басшылыққа алуы керек. Мұғалімді даярлау жаңалықтарды қабылдауға және жаңа тәсілдермен әрекет етуге дайындықты қалыптастыруға бағытталуы керек. ҚР педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары бағдарламасының арқасында мен коллаборативті орта құра отырып, өз тәжірибемде оқушыларды оқыту мен оқытудың жаңа әдістері мен формаларын енгізудің жаңа мүмкіндіктерін аштым. Кейбір зерттеу деректерінде (Strong, Ward&Grant, 2011, басшылық, 110 б.): «бүгінгі таңда мектеп қызметін жетілдірудегі және оқушыларды оқытудың табыстылығын қамтамасыз етудегі өзекті тұлға мұғалім болып табылады», сондықтан мектептегі оқыту мен оқудың сапасы мұғалімнің кәсібилігіне, құзыреттілігіне байланысты екендігі келтірілген. Осылай біз детоптық форматта сабақ жүргізе отырып, проблемаларды шешуге сыни тұрғыдан қарауға ықпал ететін тапсырмалар жасау жұмысты шыңдай түсетінін өз жұмысымызда көз жеткіздік. Зерттеу барысында байқағанымыздай топтық жұмыс түрінің арқасында оқушылар топтағы басқа оқушылармен тығыз байланыста болып, зерттелетін тақырып бойынша өз білімдерін ашық, еркін көрсетуге, өз ойларын еркін айтуға, өз пікірлерімен бөлісуге үйренді. Мұғалім ретінде оқушылардың тақырыпты өз бетінше қалай зерттейтінін байқауға, сонымен қатар оқу процесінде бағыттауға, олардың түсінуін және жаңа материалды игеруін жақсарту үшін жағдай жасауға тура келді. Оқу материалын сапалы қабылдау және игеру тұлғааралық танымдық қарым-қатынас және оқушылардың топтардағы өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болады. Сабақтардағы жұмыстың топтық форматтары оқушылардың сыни ойлауын және өзін-өзі бағалауды дамытуға ықпал етті, дербестік пен жауапкершілікті, ынтымақтастық қабілетін дамытты. Мұғалімге тек оқу процесін бағыттау және бақылау ғана қалады.

Топтық жұмыс форматында оқушылар шағын топтарда белсенді бола бастайды – оларға сол жер ыңғайлы болады. Бастауыш сынып оқушылары әлі де әр түрлі себептермен бүкіл сынып пен мұғалімнің алдында көпшілік алдында сөйлей алмайды және өз ойларын дауыстап айта алмайды, бірақ топта олар белсенді ұстанымға ие, барлық сұрақтар мен тапсырмаларды бірдей талқылайды. Мұндай жағдайда оқушы өзін сенімді сезінеді, бұл өте маңызды, әсіресе оқудың бірінші кезеңінде. Зерттеудің мақсаты – оқушының өзіне деген сенімін нығайту, оны топтық жұмыстың форматтары мен "фасилитациясына" үйрету. Топтық жұмыстың тиімділігі – бірлескен оқыту форматтарын белсенді пайдалану және бірлескен жұмыс пен біріктіру модельдерін тарату.

Топтық жұмыстың форматы және "фасилитациясы" түсінігі.

Оқу процесінің негізгі формаларының бірі сабақ болды және солай болып қала береді. Қазіргі заманғы сабақта, ең алдымен, мұғалім оқушының жеке басын дамытуға, оның белсенді ақыл-ойының өсуіне, білімді терең және мағыналы игеруіне, адамгершілік негіздерін қалыптастыруына барлық мүмкіндіктерді шебер қолданатындығымен ерекшеленеді. Сабақ – бұл логикалық аяқталған, тұтас, белгілі шеңберлермен шектелген оқу-тәрбие үдерісінің бір бөлігі. Оқу үдерісінің негізгі элементтері осында күрделі әрекеттестікте орналасқан: мұғалім мен оқушылардың мақсаттары, міндеттері, мазмұны, әдістері, құралдары, формалары, өзара байланысты қызметі.

Сабақ бір тараптан оқытудың психологиялық-педагогикалық заңдылықтарына, басқа тараптан білім беру стандарттары қоятын талаптарға сүйенетін мұғалімнің шығармашылығын білдіреді.

Педагогикалық үдерістің тұтастылығы тұрғысынан сабақты она ұйымдастырудың негізгі нысаны ретінде қарастыру керек. Дәл сабақта сыныптық-сабақ жүйесінің барлық артықшылықтары көрініс табады. Сабақ нысанында балалар мен жасөспірімдердің оқу-танымдық, сонымен қатар басқа да дамытушы қызметтерін тиімді ұйымдастыру мүмкін.

Педагогикалық үдерісті ұйымдастыру формасы ретіндегі сабақтың артықшылықтары оның жаппай, топтық және жеке жұмыстың үйлесімділігі үшін

жағымды мүмкіндіктерге ие болуынан тұрады; мұғалімге материалды рет-ретімен және жүйелі түрде баяндауына, оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуын басқаруға және олардың ғылыми көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді; оқушылар қызметінің басқа түрлерін ынталандырады, соның ішінде сыныптан тыс және үйдегі қызметін; сабақта оқушылар білім, машықтар мен дағдылардың жүесімен қатар танымдық қызмет әдістерін меңгереді; сабақ педагогикалық қызметтің мазмұны мен әдістері арқылы тәрбиелеу міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Топтық жұмыс – бұл сабақта оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың бір түрі, ол мұғалімнің жалпы және нақты тапсырмаларында жұмыс істейтін әр түрлі шағын топтардың жұмысын қамтиды, оқушылар арасындағы келісілген өзара әрекеттесуді, өзара жауапкершілік пен ынтымақтастық қатынастарын ынталандырады.

Топтық жұмыс түрін жүргізу үшін мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы, оқушы-мұғалімнің тығыз өзара іс-қимылы қажет. Өзара іс-қимыл әрекеттері оқуға бағытталуы тиіс:

- ✓ Мұғалім мен оқушылар бірлесіп оқу процесін ұйымдастырады;
- ✓ Оқушылар белсенді серіктестер болып табылады;
- ✓ Оқушылар ынтымақтастық ортасында жұмыстарын ұйымдастырады;
- ✓ Оқытуды зерттеу және проблемаларды бірлесіп шешу арқылы жүзеге асырылады;
- ✓ Оқытудың процесіне ерекше назар аударылады.

Топтық жұмыстың форматын және «фасилитациясын» ұйымдастырудың маңыздылығы

- ✓ Топтың барлық мүшелері қатысады;
- ✓ Оқушылар бір-біріне репликаларын айтып, ойлануға және соңына дейін сөйлеуге мүмкіндік береді;
- ✓ Бірін-біріне жетекші сұрақтар қойып, ынталандырып отырады: "Бұл сіз(сен) отырсыз ба?";
- ✓ Топтың әр мүшесі күрделі мәселелер бойынша сөйлеп өз пікірлерімен бөліседі;
- ✓ Оқушылар бір-бірінің жауаптары мен пікірлерін артынан талқыламайды;
- ✓ Мәселе шешілмейді, егерде бәрі шешімнің дәлелін түсінбейінше.

Топтық жұмыстың форматы мен "фасилитациясы" процестері:

Даму сатылары (*К. Левин бойынша*);

Еріту: жағдайды бағалаңыз; қозғаушы күштерді көбейтіңіз; қарсылықты азайтыңыз;

Қозғалыс: қызметкерлерді тарту; жаңа талаптарды әзірлеу; өзгерістерді жүзеге асыру;

Мұздату: өзгерістерді институционализациялау; қалаған нәтиже үшін марапаттаңыз.

Қорытынды:

"Жібіту" кезеңінде қатысушыларды жұмысқа қосудың тиімді әдістері бар:

- ✓ «Мұзды бұзу» құралдары;
- ✓ Команда құру жаттығуларының бағыттары;
- ✓ Назар аудару құралдары.

"Қозғалыс" кезеңінде: материалды ұсыну және материалмен жұмыс істеу тиімді.

"Мұздату" кезеңінде: материалды түсіну және рефлексия әдістері тиімді.

Норма мен рөлдерді қалыптастыру (*Белбин бойынша топтық рөлдер*);

Рөлдер мен тағайындаулар:

- ✓ Идеялар генераторы (шығармашылық, жаңа ұсыныстар жасау);
- ✓ Ресурстар зерттеушісі (энтузиаст, жаңа идеяларға жауап және іске асыру үшін ресурстарды іздеу);
- ✓ Үйлестіруші (өкілеттіктерді бөлуге қабілетті, Жалпы мақсатты басқарады);
- ✓ Жұмыс мотиваторы (сенімді, әрекет генераторы);
- ✓ "Аналитик" (ақылды, барлық нұсқаларды қарастырады және қорытынды жасайды);
- ✓ Топтың жаны (сезімтал, ұжымның атмосферасын жасайды);
- ✓ Орындаушы (тәртіпті, іске жоспарларды іске асырады);

- ✓ Сыншы (Мұқият, жіберілген қателерді түзетеді);
- ✓ Сарапшы (тәуелсіз, сирек білім мен дағдыға ие).

Қорытынды:

- ✓ Әртүрлі командалар тиімді;

"Әлсіз" және "күшті" оқушыларды бөлу, оқшаулайды, рөлдік модельді ескермеу, төмендетілген жолақты орнатып, мотивация жасамау топтардың жұмыстарына кедергі болатын.

- ✓ Топтық бірлестік;
- ✓ Топтық қысым.

Бірлестік топтың құрылымымен анықталады

Қысым әкелетін әрекеттер: ұсыныс, сәйкестік, біркелкі мінез-құлық (коллективизм)

Топтық жұмыстың форматы мен «фасилитациясының» әсері:

- ✓ Әлеуметтік фасилитация және ингибиция;
- ✓ Топтық ойлау-келісімді іздеуге бағдарлау;
- ✓ Маятник-эмоционалды топтық жағдайлардың циклдік ауысуы;
- ✓ Топтық белсенділіктің өзгеруі: тапсырманың басында белсенділіктің күрт артуы, соңына қарай әлсіз, оңтайлы деңгейге оралу;
- ✓ Тәуекелге көшу-шешімнің радикалдануы;
- ✓ Конформизм-көпшілік пікірімен келісім;
- ✓ Интергруппалық фаворитизм және аутогруппалық агрессия – "біз-олар".

Топтық жұмыстың форматы мен "фасилитациясын" қалай қолданамыз:

- ✓ Даму сатылары негізінде топпен жұмыс істейміз;
- ✓ Рөлдерге назараударамыз және олардың жүзеге асуына ықпал етеміз;
- ✓ Біз топтық қысымға кедергі келтіреміз;
- ✓ Біз теріс топтық әсерлерді жоямыз.

Facilitate/фасилитация – бұл жеңілдету, жәрдемдесу. Жалпы топқа бағытталған назараударуы саны. Жұмыс технологиялары байланысағыны мен топтық динамиканы басқаруға бағытталған. Ережелер, рөлдік құрылым, кеңістікті ұйымдастыру арқылы тиімді топтық жұмыс үшін жағдай жасау болып табылатын мақсат.

Фасилитатордың миссиясы?

Әр қатысушыға жақсы ойлауға көмектесу.

Фасилитатор функциялары:

- ✓ Коммуникативті кедергілерді жоюға шоғырлану;
- ✓ Талқылауға барлығының барынша қатысуы үшін жағдай жасау;
- ✓ Жұмыс кезеңдері мен ережелерін сақтау;
- ✓ Топтың қажетті рөлдік құрылымын қалыптастыру. Задачи фасилитатора (принципы, алгоритмы):
- ✓ Байланыс үшін кеңістік құру (қатысушылардың ыңғайлы орналасуы, дөңгелек үстел);
- ✓ Қатысушыларды бір-бірімен таныстыру (танысу тапсырмасын немесе топпен бірге танысу формасын жасау қажеттілігін түсіндіру);
- ✓ Қатысушыларды бірлесіп жұмыс істеуге ынталандыру (жеке мақсаттарды және талқылауға қатысудан күтілетін нәтижелерді түсіндіру, жұмыс барысында жеке мақсаттарға қол жеткізу, белсенділікті қосымша ынталандыру);
- ✓ Тиімді мінез-құлық моделін құру (жұмыс ережелері мен кезеңдерін вербализациялау, қолданыстағы ережелерді қолдану және топтың тиімді рөлдік құрылымын қалыптастыруға көмектесу, шешім қабылдау әдістерін талқылау және рефлексия, ережелерден ауытқатын топ мүшелерін түзету);
- ✓ Қарама-қайшылыққа жол бермей, процеске қатысушылар арасында кері байланысты ұйымдастыру жасалған қатені "кінәліге" жеткізу, қабылданған ережелер мен нормаларға оралу);

- ✓ Топтық жұмыстың қиындықтарын жеңу үшін топты ынталандыру (топтың жұмыс барысында қол жеткізген жетістіктерін белгілеу, алдағы қадамдарды сипаттау, жеке және топтық мүдделерге үндеу);
- ✓ Талқылаудағы "тұйық" жағдайларды жеңу (тиімді нормаларды белгілеу, проблемаларды дәйекті шешу, әрбір нақты сәтте тек бір тақырыпты талқылау, пайдаланылатын терминдерді, көп мағыналы сөздерді түсіну бойынша уағдаластыққа қол жеткізу, қатысушыларды өзара қолайлы шешім қабылдауға ынталандыру).

Фасилитатордың құзыреті:

- ✓ Болуы мүмкін;
- ✓ Топтық динамика туралы білімді меңгеру;
- ✓ Рөлдер туралы түсінікке ие болу және оларды жіктей білу, басқаларды және өзіңізді ұйымдастыру;
- ✓ (Қарым-қатынасты ұйымдастыру схемалары, қарама-қарсы пікірлермен адамдардың қақтығысы).

Қатысушыларды (оқушыларды) топқа бөлу

Сіз оқушыларды әртүрлі стратегияларды қолдана отырып топтарға бөле аласыз: "Түрлі-түсті таспалар", "Гүлдер", "1-5 немесе 1-6 балл", "Сурет карталары" және басқа түрлер. Топтың мөлшері әртүрлі болуы мүмкін. Сіз 4-6 адамнан тұратын топты ұйымдастыра аласыз. Мұндай топтар кіші деп аталады. Мұндай топтағы іс-әрекет топтық жұмыстың көптеген түрлері үшін және бір оқушының топтағы үстемдігін әлсірету үшін тиімді. Сондай-ақ, сіз екі адамнан тұратын топ құра аласыз – жұп топ. Жоғары деңгейдегі бірлескен ойлау тапсырмаларын (мысалы, шешім қабылдау, мәселелерді шешу) және құрдастарын оқытуда тиімді бола алады. Мақсат проблемаларды талқылау кезінде көптеген көзқарастарды ұсыну болған кезде 7-10 оқушыдан тұратын үлкен топтар тиімді бола алады, бірақ топ неғұрлым үлкен болса, жұмысты, рөлдер мен өзара әрекеттесуді жоспарлау және ұйымдастыру және әңгімеге қатысу қиынға соғады. Оқушыларды топтарға бөлгеннен кейін оларға топтағы рөлдерді бөлу және топтағы белгілі бір жұмыс ережелерін сақтау тапсырмасы беріледі.

Оқушылар топтық жұмыста алғашқы қадамдарды ғана жасайды, сондықтан топтағы жұмыс барысын ғана емес, оның әр мүшесін де бақылау қажет. Топтар тапсырмаларын карточкаларын алғаннан кейін әрекеттер тізбегінкөреді. Процедура енгізіліп, бекітілген кезде, біз топ ішіндегі және топтағы әр мүшенің жұмысын қадағалай бастаймыз. Жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, топтық жұмысты оқытудың алғашқы кезеңдерінде оқушылар операциялық әрекеттердің дәйектілігін өте дәл сақтауы керек және оның кез-келген өзгерістері процедурада қандай мақсатпен, нені және қалай өзгертуге болатындығын түсініп, жауапкершілікпен жүргізілуі мүмкін.

Жұмыс толқынын сақтау үшін тапсырманы орындау уақыты әрқашан анықталып, бақылауда болады. Бұл балаларды ұйымдастырады, олар бірден жұмысқа қосылады. Басынан бастап оқушылар тапсырманы орындауға бөлінген әр секундты бағалай білуді үйренуі керек.

Жұмыс процесін талқылау. Бұл нақты тәжірибеде жиі кездеспейді. Мұның себебі түсінікті: көп жағдайда мұғалім үшін топтық жұмыс сабақтың белгілі бір мәселесін шешудің құралы ретінде қызмет етеді (шешудің жалпы әдісін табу, тәсілдердің әртүрлілігін анықтау және т.б.), сондықтан ол қатысушылардан олардың ыңғайлы болғанын сұрайды. Бұл да жаман емес. Бірақ талқылау процесінің мүмкіндіктері әлдеқайда көп. Оқушыларға сұрақ қоюға болады: "Сіздерге пікірталас ұнады ма? Не оңай болды? Не қиын болды? Топ мүшелерінің мінез-құлқындағы қандай көріністер жұмысқа ықпал етті және қайсысы кедергі келтірді? Сонымен, талқылауды тиімдірек ету үшін нені өзгерту керек болды?». Осылайша, талқылау қатысушыларды топтық жұмыс әдістерін көрсетуге және сол арқылы топта жұмыс істеу қабілетін дамытуға мүмкіндік

береді. Мұғалім келесі жолы талқылау сәтті болады деп үміттенеді, өйткені кейбір оқушылар талқылау заңдылықтарын түсініп, өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктерін көрді.

Оқушылар топта жұмыс істеуді үйренгеннен кейін, мұғалім ешкімге назар аудармай, көлеңкеге кетуі керек. Ол өзінің рөлін оқушыларға беруі керек. Содан кейін топтар бір-бірін өздері тексереді: түзетеді, қосады, бағалайды. Егер жұмыстар жазбаша болса, онда олар орындалған жұмыстармен алмасып, тексереді. Топтық өзара тексеру мүмкін болуы үшін алдын-ала жұмыс нәтижелерін салыстыруға болатындығына көз жеткізу керек, барлық топтар үшін бір тапсырма болуы керек.

Оқушылардың топтық жұмысының сәттілігі, ең алдымен, мұғалімнің шеберлігіне, олардың назарын әр топ пен әр қатысушы мұғалімнің қамқорлығын, олардың жетістіктеріне, қалыпты жемісті тұлғааралық қатынастарға деген қызығушылығын сезінетіндей етіп бөлу қабілетіне байланысты. Мұғалім өзінің барлық мінез-құлқымен күшті де, әлсіз де оқушылардың жетістіктеріне қызығушылық танытуға, олардың жетістіктеріне деген сенімділікті оятуға, әлсіз оқушыларға құрметпен қарауы міндетті.

Топтар бойынша жұмыстың негізгі мәні – бірсұраққа жауаптар әртүрлі және күтпеген болуы керек. Содан кейін тыңдаушылар өз нұсқаларын көршілермен салыстыруға еріксіз қызығушылық танытады. Сондықтан топтық жұмыстың бір ерекшелігі – тапсырманыңарнайы тұжырымында. Әр топтың басқалардан өзгеше жауаптың өзіндік нұсқасы болған кезде ғана ерекше болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ, 2016 ж. [168-бет;173-бет].
2. Мектептегі практика кезеңінде орындалатын тапсырмалар. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ, 2016 ж. [38; 40-42 б.].
3. Білім беру порталы www.cpm.kz
4. Негізгі деңгей үшін белсенді оқыту және оқыту әдістері [Б. 8;13-14].
5. Білім беру мекемесі басшысының анықтамалығы №12 (96) 2014 ж. [31 бет]

УДК 002.6: 89

СОВРЕМЕННЫЕ ФОРМЫ ОРГАНИЗАЦИИ ГРУППОВОГО ОБУЧЕНИЯ

Ералиева Г. А., Курманбаева Г. Б.

Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, г. Уральск

Аннотация: Учеников начальной школы необходимо вооружить универсальными учебными действиями, которые он может воспроизвести при самостоятельном познании, при решении учебных задач индивидуально и при работе в группе. В рамках урока учитель работает с детьми фронтально, что подтверждает имеющийся опыт традиционного урока. Только многообразие организационных форм обеспечивает рост творческого потенциала, познавательных мотивов, помогает учителю научиться взаимодействовать со сверхспособностями познающей деятельности.

Ключевые слова: групповая, фасилитация, информационные технологии, целостность педагогического процесса, участники, стратегии.

ӘОК 37.035.6

**БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ АТА-АНАЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН КӨТЕРУ
ҚАЖЕТ**

Құсайынов А.Қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Педагогикалық Ғылымдар
Академиясы, Алматы қ.

***Аңдатпа:** Қазіргі уақытта ұрпақ тәрбиесі аса маңызды өмірлік проблема болып отыр және оны шешуге әрқайсымыз жеке және қоғам болып белсенді түрде ат салысуға тиіспіз. Ұрпақ тәрбиесі мәселесіне тереңірек келетін болсақ, тәрбие ана тілінде берілсе сол баланың табиғатына, туғаннан жан-дүиесінде бар құндылықтарына үндесіп, нәтижелі болатынын өмірлік тәжірибе дәлелдеп отыр. Сондықтан да, ұлттық тәрбие мәселесіне барғанда, оның негізінде ұлттық тіл жатқанын қашанда жадымыздан шығармауымыз керек.*

***Кілт сөздер:** тәрбие, бала тәрбиесі, ұрпақ тәрбиесі, ана тілі, патриоттық сезім, тіл құзыреті.*

Соңғы жылдары мені білім беру сапасын көтеру проблемаларымен бірге жастар тәрбиесі де терең ойландыратын болды. Ата-бабаларымыз осынша сайын даланы өз ұрпағына ұлттық рухани тәрбие беріп, елім-жерім деген патриоттық сезімдерді бойларына терең сіңіру арқылы ғана қол жеткізгенін жақсы білеміз. Олар ұрпағының бойына «Ел үшін – жан құрбан, жаным – арымның садақасы» – деген сияқты ұлы сезімдерді ұялата білді.

Ал, біздер, ұрпақтарымыздың бойына қандай сезімдер ұялатып отырмыз? Неге жастарымыз осындай сезімдерден кетіп бара жатыр? – деген ойлар мені көбірек алаңдататын болды.

Бірде мен құрбандыққа шалған бір малды қарттар үйіне апарып беруді ұйғардым. Содан хабарласып, уәделескен уақытта бауырыммен бірге келдім. Егде тартқан аталар мен апаларды көріп, біраз сұхбаттастым. Байқағаным, көпшіліктерінің балалары бар екен. Сөз арасында олар сол балаларының жас кездегі қылықтарын еске алып, немерелерінің келгенін асыға күтетіндерін айтып қалды. Мұны естігенде менің жүрегім қатты сыздады. Кешегі ата-бабаларымыздың заманында қай қазақтың баласы өз әкешелерін бөтен үйге апарып тастаған еді? Тіпті жетімін де жылатпаған ел едік қой?

Күні бүгінге дейін сол бала-немерелерін сағынып отырған әдемі қариялар мен сүйкімді әжелердің бейнесі көз алдымнан кетпейді.

Біраз уақыт өткеннен кейін сол үйдің бас дәрігері телефон шалып, бір жағдайға қатты қаймығып отырғанын айтты. Астанада үлкен қызметте отырған бір жігіт (атын айтпады) телефон соғып, әкесінің осы үйде 2-ші қабатта тұратынын, қазір оған далаға шығу қиындау болып жүргенін айтып, соны 1-ші қабатқа түсіру жөнінде тапсырма беріпті. «Маған ауыстыру қиын, 1-ші қабатта ол кісіден де жасы үлкен адамдар тұрады деп едім, мінез көрсетіп, біраз ауыр сөздер айтып тастады. Сонда бұл кісіге не айтуым керек?» – деді, бас дәрігер. Мен аузыма сөз түспей, «жеткен жеріміз осы болды ма?» – деп, қатты қынжылдым.

Бала дүниеге келгенде, ақ қағаздай тап-таза болып келетінін бәріміз де жақсы білеміз. Содан өмірден көрген, естіген, білген-түйгендері осы ақ қағазға жазылып, содан баланың келешек болмысы қалыптасады. Ғалымдар 3 жасқа келгенше баланың миы 70-80%-ға дейін өсіп, оның жұмыс жасау қабілеті, яғни ми жасушыларының бір-бірімен байланысы түзіледі дейді. Осы кезеңде оның естігендері, көргендері жұмыс жасау қабілеті қалыптаса бастаған ми қыртыстарына жазылып, оның негізі қаланады. Ми

қыртысына көп дүние жазылған бала, өсе келе жақсы компьютер, ал аз дүние жазылған бала, нашар компьютер сияқты жұмыс жасайтын болады. Әлемнің көптеген танымал ғалымдарының жүргізген тәжірибелері осы пайымдаудың шындығын дәлелдеп отыр [1].

Бұдан біз өзімізге қажетті пайымдаулар жасауымыз керек. Бала өмірге келгеннен бастап тек қазақ тілін, қазақ әндері мен күйлерін, қазақ тіліндегі ертегілерді естіп, көріп өсетін болса, ата-анасы да онымен тек қазақ тілінде сөйлесетін болса, онда оның тілі шыққанда, ол қазақ тілінде таза сөйлеп, тіл байлығы жақсы дамып, қазақтың ән-күйлерін ерекше бір сүйіспеншілікпен тыңдайтын болады. Қазақтың ұлттық уызын осылай қаныға ішкен бала, өсе келе, ұлттық рухани-адами қасиеті мол, ақылды әрі мейірімді жан болып өседі.

Мектеп жасына дейін осылай өскен балаға мектепте жақсы тәрбие берілетін болса, онда оның бойында елге деген шынайы патриоттық сезім қалыптасады.

«Коррупция» деген сөзді бәріміз айта-айта әбден жауыр қылдық. Коррупционерлердің бәрінің жақсы тұратынын білгеннен кейін, оны үлкен өнер деп қабылдайтындар да табылып жатыр. Барлық жиындарда ол туралы көсіле сөйлейміз де, үйге келгеннен кейін бала-шағамызға, есебін тауып дүние жинағанымызды жанамалай болса да айтып жатамыз. Оның бәрін бала бойына сіңіріп жатқаны туралы ойланбаймыз да. «Білім саласын да коррупция деңдеді» – деген сөзді де ашық айтатын болдық. Бұдан бала қандай ой түйіп жатыр, ол да бізді мазаламайды.

Біз бұл нәубеттен ары таза, жаны таза, көкірегі ояу, ұлттық сезімі жоғары ұрпақ тәрбиелегенде ғана құтылатын боламыз. Сондықтан отбасында бала тәрбиесіне ерекше мұқият қарауымыз керек.

Балаларымыздың Интернеттен не көретіндерін де үнемі назарда ұстау керек. Онда жас балалардың көңіліне, миына, сана-сезімдеріне кері әсер ететін дүниелер жоқ емес. Біз оны, басқасын айтпағанның өзінде, жастар арасында суицидтің көбею фактілерінен көріп отырмыз. Барлық дамыған елдерде Интернетті қоқыстан тазарту мақсатында көлемді зерттеулер жүргізіліп, Үкіметтік деңгейде нақты шешімдер қабылданып, іске асырылып отыр. Қоғам мен білім саласы мекемелері жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Біз де нәтижелі зерттеулер жүргізіп, қажетті жұмыстар жасауымыз керек [2].

Ұрпақ тәрбиесі мәселесіне тереңірек келетін болсақ, тәрбие ана тілінде берілсе сол баланың табиғатына, туғаннан жан-дүиесінде бар құндылықтарына үндесіп, нәтижелі болатынын өмірлік тәжірибе дәлелдеп отыр. Сондықтан ұлттық тіл мен ұлттық тәрбиені бір-бірінен бөліп қарастыруға болмайды. Олар өте астарлас дүниелер, бірінсіз бірін шешу мүмкін емес. Демек біз ұлттық тәрбие мәселесіне барғанда, оның негізінде ұлттық тіл жатқанын қашанда жадымыздан шығармауымыз керек.

Біраз жылдар бұрын Германияның Кельн қаласында іс-сапарда болдым. Түс кезінде ас ішуге түрік асханасына келе жатқан едім. Алдымда арқаларына оқу сөмкелерін асынған үш кішкене бала келе жатты. Үшеуі әр нәрсені айтып, таза неміс тілінде сөйлесіп келеді. Бір бала қалған екеуімен қоштасып, бұрылып кетті. Сол-ақ екен, қалған екі бала бір-бірімен таза түрік тілінде сөйлесе бастады. Мен мұны бірден байқап, таң тамаша болып, бойымды сол балаларға деген бір ризашылық сезімі биледі. Мен ас ішейін деп келе жатқан асханаға олар да кірді. Байқаймын, сол балалар іштегі түрік азаматтарымен де, бір ауыз неміс тілін араластырмай, таза түрік тілінде сөйлесіп жүр.

Содан жайлап тіл тартып, асхананың иесімен таныстым. Жасы қырықтан асқан, қарапайым түрік азаматы. Аты – Хасан. Жаңағы екі бала осы кісінің балалары екен. Екеуі де осында дүниеге келген. Түркияда бір рет қана болған. Осы жайларды білгеннен кейін, мен Еуропаның ортасында жүріп екеуінің бір-бірімен таза түрік тілінде сөйлескендеріне қатты риза болғанымды айттым. Менің сөзімді Хасан түсініпкіремей: «Сонда екі түрік баласы бір-бірімен қай тілде сөйлесулері керек? Егер олар осы жасынан бастап түрік тілінде сөйлеспесе, кейін қалай болады? Түрік тілін білмеген баланың бойында түрік азаматының қасиеті қалыптаса ма?» – деп, маған қайыра сұрақ қойды.

Мен әңгіменің бұлай бұрылатынын күтпеген едім. Хасанға қатты риза болып, оның ойын толық мақұлдайтынымды айттым. Ол балаларының түрік телеарналарын үзбей көретінін айтты. Оның балары ғана емес, осындағы барлық түрік балалары бір-бірімен тек түрікше сөйлеседі деді. Олар Түрік елін, оның әдет-ғұрыптарын және түрік баласының бойында қандай қасиеттер болу қажеттігін жақсы біледі. Соның көбін олар телехабарлар арқылы түсініп білді деді Хасан.

Бұл жағдай бала тәрбиесіндегі тіл құзыретін айшықтай түседі.

Маған терең ой салған тағы да бір жағдай Түркияда болды. Онда демалыста болатынбыз. Бірде кешкі асты ішіп болғаннан кейін, бір заттарды білмек болып, официант жігітті әңгімеге тарттым. Кішкене еркіндеу сөйлескеннен кейін, жаңағы жігіт өзінің де бір сұрағы бар екенін айтып, соны қоюға рұқсат сұрады. Біздің отбасымыз тегіс тек қазақ тілінде ғана сөйлесіп отырғанымызды байқағанын айтып: «Мен осында бірнеше жыл жұмыс жасаймын. Мұнда қазақтар көп келеді. Сіздерден басқаларының бәрі тек орыс тілінде сөйлеседі. Айтыңыздаршы, олардың ана тілі бар ма, жоқ па? Бар болса, олар неге өз ана тілдерінде сөйлеспейді, білмей ме, әлде менсінбей бе?» – деп сұрады.

Бұл сұраққа жауап беру маған оңай болмады. Мен: «Ата-бабамыз мирас етіп кеткен кең-байтақ жерге тұруға, осы кең-байтақ жердің ұлан-ғайыр кен байлығын еркін иемденуге, сол жерде көсіле өмір сүруге арланбаймыз да, сол ата-баба тілінде сөйлесуге арланатын болғанымыз ба? Әлде, басқа бір себептер, көзге ілінбейтін бір жойқын күш бар ма? Біз, қазақтар, басқа ел адамдарының алдында неге осындай күйге түстік? Еуропаның дәл ортасында жүрген қарапайым түрік азаматтарының бойында, еліне, жеріне, тіліне, діліне деген зор құрмет сезім ұялаған. Ал, егеменді ел болдық, Тіл туралы заң қабылдадық, басқа көптеген іс-шаралар атқарылып жатыр, сонда да сана-сезімімізде неге өзгерістер болмай жатыр? – деген ойлар мені қазір де мазалады.

Бұған не деп жауап беруге болады. Өзімізден басқа кімді кінәләуге болады?! Жоқ, ешкімді де кінәләй алмаймыз, тек өзіміз кінәліміз.

Біз өз зерттеулерімізде оқушылары білім сапасын бағалаудың халықаралық зерттеулері нәтижесі бойынша тұрақты түрде жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келе жатқан жұлдегер-елдерді анықтадық. Сол елдердің білім беру жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ететін факторларды анықтағанымызда, басты факторлар – өздерінің дәстүрлі мәдениетін, дәстүрлі құндылықтары мен бағдарын сақтауға бағытталған білім беру саясатын жүргізіп отырғандығы, шығармашыл, рухани қасиеті мол адам тәрбиелеуі екенін байқадық. Ал бұл елдер, экономикасы да қарқынды дамып отырған бәсекеге қабілетті елдер санатына жатады. Демек, бұл «тәрбие мен білім егіз» – деген түсінікті дәлелдей түседі [2].

Бізден бұрын өткен ата-бабаларымыз «Балаңды бес жасқа дейін патшандай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, он бес жастан асқасын досындай сырлас» – деген. Бұл сөздердің өте терең тәрбиелік маңызы бар. Баланы бес жасқа дейін патшадай күт деген сөз, бес жасқа дейін балаға шынайы мейіріммен, асқан ізеттілікпен, үлкен талғампаздықпен қарым-қатынас жасау қажеттігін, ол бар жерде ешқандай әдепсіздікке жол бермеу керектігін меңзейді. Міне осындай жағдайда баланың психо-физиологиясы дұрыс қалыптасып, ойлау қабілеті дамып, ол мейірімді, адами қасиеті бай азамат болып өсетінін ата-бабаларымыз жақсы білген. Ал бала тәрбиесіндегі ананың атқаратын рөлін жете түсінген халқымыз қыз бала тәрбиесіне ерекше мән берген. «Қыз балаға қырық үйден тыйым!», – деген сөзге ерекше терең мағына берген [3].

Бала ана тілінде еркін сөйлесін десек, туғаннан бастап 3 жасқа дейін мүмкіндігінше ана тіліндегі сөздерді естулеріне жағдай жасауымыз керек. Өзіміз олармен тек ана тілінде сөйлесуіміз керек, қазақ тілінде ертегілер айтып, қазақ әндері мен күйлерін естуіне мүмкіндік жасауымыз керек, оның қазір жолдары көп. Қазақ тілінде, патшамен тілдескендей, салиқалы түрде сөйлесіп, мол мағлұматтар беруіміз керек. Сәби баланың естігенінің бәрі оның ми жасушаларына жазылып, одан кейін оның ақыл-ойының жақсы

дамуына оң әсер ететінін, ол бала ана тілінде таза сөйлейтінін және оның сөз байлығы да мол болатынын түсінуіміз керек.

Жапон елінде 1994 жылы жүргізілген жаппай сұрақ-жауап барысында ата-аналардың шамамен 64% тәрбиелеудегі басты рөл өздеріне тиесілі деп есептейтіндерін растады: ал сауалнамаға қатысқан басқа жауап берушілер, тәрбиелеу түгелімен отбасының ісі болуы тиіс деп жауап берген. Оңтүстік Корея елінің ата-аналарының жауабы да осы көрсеткіштер аясында болды [4].

Елімізде ықылым заманнан бері қалыптасқан ұлттық рухани-бай тәрбие негізі мен Масару Ибука ілімінің үндес екенін анық байқауға болады. Қазақ халқы ежелгі заманнан бері ұрпақ тәрбиесіне ерекше ақылмен, байыппен қараған халық. «Ұл туса – жақсылық, ата-бабаларының жолымен жүрсе – игілік» – деген халқымыз.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесі заман талабына сай жаңа тәсілдерді де қолдануды талап етеді. Ұрпақ тәрбиесі аса маңызды өмірлік проблема болып отыр және оны шешуге әрқайсымыз жеке және қоғам болып белсенді түрде ат салысуға тиіспіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құсайынов А.Қ., Қожахметова К.Ж., Демеуова М.Е. Біз өз балаларымызды білеміз бе? – Алматы: РОНД, - 2003. – 192 бет.
2. Құсайынов А.Қ. Білім және реформа. Мақалалар жинағы. // Реформа и образование. Сборник статей. – Алматы. – ЖІС «ROND&A баспасы», 2006, - 184 бет.
3. Құсайынов А.Қ. Заман талабы. Астана. Елорда, 2001, 264 бет.
4. Құсайынов А.Қ. Салыстырмалы педагогика. Жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарында оқитын студенттеріне арналған оқулық. Алматы – 2011. – 256 б.

УДК 37.035.6

НЕОБХОДИМО НЕСТИ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ РОДИТЕЛЕЙ ЗА ВОСПИТАНИЕ РЕБЕНКА

Кусаинов А. К.

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби. Академия педагогических наук, г. Алматы

Аннотация: В настоящее время воспитание нашего поколения является важнейшей жизненной проблемой, и каждый из нас должен активно участвовать в ее решении как индивидуально, так и в обществе. Поэтому, когда мы подходим к вопросу национального воспитания, мы всегда должны помнить, что в его основе лежит родной язык.

Ключевые слова: воспитание, воспитание детей, воспитание поколения, родной язык, патриотические чувства, компетенция языка.

ӨОЖ 373.24

ҚОЖАХМЕТОВА КЛАРА ЖАНТӨРЕҚЫЗЫНЫҢ ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ОЙЛАРЫ

Әлқожаева Н.С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Аннотация: Мақала ғалым, қазақ этнопедагогикасының негізін қалаушылардың бірі Қожахметова Клара Жантөреевнаға арналған. Сондай-ақ, мақалада оның жастарды тәрбиелеуге қосқан зор үлесі, оның баға жетпес мұрасы және ғалым ретіндегі негізгі ойлары мен пікірлері берілген.

Кілт сөздер: этнопедагогика, ұлттық тәрбие, құндылық, этнопедагогикалық құндылық, поликультура және т.б.

Тәрбие мәселесі, кез-келген уақытта маңызды, тәрбиенің теориялары, заңдылықтары, ұстанымдары, әдістері, құралдары бар. Алайда, тәрбиемен арнайы айналысатын ғалымдар әртүрлі аспектіде қарастырады. Қазақ этнопедагогикасын зерттеген ғалым, профессор – Клара Жантөреқызы Қожахметова этнопедагогикалық тұрғыдан тәрбиелеудің өзіндік әдіснамасын жазды, ұсынды және тәжірибеде дәлелдеді. Өзінің «Қазақ этнопедагогикасы: әдіснамасы, теориясы, практикасы» тақырыбындағы монографиясында халықтық тәрбие өкілдерін қолдап, бала өзінің ұлтының дәстүрімен, рухани, мәдени құндылықтарымен тәрбиеленуі қажет деген пікірін білдірген [1]. Аталған тұжырымдары «Қазақ этнопедагогикасындағы тәрбиенің мақсаты» мақаласында да орын алды. Ол әрбір халық бала тәрбиесінде этнопедагогиканың құралдарын қолдануы қажеттігіне баса назар аударды [2]. Негізінен тәрбиенің мақсаты – жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру, алайда этнопедагогикада ұлттық құндылықтар арқылы жан-жақты дамыған, құндылықтарды бағалай білетін жеке адам, тұлға қалыптастыру. Бір қарағанда аса алшақтық болмағанымен, шындығында терең ой жатыр.

Бала тәрбиесінде ұл бала, қыз бала тәрбиесі деп бөліп қарастырамыз, ұл мен қыздың қоғамда атқаратын ортақ функциялары болғанымен жеке ұлдың ер азамат, қызды болашақ ана ретінде тәрбиелеу қажет екені баршаға мәлім, сондықтан да ерді тәрбиелеймін десең ұлды, елді тәрбиелеймін десең қызды тәрбиеле деген, осы тұрғыдан алғанда Клара Жантөре қызы қыздар тәрбиесіне көп көңіл бөлді [3].

Баланы тәрбиелеуге аса жауапкершілікпен қарау керек сондықтан алдымен оларды танып, зерттеу қажет деген оймен «Біз өз балаларымызды білеміз бе?», деген қоғамда үлкен талқыға түсіп, қолдау тапқан еңбегі бүгінгі күні сұранысқа ие [4].

Этнопедагогикалық құндылықтар, өмірлік құндылықтар ретіндегі сипатқа ие және ол да заман өзгерісіне сай өзгереді. Дегенменде, ұлттың ерекшелігін сақтап, келбетін айшықтайтын этномәдени құндылықтар ұмытылмауы, дәріптелуі тиіс, ол үшін осы тұрғыдағы еңбектерді жастарға таратып, сусындандырғанымыз абзал.

Ғасырдан ғасырға еншілеп келе жатқан қазақ халқының арасында рулық салт-сананың сақталып келгенін олардың әр түрлі туысқандық қарым-қатынастарынан көре аламыз. Ең алдымен, жеті аталық ұстанымға негізделген бұл жол қазақ халқының этнобиологиялық, этномәдени, этнопедагогикалық, этнопсихологиялық ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, этноәлеуметтік ұлттық рухани тұтастығын қамтамасыз етіп отырған. Этнобиологиялық, гендік тұрғыдан, этномәдени - салт дәстүрге негізделген мәдениет, этнопедагогикалық- тәрбиемен байланыстырылып, этнопсихология - ұлттық ішкі жан-дүниемен байлынысын бірге алғанда этноәлеуметтік ұлттық рухани

тұтастықты құрайды деп түсінуге болады.

Ғалым, жеті ата, ру мәселесіне гендік және ғылыми тұрғыдан қарап, халқымыздың тектілік мәселесін сақтау қажеттігіне мән берген, өткені этноәлеуметтік қарым-қатынастарды реттейтін, іске қосып, жүзеге асыратын – этноәлеуметтік және әлеуметтік рөлдер. Олай болса, бала тәрбиесінде ғалымдар ұсынған ата, әже, әке, ана мектептері жандануы тиіс, осы тұрғыда Клара Жантөреқызы көп еңбек етті, бүгінде шәкірттері оны жалғастыруда.

Бала тәрбиесіне қатысты, К. Қожахметова «қазақ отбасындағы этноәлеуметтік рөлдер» мәселесіне тоқталып, халқымыздың сан ғасырлар қалыптасып, тарих талқысынан өткен, салт пен әдет-ғұрып аясында өрбіп, тәрбие шеңберінде дамитын, заман талабымен жаңғырғанымен, қалпын сақтайтын тамаша дәстүрлері бар екенін айтып өтеді.

Ата мен әже педагогикасы арқылы отбасында тәлім алған, өмірлік дағдылары қалыптасқан баланың жан-жақты әлеуметтенгендігі мен әлеуметтік рөлдерге бейімделгендігі адамгершілік сипаттарымен көрініс береді. Бұл бір жағы тәжірибелілік нәтижесі болса, екінші жағынан, тұрақты да ерінбей-жалықпай мейірім арқылы берілген тәрбиенің жемісі. Яғни тәрбиеге ата-әже, әке-ана бірлесе үлес қосуы этнопедагогикалық ұстанымға сүйену болып табылады.

Өзінің «Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика» [5] тақырыптағы оқу құралында балаға жақсы ат қою; денсаулықты сақтауға көңіл бөлу; баланың тілін-ойын дамыту; туысқандық сыйластықты ұғындыру; отбасылық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу; ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрді отбасында қалыптастыру; ұлттық ұғымдарға сүйіспеншілікті үйрету және т.б. мәселелерге мән беру қажет және оны басшылыққа алу керек деген пікірін білдірген.

Шындығына келгенде кез-келген заманда, кез-келген уақытта болсын, адам үшін маңызды, мәнді дүние ретінде қымбат, асқақ сезімдер алға шыққан, бүгінде біз оны құндылық деп білеміз. Құндылық, әсіресе тәуелсіздік алғалы ұлтымыздағы, халқымыздағы, ел-жұртымыз – туған жеріміздегі маңызды, халық кие тұтқан қасиетті жәдігерлер, мәдени мұралар туралы еркін айтып, оның ұрпақ үшін тәрбиелік мәнін философиялық тұрғыдан ұғынып, қарастырып келеміз.

Ұлтқа тән құндылықтар: ұлттың атын жоймай келе жатқан – ұлт өкілдері мен ұлт ұрпағы, бабалардан мирас болған, сан ғасырлық тарихы бар – қасиетті қазақ жері, құлағымызға ана әлдиімен енген ана тіліміз, халқымыздың замана көшінен қалмай, бүгінге сабақтастыра білген – тағылымды тарихы, өмір сүру барысындағы салт-санасы, әдет-ғұрпы – ділі (менталитеті), халқымыздың дара тұлғалары және олардан қалған ескерткіштер, даламыздың жеті қыры, ұлтымыздың біртуар азаматтары қалдырған мәдени мұралар, халық шығармашылығы – ұлттық өнеріміз: қол өнері, музыка, сөз өнері, саз өнері, сәулет, мүсін, сурет т.б. Жоғарыда айтылған құндылықтарды білу және бағалау бүгінгі күні әрбір қоғам мүшесінің борышы деуге болады.

Ғалым, профессор, әріптес Клара Жантөреқызы «жаныңда жүрді жақсы адам», болып өткен шаққа өтті алайда ғалымның хаты өлмес дегендей, артына жақсы мұра қалдырған, шәкірт тәрбиелеген адам ұрпағымен, шәкірттерімен, мұраларымен мың жасайды, оған сенім мол. Әріптес болған, дос болған адамдардың жазбалары осыған дәлел бола алады, мысалы: «достастырған ғылым еді, қоштастырған достық болды...», «Қазақ этнопедагогикасының жарық жұлдызы», «жан шуағы жүзінен байқалатын», «ғалымдық ғибрат және кісілік келбетпен үйлесімді өрбіген өмір», «үлкен жүректі ұстаз», «ғылым жолындағы анамыз», «жадымнан өшпес жарқын жан», «Ақ Жайықтан ұшқан ару», «бақытқа толы өмір», «ғылым көкжиегіндегі алып қыран», «ұлтының тәрбиесін мұра тұтқан» және т.б. Мұндай сөздерді аса құрметпен қараған, бағалаған адамдар айтады. Клара Жантөреқызы- тұғыры биік, ұлттық рухты адам дер едік.

Клара Жантөреқызының сұхбаттары да рухани, этнопедагогикалық бағытта ма деп ойланасың ол әжесінің қызы болғандығын және әкесіне жақындығын үлкен

мақтанышпен айтып, анасының ашықтығын, қонақжайлылығына мән беріп, олардың қамқорлығын көрсете отырып, отбасындағы жылулықты берген. Ата-анасының ұлттық тәрбиені сіңіріп өсіргендігі тұрмыс құрғанда көп көмегінің болғанын да жасырмады, өйткені ғалымның ойында әрбір қыз бала ұлттық тәрбиемен сусындаса, ертең жарын, ата-енесін сыйлайды деген төркінді пікір жатыр. Өзінің сөзімен айтқанда этнопедагогика, ғалым үшін тек ғылым емес, жан дүниесімен байланысқан өмірінің маңызды бөлігі болған. Күнделікті өмірде, отбасында ұлттық құндылықтарды дәріптеп, балаларға ат қойғанда ырымдап, жасы адамдарға, жақсы ат қоюға мән берген. Қазақ халқында бала тәрбиесінде туыстыққа баулу, үлкенді сыйлау, құрметтеуге жақсы мән бергенімен шектеулер көп қояды деп те айтып өткен, шектеудің кейде шегін білмей қаламыз өкінішке орай деген, мұнымен толық келісуге болады.

Мектептегі педагогикалық үдеріс тек жақсы оқу емес, жақсы тәрбие алып, жақсы адам болып қалыптасу керектіген, яғни әл-Фарабидің сөзін үнемі есте ұстағанымыз жөн, деп сұхбатын аяқтаған екен. Бұл тұрғыда, бүгінгі күні әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығы аталып өтіп, «алдымен адамға тәрбие қажет...», деген тұжырымы кілттік сөзге айналғанын айта кету керек. Жалпы тәрбие мәселесін зерттеп жүрген, соның ішінде этнопедагогикалық тұрғыдан қарастырып жүрген ғалымдардың ой-пікірлерінің сабақтастығын зерттеу болашақ ұрпақ үлесінде. Рухани жаңғырудың өзі де кешегі, бүгінгі ғалымдардың еңбектерін зерттеп, қажетті ой-пікірлерді алып, теорияларды толықтырып, қолдану. «Ғалымның хаты өлмейді» демекші, артына рухани байлық қалдырған ұстаздар еңбегімен, шәкірттерімен мәңгі жасайды, оның дәлелі: әл-Фараби, Қорқыт, Баласағұн, Жалайри, Абай, Ыбырай, Шәкәрім т.б.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кожанметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998, - 315 с.
2. Кожанметова К.Ж. Цель воспитания в казахской этнопедагогике. // Этнопедагогика педагогика жизни, 2001, -55 стр.
3. Адамова Қ., Қожанметова К., Сырымбетова Л. Қыздар әліппесі. (оқу бағдарламасы) – Алматы: Екібастұз, 1999. - 36 б.
4. Кусаинов А. К., Кожанметова К. Ж., Демеуова М. Е. Знаем ли мы своих детей? Алматы: РОНД, 2003. 192 с.
5. Қожанметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы, 2000.

УДК 373.24

ОСНОВНЫЕ МЫСЛИ КОЖАХМЕТОВОЙ КЛАРЫ ЖАНТУРЕЕВНЫ О ВОСПИТАНИИ МОЛОДЕЖИ

Алкожаева Н. С.

КазНУ им. Аль-Фараби, г. Алматы

Аннотация: статья посвящена ученому, одному из основателей казахской этнопедагогике Кожанметовой Кларе Жантурсеевне. В статье также представлен его большой вклад в воспитание молодежи, его бесценное наследие и основные мысли и мнения как ученого.

Ключевые слова: этнопедагогика, национальное воспитание, ценность, этнопедагогическая ценность, поликультура и др.

УДК 39:37

ПРОБЛЕМНОЕ ПОЛЕ ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ УСЛОВИЯХ

Петрова Т.Н.

Марийский государственный университет, г. Йошкар-Ола

Аннотация. В статье автором представлено проблемное поле этнопедагогических исследований в контексте современных условий социокультурной и образовательной политики. В ней актуализированы и определены основные положения изучения и дальнейшего развития этнопедагогики как науки на основе конструктивного диалога этнических культур.

Ключевые слова: этнопедагогика, проблемное поле изучения педагогики этносов, этнопедагогизация образования и формирования поликультурной личности.

В контексте полипарадигмального подхода к раскрытию понятия «народная педагогическая культура» существенно расширяется проблемное поле исследований этнопедагогики как науки. При этом четко вырисовывается совокупность социокультурных проблем, связанных с новыми социально-культурными и социально-демографическими условиями массовой и активной миграции населения на планете. Всестороннее комплексное изучение этих проблем позволило нам определить концептуальные идеи развития этнопедагогической науки, которые сконцентрированы в следующих основных положениях.

1. По своему содержанию (духовный опыт, национальные традиции, этническая сущность и т.д.), как указывают исследователи, локальные традиционные культуры этносов обладают общностью – принципиальной равнозначностью и равноценностью для всех этнических культур, которая заслуживает сохранения и гибкой реконструкции в современную образовательно-воспитательную практику. Из этого вытекает первое положение – каждый народ может выступать в качестве самостоятельного субъекта общепланетарного и социального прогресса.

Отмечая историчность и целостность культуры, включая в ее понятие такие факторы «...как религия, наука, образование, нравственные и моральные нормы поведения людей и государства» [9, 349], известный академик Д.С. Лихачев (1906-1999) вполне правомерно и обоснованно определяет всеобщую значимость культуры каждого народа: «... у каждой культуры и у каждого культурного народа есть своя миссия в истории, своя идея» [9, 365]. Именно эти специфические факторы этнокультуры являются предметом особого научного отношения и выбора методологических подходов к их комплексному исследованию.

На этих же идеях основано и мнение российско-американского социолога и культуролога П. А. Сорокина (1889-1968), который к основным факторам формирования личности как представителя определенного этноса и отражающим образ жизни конкретного народа, государства, эпохи, относит так называемые культурные ценности – письменность, художественные и музыкальные произведения, научные открытия, философию устного народного творчества, религию и т.п. [8]. Эти этнокультурные вечные ценности составляют основу этнопедагогики и имеют глобальный общемировой характер (безопасность и здоровый образ жизни, охрана природы, сохранение института семьи (любовь и согласие в семье) и др.) В данном контексте этнопедагогика «служит в качестве пути к созданию взаимовыгодного, со всем уважением и пониманием, сосуществования народов на планете» [2], подчеркивает феноменальность и общечеловеческую значимость педагогики отдельных народов как части мировой цивилизации. Педагогика каждого этноса – это самобытный бесценный источник мудрости всего человечества, ибо «всемирный педагогический процесс есть продукт

взаимопроникновения и взаимообусловленности национальных педагогических наследий» [7].

2. В этом контексте важнейшее значение приобретает очередная научно-исследовательская задача – выявление этнопедагогического потенциала и перспектив позитивного диалога разных культур, установления механизмов налаживания устойчивого взаимодействия между цивилизационными процессами как фундаментальной основы для сотрудничества и взаимопонимания, обмена интеллектуальными, духовными и научно-педагогическими достижениями. Чем выше уровень развития педагогических культур и сообществ, относящихся к различным видам цивилизации, тем прочнее связи и взаимовлияние между ними. В связи с этим в основе методологии этнопедагогических исследований проявляется следующее положение – учет самобытности и своеобразия этнопедагогического потенциала позитивного диалога с разными народами, культурами и цивилизациями.

Определение перспектив позитивного диалога разных культур возможно, на наш взгляд, на основе актуализации и организации междисциплинарных (философских, психологических, филологических, лингвистических и др.) этнопедагогических научных исследований. В целях сохранения и дальнейшего развития воспитательного потенциала необходимо глубокое и разностороннее исследование исторически сложившейся системы этнического воспитания, серьёзное научное осмысление социально-политических, исторических, философских и правовых аспектов его развития на протяжении тысячелетий, сделать доступными и понятными истоки формирования национального облика, объективно оценить кажущиеся на первый взгляд необъяснимые самобытные явления и понятия этнопедагогики.

3. Третье положение связано с главным фактором формирования самобытности этноса – с «психическим строем» (теория Н.Я. Данилевского), т.е. национальным характером, что детерминирует формирование личности как культурно-исторического и социального феномена и субъекта жизнедеятельности этноса.

Современный человек, рассматриваемый в контексте его взаимодействия с природой, культурой и социумом независимо от этнического происхождения сильно изменился. Реально меняются его жизненные формы и предпочтения, ценности, оценки и социальные идеалы. Надо признаться, что на фоне активных модернизационных и миграционных процессов исчезает стабильность ментальных стереотипов, реже проявляется изначальная детерминированность национального характера изменениями способов жизнеобеспечения, культурно-исторических факторов, пространственно-климатических ландшафтов среды обитания. Все это приводит к разрушению традиционных социальных и ряда внутриличностных структур в психике индивидов [1]. В связи с этим обоснование идеи о социогенетической многоплановости в этническом аспекте (этнический стереотип поведения, национальный характер) и поликультурности (социальный характер, усвоение механизмов социализации) личности, форм социотипического поведения в настоящее время становится особенно актуальной и многозначимой. В этом плане этнопедагогика должна исследоваться с позиции социально-научной дисциплины [1]. Это еще одно научное поле этнопедагогических исследований.

4. Следующий ракурс рассмотрения предметно-исследовательской области этнопедагогики предполагает организацию образовательно-воспитательной деятельности по сохранению и функционированию традиционной культуры народов в условиях глобализации, т.е. этнопедагогизацию образовательного процесса на всех уровнях непрерывного образования.

Принципиально важно отметить, что высшее образование еще в глубине своего исторического развития было проникнуто духом межнационального и интернационального сотрудничества. Однако сохранить эту особенность возможно лишь при решении основной и главной задачи – этнопедагогизации

учебно-воспитательного процесса школы и вузов – ориентированность на этнические традиции как в учебном, так и в воспитательном процессе; разработка комплексной образовательно-воспитательной программы, в которой просматривается преемственность начальной, общей и высшей ступени образования в вопросах использования воспитательного потенциала этнических традиций; согласованность и взаимосвязь школьного и семейного воспитания, основанного на традициях народной педагогики и др. Об этом свидетельствует и аналитическое представление накопленного в исследуемой области теоретического и эмпирического материала, осмысление многостороннего и богатого практического опыта гармонизации межнациональных отношений в условиях модернизации образования. Расширение культурно-образовательных и коммуникативных границ общения студентов из разных стран способствует межвузовскому и международному сотрудничеству, позволяет создавать совместные научные проекты, обменные студенческие и преподавательские программы с целью взаимообогащения и сохранения паритетности национальных особенностей традиционной культуры воспитания и обучения детей и молодежи. Модель этнопедагогизации образовательного процесса базируется на интегральном полипарадигмальном подходе в контексте анализа современных социальных явлений.

В рамках этнопедагогизации учебно-воспитательного процесса необходимо: создание учебных пособий, улучшение и совершенствование уже имеющихся учебных книг, в числе которых должны преобладать практико-ориентированные издания этнокультурной направленности; распространение и применение их в учебно-воспитательной работе с учащимися и студентами (лекции, семинары, практикумы, курсовые и дипломные работы; мини-лекции студентов, дискуссии, коллоквиумы, конференции и др.) и т.д. [2, 5,9].

Внедрение этнического компонента в содержание высшего педагогического образования отвечает целям, направленным как на профессиональную подготовку будущего учителя, так и на его личностное развитие: образовательные – усвоение знаний на основе целостного представления о культурно-историческом наследии своей и других этнических общностей, их роли и места в системе общечеловеческих ценностей; воспитательные – воспитание ценностно-ориентированной личности на основе усвоения духовно-нравственного опыта своего и других этносов, аккумулирующегося в культуре, языке, истории; развивающие – развитие у будущих педагогов умений, способствующих трансляции национально-культурных ценностей своего и других этносов посредством содержания общего среднего и дошкольного образования и воспитания [6, 9].

Вывод. Таким образом, философское осмысление современных этнопедагогических особенностей межнационального взаимодействия в условиях активных миграционных процессов и совместного проживания представителей разных этносов на общей поликультурной территории является основанием для расширения проблемного поля этнопедагогических исследований в новых социокультурных условиях. Это позволит сохранять, изучать и систематизировать материалы по историческому опыту воспитания всеми культурно-образовательными способами, будет способствовать становлению и эволюционному развитию локальной педагогической культуры этносов. Поэтому важнейшее значение в современных условиях приобретает проблема выявления этнопедагогических потенциалов и перспектив позитивного диалога культур, установления механизмов налаживания устойчивого взаимодействия между цивилизационными процессами как фундаментальной основы для сотрудничества и взаимопонимания, обмена интеллектуальными, духовными и научно-педагогическими достижениями.

Список литературы:

1. Афанасьев И. Н. Этнопсихологические аспекты воспитания и развития личности (на примере чувашского этноса). – Чебоксары : АТОЛЛ, 2000. – 146 с.
2. Винокурова У.А. Этнопедагогика любви и национального спасения (коллективная монография под ред. У.А. Винокуровой) – Якутск: «Медиа-холдинг Якутия», 2017. – п.л. 30. 480 с.
3. Гумилев Л. Н. История людей и история природы. – М. : Издат-во, 1993. – 466 с.
4. Лихачев Д. С. Избранные труды по русской и мировой культуре. – СПб. : СПбГУП, 2006. – 365 с.
5. Петрова Т. Н., Мухтарова Ш. М. Формирование этнического компонента в содержании высшего педагогического образования: теория и практика // Вестник Чувашского государственного педагогического университета им. И. Я. Яковлева. – 2015. – № 3(87). – С. 170–176.
6. Petrova T.N. Social and Educational Effects (Dominants) in Schoolchildren' Ethnocultural Education (Социальные и образовательные эффекты (доминанты) в этнокультурном образовании школьников) / L.V. Kuznetsova, T.N. Petrova, V.N. Ivanov, G.G. Tenyukova, I.V. Kozhanov, N.S. Morova, S.P. Yakovlev // Mediterranean Journal of Social Sciences. . (Средиземноморский журнал социальных наук) – 2015. – Vol. 6. – N 2, s. 3. – P. 77–83.
7. Петрова Т. Н. Цивилизационный подход к изучению исторической этнопедагогике: сущностно-содержательная характеристика // Вестник Чувашского государственного педагогического университета им. И. Я. Яковлева. – 2011. – № 4(72). – Ч. 2. – С. 127–131.
8. Сорокин П. А. Социальная мобильность. Пер. с англ. М. В. Соколовой. – М. : Academia, LVS, 2005. – 340 с.
9. Федорова С.Н., Петрова Т.Н. Эффективные механизмы инновационного развития этнокультурного образования детей на различных ступенях системы образования. // Вестник Чувашского государственного педагогического университета им. И.Я. Яковлева, № 1 (101,) 2019, с. 222-232.

ӘОЖ 39:37

ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ЖАҒДАЙДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ПРОБЛЕМАЛЫҚ САЛАСЫ

Петрова Т. Н.

Марийск мемлекеттік университеті, Йошкар-Ола қ.

Аңдатпа: Мақалада автор әлеуметтік-мәдени және білім беру саясатының қазіргі жағдайлары контекстіндегі этнопедагогикалық зерттеулердің проблемалық өрісін ұсынады. Онда этнопедагогиканы этностық мәдениеттер арасындағы сындарлы диалог негізінде ғылым ретінде зерделеу мен одан әрі дамытудың негізгі ережелері өзектендіріліп, айқындалды.

Кілт сөздер: этнопедагогика, этнос педагогикасын зерттеудің проблемалық саласы, білім беруді этнопедагогикаландыру және көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру.

УДК 614.8.084

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ СЕМЬИ И ШКОЛЫ В ФОРМИРОВАНИИ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ ДЕТЕЙ

Джанзакова Ш.И., Тяп Т.

Атырауский университет им. Х.Досмухамедова, г. Атырау

Аннотация: Современное состояние общества и темпы его развития предъявляет все более высокие требования к человеку и его здоровью.

Здоровье для человека самая главная ценность. К сожалению, мы начинаем говорить о здоровье лишь тогда, когда мы его теряем. Здоровый образ жизни предполагает включение в повседневную жизнь правил, выполнение которых направлено на сохранение и укрепление здоровья отдельного человека, его семьи, окружающих его людей. В статье рассматривается взаимодействие семьи и школы в формирование здорового образа жизни детей.

Ключевые слова: здоровый образ жизни, здоровье.

Работа по оздоровлению населения является важной задачей нашего государства. Развитие здорового образа жизни как условие и фактор социально-экономического укрепления общества и благосостояния граждан – одна из приоритетных задач нашего государства, часть государственной политики. В Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева, где определена долгосрочная стратегия развития Казахстана до 2030 года, подчеркивается: «Важнейший фактор, влияющий на здоровье населения страны – это шаги государства по предотвращению заболеваний, с одной стороны, и стимулирование здорового образа жизни с другой». А это в свою очередь предполагает целенаправленную работу многих структур, в том числе образовательных.

Формирование и укрепление здоровья человека является первостепенной задачей в системе образования. Целостный учебно – воспитательный процесс, не основанный на приоритете здоровья обучаемых, не эффективен. Тем не менее, большая часть педагогов не владеет совокупностью научных знаний о формировании, сохранении и укреплении здоровья учащихся, что не позволяет осуществлять педагогический процесс на здоровье сохраняющих принципах. Большое значение проблемам здоровья подрастающего поколения придавались в рассуждениях, дидактических установках и трудах педагогов мыслителей прошлого и настоящего: аль-Фараби, А.Кунанбаева, Ы.Алтынсарина, М.Жумабаева, А.Байтурсынова, Х.Досмухамедова и др.

В современных условиях значительно возрастает роль семьи и школы в формировании всесторонне развитой личности, сохранении и укреплении здоровья детей. Семья и школа должны создать благоприятные условия для сохранения и укрепления физического, психического здоровья детей и формирования здорового образа жизни. Семья, школа и общественность - главные социальные институты, отвечающие за воспитание и обучение детей и подростков. Они играют ведущую роль в становлении и развитии личности детей, формировании здорового образа жизни, сохранении и укреплении его здоровья. В условиях семьи и школы следует организовать совместную просветительную и оздоровительную работу, направленную на формирование здорового образа жизни, укрепление здоровья и предупреждение заболеваемости детей.

Учитывая, что особенно уязвимым и опасным для заболевания детей является младший школьный возраст, возрастает необходимость в обосновании и осуществлении валеологической работы с младшими школьниками.

Проблема формирования здорового образа жизни рассматривается в социологических, медицинских и педагогических исследованиях. Интенсивно разрабатываются содержание данного понятия, его критерии и показатели Н.А. Амосовым, И.И. Брехман, Э.П.Вайнер, И.В.Бестужевым-Лада, А.П. Бутенко, С.И. Горчак, Д.И. Изуткиным, А.В. Мартыненко, Н.П.Лисициным, А.Д. Степановым, В.П. Алферов, Г.И. Царегородцевым и др. Многие ученые начали активно работать в разных направлениях. Педагогическая валеология освещена в трудах В.П. Петленко. В.В. Колбанова, Л.Г. Татарниковой.

В нашей Республике этой проблеме посвящены многие работы, где рассмотрены преимущественно отдельные компоненты здорового образа жизни. Так, например, изучение проблемы становления и развития валеологии отражены в работах А.С. Имангалиева, (« Развитие идей валеологии и физического воспитания детей в казахской этнопедагогике», « Педагогическая валеология»), Т.К. Мустафиной, Г.Д. Алимжановой, А.А. Адылханова, З.Брусенко, Н.Т. Торманова, исследованием научных основ формирования здорового образа жизни у населения занимались Х.К. Сатпаева, М.А. Камалиев, Л.З. Тель; медико-социальными аспектами концепции системного подхода и методами укрепления здоровья, формирования здорового образа жизни – А.А. Аканов, К.С. Акишев, К.Е. Кушербаев, К.А. Тулебаев, вопросами обоснования и перспективы научного сопровождения пропаганды здорового образа жизни в аспекте физического и гигиенического воспитания детей, подростков и родителей занимались К.И. Адамбеков, Г.Д. Алимжанова, Г.С. Акиева.

Здоровый образ жизни (ЗОЖ) – это система поведения человека в процессе его жизнедеятельности, которая способствует обеспечению его безопасности и благополучной жизни. Соблюдение ЗОЖ – важный компонент в укреплении здоровья детей. И тут, необходимо развить ценностное отношение к здоровому образу жизни, формировать условия его укрепления. Поэтому главной целью семьи и школы, является создание у детей осознанного отношения к своему здоровью как главной ценности, данной им природой.

С целью информирования о проблеме актуализации ЗОЖ необходимо проведение консультаций, бесед, и конференций, как для педагогов, так и для родителей детей. Различные спортивные онлайн-марафоны с участием кумиров детей являются несомненным стимулом к действию, который также будет способствовать формированию ценностного отношения к ЗОЖ.

Формирование осознанного отношения к здоровому образу жизни у подрастающего поколения является важнейшей задачей общества. Необходимо стимулировать их к укреплению, сохранению своего здоровья, пропагандировать ЗОЖ, как стиль жизни, что приведет к увеличению массы, придерживающейся правильного образа жизни.

Одной из главных причин ухудшения состояния здоровья и повышения заболеваемости детей является учебная перегрузка и гиподинамия. Следует особо отметить, что учебный процесс современной начальной школы в большей мере ориентирован на развитие интеллектуальных способностей, отодвигая заботу о сохранении и укреплении физического и психического здоровья школьников. Психическое здоровье важно никак не меньше здоровья физического – психически здоровый и психически стабильный человек найдет силы справиться с любой болезнью, с любой проблемой. Основой психического здоровья школьника является благоприятная обстановка в семье, где все любят и уважают друг друга, где вместе обсуждают сложные вопросы и вместе (с учетом возможностей и опыта каждого) принимают решения, где готовы принять и простить оступившегося и провинившегося.

Чрезмерно напряженная учебная деятельность школьника с применением авторских вариативных программ повышенной трудности в инновационных образовательных учреждениях (школах-гимназиях, лицеях), стремление учителей

начальных классов к быстрым учебным достижениям приводят к негативным последствиям. По этой причине заболеваемость учащихся, обучающихся в школах-гимназиях, лицеях и в классах с углубленным изучением математики, иностранных языков, в два раза выше, чем в общеобразовательных школах.

Одной из важнейших задач современной начальной школы является формирование здоровьесберегающих компетенций детей в условиях 12-летнего образования. Формировать здоровьесберегающие компетенции, воспитать ответственное отношение детей к своему здоровью обязаны не только педагоги, но и родители. В решении этих оздоровительных задач особое значение имеет целенаправленно организованная просветительная и физкультурно-оздоровительная работа с активным участием родителей, учителей начальных классов и медицинских работников.

Рекомендация для родителей, соблюдение которых поможет сохранить и укрепить здоровье ребенка:

Родители должны соблюдать режим дня детей.

1) Родители должны приучать ребенка просыпаться и засыпать, кушать, гулять, играть в одно и то же время.

2) Родители должны уделять особое внимание полноценному сну (своевременное засыпание - не позднее 21.00-22.00, минимальная длительность сна 9- 10 часов.

3) Рекомендуется регламентировать просмотр телепередач как по времени, так и по содержанию.

Все это вселяет чувство безопасности, уверенности и устойчивости. Это учит ребенка распределять и сохранять физические и психические силы в течение дня, делает его более спокойным и позитивным.

Рекомендуется регламентировать нагрузки

1) Важно регламентировать как физические нагрузки, так и эмоциональные и интеллектуальные. Другими словами, жить под девизом «Делу время – потехе час».

2) Родителям нужно внимательно следить за поведением своего ребенка. При этом нужно ориентироваться на его состояние. Потеря внимания, капризы, истерики, отказ от деятельности, расторможенность являются сигналом перегрузок. При первых признаках этих проявлений следует прекратить или снизить интенсивность деятельности или общения. При первой же возможности дать ребенку отдохнуть. Лучший отдых – двигательная активность на свежем воздухе

Двигательная активность

1) Движение – это естественное состояние ребенка. Задача родителей – создать условия для двигательной активности ребенка. Лучшая среда для этого - детская площадка, парк, так как они сочетают два важных условия для двигательной активности – пространство и свежий воздух.

2) Нужно чтобы ребенок как можно больше гулял, играл в подвижные игры, бегал, прыгал.

Физическая культура

1) Систематические занятия физкультурой очень полезны для здоровья. Они укрепляют не только физическое здоровье, но и психику ребенка, позитивно влияют на его характер, способствуют развитию волевых качеств, уверенности в себе, ответственности, умения дружить.

2) Видов физической культуры очень много: утренняя гимнастика, физкультминутки, дыхательная гимнастика, гимнастика для глаз и др. И, конечно, спортивные секции – виды спорта, которые нравятся ребенку. Главное, чтобы выбранный вид физической культуры нравился ребенку, чтобы он занимался этим с удовольствием.

В ребенке может укорениться лишь то, что сформировано в семье, а значит, основой успеха является личный пример авторитетного для ребенка взрослого – родителя.

Теплый, доброжелательный психологический климат в семье

1) Обстановка, в которой воспитывается ребенок, психологический климат в семье имеют огромное влияние на состояние физического и психического здоровья ребенка. В комфортной ситуации развитие ребенка идет быстрее и гармоничнее. Он впитывает в себя все позитивное, что его окружает. И это делает его сильным, счастливым и уверенным в себе человеком.

2) И, наоборот, если ребенок растет в неблагоприятной среде, где присутствуют агрессия, раздражение, злость, тревога, страх, он заражается этими негативными эмоциями и чувствами, что приводит к расстройствам его здоровья и, следовательно, к задержке в развитии.

Питание:

1) Детям для полноценного роста и развития необходимо рациональное питание. В организации питания ребенка следует придерживаться простых, но очень важных правил.

2) Питание должно быть по режиму (выработать у ребенка привычку есть в строго отведенные часы).

3) Включать в рацион питания ребенка богатые витаминами и минеральными веществами продукты.

4) Важно, чтобы питание было хорошо сбалансировано: в пище должно быть достаточное количество белков, жиров и углеводов.

Здоровый образ жизни не занимает пока первое место в иерархии потребностей и ценностей человека в нашем обществе. Но если родители будут личным примером демонстрировать здоровый образ жизни, то только в этом случае дети будут более здоровыми и развитыми не только личностно, интеллектуально, духовно, но и физически.

Поэтому формировать здоровьесберегающие компетенции необходимо начинать в детском возрасте. При активном взаимодействии семьи и школы повышается эффективность физкультурно-оздоровительной работы, направленной на формирование здоровьесберегающих компетенций у школьников. Конечно, важную роль в процессе воспитания в детях здорового образа жизни играют образовательные учреждения, прививающие привычку к принципам ЗОЖ. Но в то же время, в этом формировании главную роль играет желание самого ребенка самосовершенствоваться и укреплять свой организм.

Подводя итоги, можно сказать, что формирование ценностного отношения у детей к своему здоровью играет очень важную роль в жизни каждого из них, так как здоровье является главным фактором жизни людей. Научить детей быть здоровыми душой и телом, стремиться творить своё здоровье, применяя знания и умения в согласии с законами природы, законами бытия.

Список литературы

1. Савельева Т.А. Формирование здорового образа жизни у школьников в учебном процессе. – Белгород: Изд-во БелГУ. – 2010. – С. 309-315
2. Здоровьесберегающая деятельность школы в учебно-воспитательном процессе: проблемы и пути их решения // Школа. – 2005. – № 3. – С. 52-87.
3. Смирнов Н.К. Здоровьесберегающие образовательные технологии в современной школе. М.: АПК ПРО. 2002.
4. А. Утешкалиева « Формирование здорового образа жизни младших школьников» кандидатская диссертация . стр 4-5

ӘОЖ 614.8.084

БАЛАЛАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ

Жанзақова Ш. И., Тянь Т.

Атырау университеті. Х. Досмұхамедов, Атырау қаласы

Аңдатпа: қоғамның қазіргі жағдайы және оның даму қарқыны адамға және оның денсаулығына жоғары талаптар қояды. Адам денсаулығы-ең басты құндылық. Өкінішке орай, біз денсаулық туралы оны жоғалтқан кезде ғана айта бастаймыз. Салауатты өмір салты күнделікті өмірге жеке адамның, оның отбасының, айналасындағы адамдардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған ережелерді енгізуді қамтиды. Мақалада балалардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы отбасы мен мектептің өзара әрекеті қарастырылады.

Кілт сөздер: салауатты өмір салты, денсаулық.

УДК 37.01:39

ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ В ВУЗЕ

Мағауова А.С.

Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби, г.Алматы

Аннотация: В данной статье раскрываются актуальные проблемы совершенствования этнопедагогической подготовки специалистов в университете. Автор обосновывает необходимость подготовки будущих учителей к использованию прогрессивных традиций народной педагогики в современном образовательном процессе; роль авторского курса «Этнопедагогика» в вузе и учебном заведении.

Ключевые слова: этнопедагогика, традиции народной педагогики, этнокультурное образование, этнопедагогическая подготовка, целостный педагогический процесс.

Интеграция Казахстана в мировое образовательное пространство в условиях глобализации, решение стратегических задач модернизации казахстанского образования в новых экономических, геополитических и социокультурных реалиях требуют его реформирования и серьезных изменений в подготовке будущих специалистов, поэтому важнейшей задачей современной педагогической науки является постоянный поиск путей и средств совершенствования системы образования в соответствии с национальными, экономическими и духовно-культурными потребностями развивающегося общества.

В «Концепции развития образования Республики Казахстан», развивающей основные принципы образовательной политики Казахстана, отмечалось, что развитие казахстанской системы образования происходит в условиях прежней методологии образования, структуры и содержания, которые недостаточны для поэтапного её вхождения в мировое образовательное пространство, проявляется явное отставание образовательной системы от потребностей рыночной экономики и открытого гражданского общества [1].

Среди основных причин отставания системы образования авторами Концепции указывается «...недостаточная эффективность механизмов формирования у подрастающего поколения этнокультурной и гражданской идентичности, основанной на знании истории государства, государственного языка, национальных культурных ценностей народов Казахстана», поэтому выдвигается ряд задач, касающихся:

- совершенствования законодательной, нормативной, правовой базы функционирования казахстанской модели образования на основе дальнейшей демократизации и участия общества в управлении образованием;
- интеграции в мировое образовательное пространство;
- развития образования с учетом исторических, национальных, демографических, географических, экономических и культурных особенностей Казахстана.

Keywords: programming, software development, agile method, agile development methodology, manifest method.

ТАРИХ

УДК 94 (574)

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА В 1930-1940 ГОДЫ

Абдрахманова Р.Л. E-mail: r.l.abdrahmanova@mail.ru

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет,
Казахстан, г.Уральск

Аннотация: В данной статье рассматриваются учебные заведения Казахстана, в том числе и ее Западного региона, в предвоенные годы и в годы Великой Отечественной войны развивались под жестким контролем административно-командной системы. Отрицательное влияние на подготовку кадров и развитие народного образования в тот период оказал культ личности Сталина, пагубные последствия которого в этой области выражались в том, что необоснованным репрессиям подвергались отдельные деятели народного образования.

Ключевые слова: КазНаркомПрос, педагогических кадров, учителей, первая казахская школа, общественный и государственный деятель.

Учебные заведения Казахстана, в том числе и ее Западного региона, в предвоенные годы и в годы Великой Отечественной войны развивались под жестким контролем административно-командной системы. Ставятся препоны для развития национальных школ, углубляя лишь принципы единой советской школы.

Но главной проблемой в организации учебного процесса в эти годы являлось обеспечение школ педагогическими кадрами.

Выпускники высших и средних педагогических учебных заведений еще не покрывали нехватку в учителях. По этой причине КазНаркомПрос продолжал подготовку учителей на краткосрочных курсах.

На 1937 год был принят большой план курсовых мероприятий по подготовке и переподготовке кадров, главный упор был сделан на подготовку учителей предметников.

Отрицательное влияние на подготовку кадров и развитие народного образования в тот период оказал культ личности Сталина, пагубные последствия которого в этой области выражались в том, что необоснованным репрессиям подвергались отдельные деятели народного образования. Одной из причин недостатка педагогических кадров было и отстранение их от учительской работы.

Так, согласно постановлению ЦК ВКП(б) и СНК СССР и ЦК КП(б) Казахстана от 10 июня 1936года «О порядке введения персональных званий учителей и проведении аттестации учителей», во всех областях были созданы комиссии по аттестации учителей всех типов общеобразовательных школ. В ходе аттестации были отстранены от учительской работы, так называемые «классово-чуждые и враждебные элементы». Среди них дети религиозных деятелей, ханов, военных генералов, алашординцы и другие. Всего по области подлежало прохождению аттестацию 1749 учителей, аттестовано 1539 учителей. Решением аттестационной комиссии отстранено от учительской работы 176 человек. Среди них по Мангистаускому району 5 учителей, Танкибаев-алашордынец, Немидова-дочь генерала, Исмагамбетов-алашордынец-юнкер, Пикина-дочь попа. По Западно-Казахстанской области Джазыкбаев М.- мулла и алашординский офицер, Букин- член правительства Алаш-Орды, Т. Имангазиев - алашордынец, учителя Макарим и Муслим Жазыкбаевы, С. Боканов, М. Бармакбаев, Г. Омаров, Х. Ишанов и многие другие [1, с. 14].

Примечательна в этом плане участь нашего земляка безвинно репрессированного в 1937/1938 годы, выпускника Оренбургско-киргизской учительской семинарии, народного учителя, посвятившего свою жизнь делу просвещения своего Отечества, Толегена Имангазиева. Все страницы биографии Толегена Имангазиева являются свидетельствами честного служения делу народного образования. Т. Имангазиев родился 16 марта 1874 года в Уральской области Лбищенском уезде в ауле №2 Калдыгайтинской волости. В 1887 году закончил Есболовскую (Индерскую) двухклассную волостную школу Гурьевского уезда. 14 мая 1888 году в возрасте 14 лет поступил в Уральское двухклассное русско-киргизское училище, и закончил его в 1890 году. В этом же 1890 году 10 июня за счет государственного бюджета поступил в Орскую (Оренбургскую) учительскую семинарию, а 13 мая 1894 года окончил его и получил диплом народного учителя I степени. Затем, согласно приказу за №2712 от 24 июня 1894 года Оренбургского учебного округа, был направлен на работу учителем Аулиекольской волостной школы Тургайской области, где проработал до 9 августа 1895 года. А с 11 августа 1895 года был утвержден вторым по счету учителем Карачаганакской волостной русско-киргизской школы. С 1 августа 1896 года, был переведен учителем Алшынбайской аульной школы Тургайской области. Во исполнение приказа № 4676 от 11 ноября 1896 впоследствии стал работать учителем киргизского языка начального училища Оренбургской киргизской учительской семинарии. Там проработал он до 24 августа 1904 года. В октябре же 1904 года по семейным обстоятельствам уволился и вернулся в родные края. В этом же году был избран управителем волости Соналы. Т.Имангазиев, как яркий представитель национальной интеллигенции, выразитель интересов своего народа, был избран и делегатом съезда Алашордынцев, который проходил в феврале 1918 года в Джамбейтинском (Каратобинском) районе Западно-Казахстанской области. Но, данная страничка его биографии, сыграла для него в последствии роковую роль.

До 1929 года Т. Имангазиев работал в системе сельского хозяйства. С 20 декабря 1929 года продолжил учительскую деятельность в бывшем Джамбейтинском, ныне Каратобинском районе.

В 1938 года, когда Т. Имангазиев работал учителем Жаксыбайской средней школы, по ст.58, 58-2 УК РСФСР 14 февраля ему было предъявлено обвинение «врага народа», и он по решению суда был арестован, а ночью 15 числа был расстрелян. Тоталитарная система жестоко расправлялась с совершенно безвинными людьми. Впоследствии решением Президиума областного суда Западно-Казахстанской области 21 сентября 1961 года Т.Имангазиев был реабилитирован. В данное время архивные данные об Т. Имангазиеве хранятся в ЦГА РК в фонде-95, опись-1, дело-212, лл.-15,42-46,48,50 [2, с. 28-29].

Такими жесткими были меры большевистского режима. Время доказало, что данный слой интеллигенции честно служил своему делу, своему Отечеству. Меры государства по отстранению от учительской работы, естественно, отрицательно сказались на системе образования данного исторического периода.

В предвоенные 30-е годы на территории Западного Казахстана в городе Уральске была открыта и первая казахская школа семилетка. Первая казахская школа города Уральска связана с именем известного общественного и государственного деятеля, писателем и акыном Сакеном Сейфуллиным.

В 1933-1934 учебном году школа выпустила своих первых выпускников, которые окончив семь классов, получили путевку в жизнь, их было всего десять.

В 1936 году школа была одной из первых трех средних школ Казахстана. Директорами школы были такие известные деятели как: Косанов, Кожекеев, Акмурзин, отдавшие всю свою энергию и силы для воспитания и образования казахских детей. В 1937 году школа впервые выпускает группу учеников, окончивших 10 классов и

получивших первое среднее образование. Они стали вторым школьным выпуском казахской школы.

В 1939 году Уральский городской совет рассмотрел вопрос о строительстве специального общежития для 100 детей казахской школы.

В 1938/1939 учебном году, в школе уже работали наставники, учителя, обладающие большим багажом знаний, о чем свидетельствуют факты и воспоминания современников. Вот о чем вспоминал кандидат исторических наук, доцент Уральского педагогического института, имевший большой стаж преподавательской деятельности Зейнулла Амангалиев: «В моей памяти навсегда остался незабываемый образ Каратаева Гали, заведующего учебными отделом, как образованного человека, который мог не только преподнести свой урок на высоком уровне, но и обладал особым авторитетом человека, умеющего установить дисциплину среди учащихся. В своей жизни я больше не встречал такого воспитателя, учителя, который оказывал такое огромное воздействие на учащихся своим трезвым рассуждением. Также очень глубокие знания давали Кайыржанов Гафар по физике, Нуржигитов по математике. Среди учащихся получило распространение следующая поговорка «Кайыржанов как начерченный круг, а Нуржигитов – голова, заполненная примерами». По географии вел занятия И.Ф. Левшин, который помимо этого хорошо обучал русскому языку. Также им был открыт шахматный кружок, и он неустанно учил всех секретам и тонкостям шахматной игры. В то время в школе не было ни одного ученика, который не умел бы играть в шахматы. Свидетельством тому служило то, что ученик данной школы Мырзагалиев Шамшиден в 1938, 1939, 1940 годы стал трехкратным чемпионом Республики по шахматам».

Третьим выпуском школы были учащиеся, которые впоследствии стали ветеранами Великой Отечественной войны, а затем долгие годы, трудившиеся на службе у партии и советов. Таукин Рамазан в своих воспоминаниях об этом пишет следующее: «Ш. Мырзагалиев признанный трехкратный чемпион, окончив школу с отличием, пал смертью храбрых, в Великой Отечественной войне. Сегодня шахматный клуб города Уральска носит имя Шамшидена Мырзагалиева. Вместе с ним также учился Аюпов Турмухан, который помимо того, что хорошо учился, занял второе место в 1939 году в Республиканских состязаниях по шашкам, а Мергалиев Какмаш в те годы занял второе место в Республиканском состязании в игре «тогыз кумалак».

Все вышеуказанные факты свидетельствуют о том, что в те годы казахские дети в данной школе, помимо образования получали и всестороннее воспитание.

Таким образом, данная казахская школа сыграла важную роль в развитии системы народного образования Западного Казахстана. Многие из учеников, после окончания девяти классов, получив среднее образование, стали приносить пользу своему государству, своей Родине [3, с.1-4].

В целях реализации решений правительства и исполнительных органов о завершении ликвидации неграмотности провели следующую работу: с 1 января и по 5 мая 1940 года послано 36 человек из областного партийного и советского актива для оказания практической помощи районам в организации работы по ликвидации неграмотности. Такая же работа проводилась в районах. Вопрос о ликвидации неграмотности обсуждался на заседаниях и сессиях исполкомов районных комитетов. Уточнялось количество неграмотных и малограмотных. Заключены договоры между районами, аулсоветами, школами, учителями, культармейцами. Обращение о ликвидации неграмотности обсуждалось на общих собраниях колхозов, совхозов МТС и предприятий.

Все эти проведенные мероприятия и массово-разъяснительная работа обеспечили улучшение в деле ликвидации неграмотности и малограмотности.

Если за весь 1939 год обучено всего 2923 неграмотных и малограмотных 5280, то за 6 месяцев 1940 года обучено 5263 неграмотных и 6609 малограмотных.

Неплохо было развернуто социалистическое соревнование за завершение ликвидации неграмотности в установленный срок в Джамбейтинском районе. В этом районе завершили ликвидацию неграмотности 18 колхозов, 3 аулсовета и 1 МТС. Можно привести целый ряд прекрасных образцов работы культармейцев. Так, например, культармеец Г.Тлеуов за 4 месяца обучил в колхозе «Социализм» 10 неграмотных и 14 малограмотных. В Чингирлауском районе завершили неграмотность 8 аульных Советов из 17. К этим всем аульным Советам прикреплены 21 человек из райактива, которые оказывали помощь в работе школам и в индивидуальном обучении неграмотных и малограмотных. Практиковался созыв методических совещаний учителей. Огромную помощь школам, культармейцам оказывали созданные при Советах школьные комиссии. Хорошо развернула работу школьная комиссия при Кушумском сельском Совете Зеленовского района. Комиссия работала по плану. Под руководством председателя школьной комиссии депутата Кушумского сельсовета учительницы, комсомолки Е.М.Уткиной, обучено 17 человек, из неграмотности в малограмотность – 30 человек. На основе разъяснительной работы педагогического института, техникумов, учащихся старших классов педучилища, отъезжающих на каникулы, было мобилизовано 250 человек в районы, колхозы, совхозы и 250 человек по г.Уральску для работы по ликвидации неграмотности. Большинство студентов взяло на себя обязательство – во время каникул обучить грамоте 3-4 человека. В деле ликвидации неграмотности и малограмотности была оказана активная помощь со стороны избы-читальни. Рост сети изб-читален по области характеризуется следующими цифрами: если в 1932 году их насчитывалось 111, в 1940 году – 204. При них организовано 719 кружков, проведено 7909 занятий. Были такие типы кружков: общеобразовательных – 141, политических – 183, атеистических – 139, оборонно-физкультурных – 256. В 1940 году было проведено лекций, докладов, громких чтот и бесед по следующим вопросам: текущей политики – 5743; оборонно-физкультурных – 1895 и общеобразовательных – 4121. В этих избах-читальнях имелось 57 патефонов. Организовывалось коллективное прослушивание патефонов 2636 раз, в них участвовало 39496 человек [4, с. 120-122].

В 1938 году в Уральском пединституте была создана военно-физкультурная кафедра с преподавателями военного дела В.В. Волковым, П.К. Ермоленко, Я.С. Красновым и физвоспитания Н.И.Рогачевым, Е.Г.Зайцевым, А.А.Чечиным, А.И.Карповой (1939 году). Начальником кафедры был утвержден коммунист со времен гражданской войны, капитан П.И.Гусак. С его приходом заметно изменился стиль работы, почувствовалась военная подтянутость, повысилась требовательность в проведении учебных занятий по военному делу, широко развернулась военно-патриотическая работа. П.И. Гусаком был создан студенческий стрелковый батальон, переформированный затем в осовахимовский отряд в составе двух команд и двух спецгрупп минометчиков и радистов, насчитывающих 122 человека. Будучи его командиром, П.И. Гусак еженедельно проводил занятия, был командиром команды военруков школ города, начальником по подготовке медсестер запаса РККА, вел занятия в двух группах, по подготовке преподавателей и служащих института к сдаче норм на значок «Ворошиловский стрелок». Кроме того, он вел пропагандистскую работу, как внештатный лектор обкома и горкома партии, был избран членом партбюро института.

Уже в 1939 году состоялся выпуск первой группы парашютистов в составе 21 человека. В их числе был студент А. Беда. После окончания учительского института и Уральского аэроклуба, он поступил в Оренбургское военное авиационное училище. За мужество и отвагу, проявленные в боях с врагом в годы Великой Отечественной войны, А. Беда был дважды удостоен звания Героя Советского Союза.

К началу 1941 года военным специальностям было обучено 177 студентов и 40 преподавателей и служащих. Сдали нормы на оборонные значки «Ворошиловский стрелок», «Готов к ПВХО», «ГСО», «ГТО» 1021 человек, причем многие из них имели по 2-3 значка. Вместе с тем, накануне Великой Отечественной войны на четырех

факультетах - историческом, филологическом, географическом, физико-математическом и естествознания, почти в 12 раз увеличилось число студентов (с 83-х до 954). На 18 кафедрах почти в 8 раз выросло число преподавателей (с 11 до 83), из них 1 профессор, 6 кандидатов наук, доцентов и 7 заканчивающих кандидатские диссертации. В институте успешно работали заочный сектор, 2-х годовичные курсы иностранного языка, вечернее и дневное отделения педрабфака. Библиотека насчитывала более 80 тысяч томов и была одной из крупнейших в Казахстане. Работали читальный зал, кинотеатр, радиоузел, столовая, два общежития, восемь домов для преподавателей, детсад, амбулатория, прачечная, парикмахерская, две оранжереи, учебно-опытное поле. Созданное с помощью студентов и преподавателей подсобное хозяйство обеспечивало их овощами, а позднее и молоком. Был заложен сад и питомник, и там же построен дом отдыха для студентов.

Рост контингента, улучшение учебно-воспитательной работы и бытовых условий для студентов способствовали сокращению отсева и ежегодному увеличению числа выпускников. Институт стал вторым педвузом в республике, выпустив за 5 довоенных лет для народного образования 585 молодых специалистов. Об огромной заботе правительства свидетельствовали из года в год увеличивающиеся ассигнования с 1 млн. 292 тыс. рублей в 1935 году до 5 млн. 161 тыс. рублей в 1940 году. Более того, Правительство республики предложило разработать 15-летний генеральный план развития института. Но начавшаяся Великая Отечественная война надолго отодвинула претворение в жизнь плана дальнейшего развития Уральского педагогического института. [5, с. 109].

Таким образом, развитие системы образования в Западном Казахстане в предвоенные и военные годы соответствовало общим положениям советской школы этого периода. Несмотря на существующие трудности военного времени и сталинского режима велась большая работа по ликвидации безграмотности и совершенствования системы образования. И это во многом благодаря неустанному труду работников просвещения.

Список литературы:

1. Хасанов Қ. Өнегелі өмір иесі. - Орал, 2009. - 75 б.
2. Хасанов Қ. №2368 ІС немесе Төлеген Имангазиев тағдыры туралы. - «Полиграфсервис» - Орал, 2007. - 80 б.
3. Есказиева А. А. Білімнің қара шаңырағы. С. Сейфуллин атындағы №11 қазақ орта мектебінің 70 жылдығына арналған. Орал облыстық халыққа білім беру басқармасы. - Орал, 1994. - 13 с.
4. Рысбеков Т.З. Этюды истории родного края. - Уральск, 2002. - 190 с.
5. Западно-Казахстанский государственный университет: история становления и развития. - Уральск, 2002. - 216 с.

ОӘЖ 94 (574)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ 1930-1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДАМУ ТАРИХЫ

Абдрахманова Р.Л.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстанның, оның ішінде оның батыс аймағының оқу орындары қарастырылады, соғыс алдындағы жылдары және Ұлы Отан соғысы жылдарында олар әкімшілік-командалық жүйенің қатаң бақылауымен дамыды. Ол кезде Сталиннің жеке басына табынушылық кадрларды даярлау мен білім берудің

дамуына теріс әсер етті, оның осы саладағы зиянды салдары кейбір білім беру қайраткерлерінің негізсіз қуғын-сүргінге ұшырауынан көрінді.

Кілт сөздер: КазНаркомПрос, педагог кадрлар, мұғалімдер, алғашқы қазақ мектебі, қоғам және мемлекет қайра
ОӘЖ 94 (574)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ТАРИХЫНАН (XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ)

Балыкова А.М. E-mail: akkain-b@yandex.ru

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

Аңдатпа: Мақалада XX ғасырдың бірінші жартысындағы Батыс Қазақстандағы білім беру ісінің тарихы баяндалады. Революциядан кейін бірден ересектердің сауатын ашып, оқыту үшін мектептер мен курстар ашыла бастады. Материалдық жағдайы мен мәдени күштері бар аймақтарда сауатсыздарға арналған мектептер жұмыс жасай бастады. Сауаттылықты ашу жұмыстарының қиын жүргені сөзсіз, өйткені қаржы-қаражат жетіспеді, мұғалімдер, көмекші оқу құралдар, жазу құралдары болмады. Соған байланысты БК(б)П өлкелік комитеті көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға аудандық білім беру басқармасының жұмыстарын нығайту мақсатымен Қазақ педагогикалық институтының бірінші түлектерін аттандырады. Батыс Қазақстан бойынша жоғары білімді, сонымен бірге, аяқталмаған болса да жоғары, орта, орталау білімі бар халықтың деңгейі жоғары көрсеткішке ие болған. Тұтас Қазақстанда 1939 жылы халықтың сауаттылық деңгейі 83,6 пайызға жеткен. Мақалада аймақтағы білім беру ісінің жүргізілуіндегі жетістіктер мен қиындықтар баяндалады.

Кілт сөздер: Кеңестік дәуір, Батыс Қазақстан, білім беру ісі, сауат ашу мектептері.

XX ғасырдың басында өлке халқының басым бөлігі оқи да, жаза да алмады. Сондықтан да, революциядан кейін бірден ересектердің сауатын ашып, оқыту үшін мектептер мен курстар ашыла бастады. Материалдық жағдайы мен мәдени күштері бар аймақтарда сауатсыздарға арналған мектептер жұмыс жасай бастады.

1920 жылы жергілікті халық ағарту бөлімдерінің жанынан сауатсыздық жөнінде комиссиялар құрылды, олар сауатсыздардың есебін алуды ұйымдастырумен, педагог-мамандарды даярлаумен, курстар мен мектептер ұйымдастырумен, көмекші оқу құралдарын басып шығарумен айналысты. Кейінірек бұл жұмысты «сауатсыздық жойылсын» қоғамының жергілікті бөлімшелері жүргізді. Барлық жерлерде дәрістер оқылып, бір күндік, үш күндік, айлықтар өткізілді.

Сауаттылықты ашу жұмыстарының қиын жүргені сөзсіз, өйткені қаржы-қаражат жетіспеді, мұғалімдер, көмекші оқу құралдар, жазу құралдары болмады. Соған байланысты БК(б)П өлкелік комитеті көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға аудандық білім беру басқармасының жұмыстарын нығайту мақсатымен Қазақ педагогикалық институтының бірінші түлектерін аттандырады. Осындай мамандардың бірқатары Батыс Қазақстан аймағына да бет алған. Мысалы, 1933 жылы Ақтөбе облысына алты маман келген. Олардың әрқайсысы әрбір алты ауданға Шалқар, Ырғыз, Ойыл, Табын, Арал және Торғай аудандарының аудандық білім басқармасына келді. Ал, Батыс Қазақстан облысына маман Қаржауов- Гурьев аудандық білім басқармасына, Исмайылов- Жымпиты, Даулетов- Жаңақала және Валитов Маңғыстау аудандық білім басқармаларына жіберілген.

Осындай жоғары білімді мамандардың келесі бір тобы мектептер мен облыстық және аудандық білім басқармаларының қарамағына жұмысқа жұмсалды. 1933 жылы Батыс Қазақстан облысына төрт маман, Ақтөбе облысына төрт маман алғашқы қазақ жоғары оқу орнын бітіріп келген. Олар Батыс Қазақстан облысы бойынша Кузнецов, Ешмеков, Лукьянцевтар- облыстық білім басқармасына, Старостин- Орал педагогикалық техникумына қызметке жіберілді. Ал, Ақтөбе облысы бойынша Шуватов, Қостанай педагогикалық техникумына, Тарлавине, Жигулин, Сатаринов облыстық білім басқармасына оқытушылық қызметке кіріскен [1].

30 жылдардың ортасындағы ересектерді оқыту жүйесіндегі ерекшелік-сауатсыздықты жою, шала сауатсыздықты жеңумен қатар жүргізілді. Бұл өте қиын жұмыс болды. 1933 жылы болған VIII бүкілқазақстандық өлкелік конференция ересектерді оқыту, есепке алу ісінде мектептерді оқулықтармен, жазу құралдарымен қамтамасыз етудегі елеулі кемшіліктерді ашып көрсетіп, оларды болдырмаудың нақты шараларын көрсетеді. 1933 жылы Қазақ АКСР-і мен өлкелік комитеті Халық комиссарлары кеңесінің бастауыш және орта мектептерде жаңа оқу жылын ұйымдастыру туралы жарғысы қабылданады. Онда 8-12 жас аралығындағы мектеп жасындағы балаларға арналған облыстар бойынша мынадай орындық мектеп-интернаттарды ұйымдастыру туралы айтылады [2]. Батыс Қазақстан облысы бойынша- 1500, Ақтөбе облысы бойынша- 3450, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша- 7770, Қарағанды облысы бойынша- 5120, Шығыс Қазақстан облысы бойынша 5360, Алматы облысы бойынша- 7300, барлығы 30500 балаға арналған мектептер ашу көзделді.

Батыс Қазақстан облысының өзінде 1935 жылы облыс көлеміндегі әліппелік сауатсыздарының саны 95 мың адам болса, оның ішінде 56 мыңы әйелдер болды. Сауатсыздықты жою және мектеп жұмысының жүйелі жолға қойылуына республика көлемінде ұйымдастырылған жарыстар ықпал етті. Бұл сайыстардың негізгі көрсеткіштері оқу жылына мектептерді әзірлеу, мұғалімдерді тұрғын үйлермен қамтамасыз ету, мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту, ересектердің арасында оқуды жолға қою болды. 1935 жылы облыстық сауатсыздықты жою орнына арналып 12 мың әліппе және 1600 дәптерлер сатып алынған. 1936 жылы сауатсыздар мен шала сауаттыларды оқытуға арналған 960 мың сом қаржы бөлінді, бұл 1935 жылмен салыстырғанда 2 еседей артық. Облыс тұрғындарының сауаттылығы 1935 жылы 55 пайызға көтерілді [3].

Шешімін таппаған бір мәселе білім жүйесіндегі бастауыш, орталау және орта мектептердің мұғалімдерінің жетімсіздігі болатын. Соған байланысты, 1937 жылдан бастап, мұғалімдерді даярлауға арналған қысқа мерзімді курстар ашыла бастады. Өйткені, 1937-1938 оқу жылынан бастап, мектептердегі жоғары сынып оқушыларының саны артты. Осы оқу жылының өзінде Қазақстанда бастауыш мектептердегі жоғары сынып балаларының саны 2182-ге, орталау, орта мектептерде 1134-ке артты. Әсіресе, мұғалімдер, пән мұғалімдеріне деген сұраныс арта түсті. Сондықтан, облыстарда төрт айлық бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлайтын курстар ашыла бастады. Оның ішінде Ақтөбе облысында- 120, Батыс Қазақстан облысында 150 мұғалім дайындайтын курс ашылды. Сондай-ақ, қазақ орталау мектептеріне орыс тілі пәнінің мұғалімін дайындайтын екі айлық курстар ашылды. Олардың ішінде Ақтөбе облысы бойынша- 30, Батыс Қазақстан облысы бойынша 40 мұғалімдік курстар ашылды.

Бұған қоса, облыстық алты айлық орталау және орта мектептерге арналған оқытушылар дайындайтын курстар ашу жоспарланды. Қазақ КСР ХКК мен БК(б)П Өлкелік комитеті бастауыш, орталау және орта мектептерге мұғалімдерді даярлау ісімен қоса педагог-мамандардың біліктілігін арттыру мәселесін қолға алды. Осыған орай, 1937 жылы Өлкелік комитеттің VII пленумының жарғысы жарық көрді. Онда, педагог-мамандар, мұғалімдердің сырттай оқумен қамтылуын қадағалау тапсырылады. Сәйкесінше, бастауыш мектептердегі 4, 5 және 6 сыныптық білімі бар Батыс Қазақстан облысы бойынша 837, Ақтөбе облысы бойынша 913 мұғалімнің сырттай оқуға түсуіне

мүмкіндік жасалады [4]. Сонымен бірге, орта мектептерде мұғалімдік қызмет еткенмен жоғары білімі жоқ ұстаздарды сырттай оқумен қамту үшін Алматыдағы педагогикалық институттан 978 орын, Қазақ мемлекеттік университетінен 535, Орал педагогикалық институтынан 570 ұстазға орын бөлінді. Ал, тұтас республика бойынша орталау мектептерде ұстаздық ететін, бірақ сәйкесінше білімі жоқ 800 мұғалім сырттай оқумен қамтылды. Оның ішінде Ақтөбе және Орал мұғалімдер институты бойынша 275 адам қамтылды.

Осы жылдары бастауыш, орталау және орта мектептердегі ұстаздардың арнаулы және жоғары білімдеріне деген талап күшейіп келеді. Оның куәсі, 1938 жылы Қазақстанда 19 жоғары оқу орны болған. Оның ішінде 7-і екі жылдық мұғалімдер институты болды. 1937-1938 оқу жылдары 1 педагогикалық институт, 2 мұғалімдер институты ашылса, 1 педагогикалық және мұғалімдер институты Қиыр Шығыстан көшірілген. 1936-1937 оқу жылдары жоғары оқу орындарын 4366 адам оқыды, оның ішінде 1738-і қазақтар болса, 185-і қазақ қыздары еді. 1937-1938 оқу жылдары 5286 адам жоғары оқу орындарында білім алды, оның ішінде 1774 қазақ болса, 203 қазақ қыздары болды. 1936-1937 оқу жылдарындағы түлектер 803 адамды құрады, қазақтар саны 360 адам болатын. Келесі оқу жылы 878 адам жоғары білімнің иегерлері болды.

Батыс Қазақстанда жоғары оқу орындарының желісінде бұл уақытта 3 оқу орны болды. Олар 1932 жылы негізі қаланған Орал педагогикалық институты, Ақтөбе мұғалімдер және Орал мұғалімдер институты болатын. Орал педагогикалық институты 1932 жылы Орынбор қаласынан көшірілген Халық ағарту институтының негізінде ашылады. Кейіннен гуманитарлық университетке айналып, педагог мамандарды даярлайды. Бүгінгі таңда мемлекеттік университет мәртебесін иеленген бұл оқу орны аймақтағы ірі ғылыми әлеуетті орталыққа айналып отыр. Осы оқу орындарындағы студенттердің саны 1937 жылы 584 адамды құрады, олардың ішінде қазақ студенттер саны 393 адам, қыздар саны 171 адам да, қазақ қыздарының саны 60 адамды құрап отыр. Сонда, жоғары білімге тартылған қазақ қыздарының үлес салмағы барлық әйелдердің арасында 35,1 пайызды құрайды. 1938 жылғы көрсеткішке назар аударсақ, студенттердің саны 608 адамға артқан [5]. Демек, жыл артқан сайын жоғары білімді игеруге студенттер де көптеп тартыла бастады. Соған қарамастан, кейбір келеңсіздіктердің орын алғанын айтпай кетуге болмайды. 1937-1938 оқу жылдары бойынша жоспарланған қазақ орта мектептерінің даму бағдарламаларында келіссіздіктер болды. Ашылуы тиіс 98 қазақ орта мектебінің орнына 93 мектеп ашылған. Әсіресе, Гурьев облысында 13 мектептің орнына 10 қазақ орта мектебі жаңа оқу жылын бастады.

Гурьев облысында жылма-жыл білімге тартылған оқушылар саны арта түсті. 1939-1940 жылдары оқушылар саны 7696 балаға өскен. Ал, жоғары сынып оқушылары мен педагогикалық училищені бітіруші түлектер саны 1937-1938 оқу жылы 120 болса, 1939-1940 оқу жылдары 180 оқушыға көбейген [6]. Гурьев облысында жоғары білімді педагог-мамандардың саны осы оқу жылдары аралығында 58-ден 150 оқытушыға артса, орта білімді мұғалімдер қатары 549 адамға жетті. Дегенмен, облыс бойынша осы оқу жылдары математика, неміс тілі, әдебиет, орыс тілі пәндерінің мұғалімдері жетіспеді, мұғалімдердің білім деңгейлері төмен дәрежеде болды. Облыстағы аяқталмаған орта білімді 1077 мұғалімнің тек 446-сы ғана педагогикалық училищенің сырттай оқу бөлімінде білімдерін жалғастырған.

Енді соғысқа дейінгі жылдардағы Маңғыстау өңіріндегі мектеп жүйесінің барысына назар аударайық. Мысалы, 1914-1915 оқу жылдарында барлығы 22 мектеп қана болды. Оның 4-і қала мектебі де, қалған 18 ауылдық мектептер болатын. Олардың барлығы да бастауыш білім беретін мектептер ғана болды. Ал, араға жылдар салып, 1927-1928 оқу жылдарында бұл көрсеткіштерге елеулі өзгерістер енеді. Мектептер саны 31-ге артады. Оның ішінде қала мектептері 5, ауыл мектептерінің саны 26 болатын. Бұрынғы бастауыш мектептердің желісіне енді ауылда бір жеті жылдық мектеп қосылды. Кейінгі 1932-1933 оқу жылында мектептер саны 39 болды. Оқушылардың саны 1927-

1928 оқу жылында 1183 балаға артса, 1932-1933 оқу жылы 4337 баланы құрады. Ал, 1937-1938 оқу жылы мектеп қабырғасында 6530 бала білім алған. 1914-1915 оқу жылымен салыстырғанда оқушылардың саны 5220 балаға артып отыр. Оқушылар санының артуына 1927-1928 оқу жылынан бастап жеті жылдық мектептердің, 1937-1938 оқу жылынан орта мектептердің Маңғыстау облысында білім жүйесіне енуі себеп болды.

1939 жылғы санақ мәліметтері бойынша Батыс Қазақстандағы білім деңгейі жоғары өңір Орал облысы болып отыр [7]. Әсіресе, халықтың білім деңгейі Ақтөбе және Гурьев облыстарымен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болды. Тұтас Батыс Қазақстан бойынша жоғары білімді, сонымен бірге, аяқталмаған болса да жоғары, орта, орталау білімі бар халықтың деңгейі жоғары көрсеткішке ие болып отыр. 1939 жылы жалпы 9-49 жас аралығындағы халықтың сауаттылық деңгейінің пайыздық көрсеткіші бойынша да Орал облысы 92,8 пайызға ие болған. Жалпы, Қазақстанда 1940-1941 және 1945-1946 оқу жылдары арасында оқушылардың саны 30,0 пайызға, мұғалімдердің саны 14,0 пайызға қысқарып кетті. XX ғасырдың басында өлке халқының көбі оқи да, жаза да алмады. Революциядан кейін бірден ересектердің сауатын ашып, оқыту үшін мектептер мен курстар ашыла бастады. Материалдық жағдайы мен мәдени күштері бар аймақтарда сауатсыздарға арналған мектептер жұмыс жасай бастады. Сауаттылықты ашу жұмыстарының қиын жүргені сөзсіз, өйткені қаржы-қаражат жетіспеді, мұғалімдер, көмекші оқу құралдар, жазу құралдары болмады. Соған байланысты БК(б)П өлкелік комитеті көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға аудандық білім беру басқармасының жұмыстарын нығайту мақсатымен Қазақ педагогикалық институтының бірінші түлектерін аттандырады. Шешімін таппаған бір мәселе білім жүйесіндегі бастауыш, орталау және орта мектептердің мұғалімдерінің жетімсіздігі болатын. Соған байланысты, 1937 жылдан бастап, мұғалімдерді даярлауға арналған қысқа мерзімді курстар ашыла бастады.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президент архиві. 141-қор, 1-тізбе, 6558 іс, 43-45 бб.
2. ҚР Президент архиві. 141-қор, 1-тізбе, 6560 іс, 7-8 бб.
3. Рысбеков Т.З. Этюды истории родного края. Уральск, 2002. 120с.
4. ҚР Президент архиві. 708-қор, 1-тізбе, 568 іс, 10-11 бб.
5. ҚР Президент архиві. 708-қор, 2/1-тізбе, 756 іс, 49 бб.
6. ҚР Президент архиві. 708-қор, 4/1-тізбе, 1363 іс, 66-67 бб.
7. Всесоюзная перепись населения 1959г. Казахской ССР. – Москва, 1962. 56 с.

УДК 94 (574)

ИЗ ИСТОРИИ ЛИКВИДАЦИИ БЕЗГРАМОТНОСТИ В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ (ПЕРВАЯ ПОЛОВИНА XX ВЕКА)

Балыкова А.М.

Аннотация: В статье освещается история ликвидации безграмотности в Западно-Казахстанской области в первой половине XX века. После октябрьской революции сразу начали открываться школы и курсы для ликвидации безграмотности у взрослого населения. Начали функционировать школы для безграмотных в регионах с материальными и культурными возможностями. Ликвидация безграмотности производилась несмотря на трудности связанные с нехваткой финансовых средств, учительских кадров, учебных пособий и письменных принадлежностей. Для этого краевой комитет ВКП(б) отправляет первых выпускников Казахского педагогического института в кочевые и полукочевые районы с целью улучшения и укрепления работы районных управлений образования. По Западно-Казахстанской области показатель

населения с высшим, с незаконченным высшим, средним и неполным средним образованием был на высоком уровне. В целом по Казахстану уровень грамотности населения в 1939 году достиг 83,6%. В статье освещаются достижения и трудности в просвещении в регионе.

Ключевые слова: Советский период, Западный Казахстан, образовательная деятельность, школы грамоте.

ӘОЖ 94 (574)

БАБАЖАНОВ МҰХАМЕД-САЛЫҚТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Бижанова А.Е. E-mail: aaliyka@mail.ru

Батыс-Қазақстан инновациялық-технологиялық университет, Орал қаласы

Аңдатпа: Мақалада Мұхамбет-Салық Бабажановтың қоғамда атқарған ролін және ағартушылық жұмыстарындағы белсенділігі туралы жазылған.

Кілт сөздер: Қоғам, Бөкей Орда, Орал, Кіші Жуз, қазақ, патша үкіметі, шаруа.

М.Бабажанов бір жағынан патша үкіметінің, екінші жағынан би-болыс, байлардың екі жақты езгісінен зар илеп, жоқшылық тауқыметін тартқан қара халықтың қайғы-қасіреті мен ауыр тұрмысынан хабардар болып өсті. Казактар мен қазақтар арасындағы қарым-қатынасқа, жер мәселесіне көңіл бөлді. Оның айрықша назар аударғаны — ағартушылық жайы, өз ұлтының білімге, ғылымға құштарлығы және қазақ жастарына білім беру мәселесі.

Мұхамбет-Салық Бабажанов патша үкіметінің қазақ жерін отарлау, озбырлық саясатына ашық түрде қарсы шыққан күрескер. Ол патша чиновниктерін үнемі тарихи тиянақты айғақтарымен дәлелдеп, жеңіп кетіп отырған. Сол себепті ол 1731 жылы патшалық Ресейге қосылғанға дейінгі қазақ жерінің оның ішінде Бөкей Ордасының картасын жасайды. Ол орыс пен қазақ халқының тамыр тартқан достығын, желілес тағдырын алғашқылардың бірі болып көрсеткен, соған бар болмысымен қызмет еткен ғалым. М.Бабажановтың үлкен толғаныс үстінде жазған еңбегі «Қазақтарды дәріптеу атты мақалаға қазақтың жауабы» деген туындысы. Бұл мақалада ол Орал казактарының жергілікті халыққа жасап отырған қиянатын, өктемдігін батыл сынады. Бұл мақаланың тууына не себеп болды? 1860 жылы патша үкіметінің шақыруымен қазақ уәлаятының бір топ азаматтары Петербургте, Мәскеуде қонақта, көрме, мәдени орындарда болып, империяның жетістіктерімен танысады. Олардың арасында Салық та болды. Казактар адам санатына қоспай кемсітіп жүрген қазақтарды орыс жұртшылығының орталық қалаларға шақырып, ықыласты қабылдауын Орал казактары ұнатпады. Қазақты кемсітіп, оның ұлттық намысына тиетін бұл мақаланы Орал казактарының атаманы жазып, оны «Русский вестникке» жариялайды. Бұл мақаланы көпшілігі қолдамай, сол тұста наразылық білдіреді. Мақаланың жазылуына себеп болған оқиғаның сырына үңілсек, мынадай жайларды байқаймыз. Орыс оқымыстысы, тарихшы П.И.Небольсин 1860 жылы қараша айында «Русский вестник» басылымына «Серуен — саяхатта жүрген қазақтар» атты мақала жариялады. Қазақ өлкесінің тарихын зерттеп, мол мағлұмат жинаған, қазақ зиялыларымен әсіресе, Салықпен қарым-қатынас жасап жүрген Небольсин өз мақаласында 1860 жылы тамыз айында құрамында С.Бабажанов бар бір топ Кіші жүз қазақтарының Орынборда құрылған өкілетті тобының Мәскеудің, Санкт — Санкт-Петербургтың көрнекті жерлерінде, мәдени - ғылыми орындарында болғаны жазады. Бұл мақала Орал — Жайық казактарына жайдың оғындай әсер етті [1].

Қазақтарды мадақтап отырған Небольсинге ыза болып, қазаққа деген өшпенділігін ішіне сыйғыза алмаған Орал казактарының атаманы Железнов кейісті сөздерімен кекесінге толы мақалалар жазады. Бұл мақалаға қазақтардан да біреу жауап беруі тиіс еді. Мұны істеген яғни пікір айтқан Бабажанов болды. Ол «Қазақты дәріптеу атты мақалаға қазақтың жауабы» еңбегінде: «Русский Вестниктің» мақалаларын қарап отырып, бүгін ғана қолыма тиген өткен қараша айының санындағы «Қазақты дәріптеу» атты мақала көзіме түсті. Менің түсінігімше олар осы сөз арқылы қазақтарға жылы сезім мен сүйіспеншілік көрсетудің қажеті жоқ екенін айтқылары келген. Бұл мақаланың авторы - Иосаф Железнов. («Северная пчела», 1861, №131) Менің түсінбейтінім қазаққа сүйіспеншілік көрсету тіпті орынсыз, ерсі іс болып көрінуі қай орыстың басына келді екен деп қанша ойласам да, ондай орысты көз алдыма елестете алмадым. Себебі мен білетін нағыз таза, ешқандай бөтен ұлттармен қаны араласпаған жергілікті орыстар әрқашанда барлық жерде қазақтармен санасып, қарым — қатынас жасайтын еді. Одан әрі мақалада автордың өмірбаяны арқылы оның шыққан тегін біліп, қазақтарға адамгершілік сезіммен қарағандарға қарсы шығуының жұмбақ сырларын түсіндіріп беруге мүмкіншілік туады. Салық мақаланың авторы Иосаф Железновтың Ресей азаматы екенін, сонымен бірге оның Жайық бойында казак деген атқа ие екенін анықтады. Салық казактардың дербес топ ретінде қалай қалыптасып, құрылып тарих аясына қалай шыққанын, екіншіден олардың орыстармен қандай қарым — қатынаста болып келгенін, үшіншіден не себепті олардың бөкейліктерге күн көрсетпей, мінезін көрсетінін талдап, тексереді.

Бұл мәселелерді сөз еткенде ол орыстармен бөкейліктердің арасындағы байланыстардың дамуына да көңіл бөледі. Салық өз мақаласында: «Орал — Жайықтық казактар орыстың бейбастық қарақшы қашқындарынан, өзендер мен үлкен жол бойындағы босқындардан, орыс мемлекетінің қылмыстарынан, үйсіз — күйсіз жүрген қаңғыбастардан жиналып XV ғасырда Жайық өзені бойында пайда болды. Олар орыстарға жақын, тілдерінде жексұрын идиотизм есепсіз мол, қисық бұрмалау көп болса да казактар өздерінше орысша сөйлейді, олардың діни — сенімдері де христиандық, кәдімгі орыстардікі сияқты, тек өз крестерін өзгеше ұстайды, өздерінің сенім — нанымдары бойынша олар таза текті орыстармен өздерінің аяқ — табақтарын да араластырмайды» деп жазады. Сонымен қатар Салық барлық орыстардың дүниеге көзқарасы, өмір тұрмысы, діндарлығы, әдет - ғұрпы казактармен бірдей еместігін, казактарды орыстардан айырудың қиын еместігін айтып, «казактар казактарды суық мәнерлері арқылы жікке бөліп жүретін тар пейілдеріне қарап және ертедегі жер туралы айтысып келе жатқан қылықтарынан жақсы ажыратады» деп мәлімдеді. Күні бүгінге дейін Ордалық казактар жергілікті казактарды мұқатып, аяқтарын шалып, олардың жанына ауыр жарақат салу үшін әрқашанда бірдемені ойлап тауып, қырсықтық үшін айла — шарғы қарастырып жүреді.

С.Бабажанов былай дейді: «Небольсиннің отаншылдығы және оның жылы жүректен қазақтарға мақтау сөз айтуы, сонымен бірге Ресейдің қауыты туралы, оның тәлімдік мәні жайлы түсіндіргені де Железновтың ойынша ұят және маскара қылық сияқты». Казактар патшалық Ресейдің билеушілеріне арқа сүйейді. Кіші жүз жеріне баса — көктеп орнығып, қоныстанған казактарды орыс мемлекеті бауырына басты. Оларды казактарды құлдыққа салу үшін қолшоқпар етіп пайдаланды. Ішкі Ордадағы ең құнарлы жерлерді, өзен-көлдерді, жайылымдарды казактар өздеріне қаратып алуға тырысты. Мұхамбет-Салық еңбектерін оқығанда бөкейліктермен Орал-Жайық казактарының қарым-қатынасында көптеген келеңсіздіктер мен келіспеушіліктер орын алғанын, казактардың патша үкіметіне арқа сүйеп, ұялмай жергілікті халыққа содыр-сойқандық жасағанын, ал казактардың мұндай менмендік пен жөнсіздікке төзімділік, шыдамдылық көрсеткенін байқаймыз [2].

Салық Орал-Жайық казактарының қылықтарына, зорлық зомбылығына орыс халқының қатысы жоқ, екенін баса айтып, ыңғайы келген жерде орыс зиялыларының

қазақтарға жол көрсетіп, қол ұшын беріп, далалықтарды өнерге, білімге, ғылымға жанастырудағы олардың қамқорлығының игі нәтижелерін ризашылықпен сипаттайды. «Орыстар қазақтармен шын дос, көлікке бірігіп отырып, бір аяқтан ас ішіп те жүр» деп Салық орыстардың, мінезіндегі ақ пейіл, адал, шынайы көріністерді мақтан етеді. Салық Оралдағы казак атаманы, генерал — майор Столыпіннің қазақ шаруаларымен қазынаның жерін бір тиын да төлемей, көп жылдан бері өз меншігіндей пайдаланып келгенін әшкерлейді. Салықтың мақаласын орыстың зиялы қауымы жылы ықыласпен қабылдады [3].

Саяси памфлет сияқты бұл мақалаға қатысты сол кездегі көп тарайтын басылымдардың бірі — «Деятельность» газеті «Істің мән-жайын түсінген әрбір көзі ашық оқырман азамат М.Бабажановтың проволкә түсініктеріне қарап, оның өз басының емес, тіпті, өз халқының емес, жалпы халықтың мемлкеттік мүддесәін қорғау жағында мықты тұрғанын көреді» - деп жазады [4]. Бұл Мұхамбет-Салық Бабажановты империялық шенеуніктердің атаның баласы ғана емес ел үшін қам жеген халықтың азаматы, қоғамдық қайраткер қызметін атқарғанын мойындауы екендігінің белгісі.

Тарих пен адамның есте сақтағаны емес, оның тарихы тәжірибесінің аккумуляторы болып табылады. Ал ол тиянақты тарихи жеке адамдардың қызметін оқып білусіз және оны баяндаусыз жан-жақты зерттелмейді, Кейбір адамдардың есімін халық өзінің есінде ризашылықпен мәңгі сақтайды. Олардың өмірі халық тарихының, оның ұлттық мақтанышының бір бөлшегі болып табылады [5].

Өткені мен бүгінінің байланысы неғұрлым берік болса туған халқына, оның мәдениеті мен тарихына деген сүйіспеншілігі соғұрлым артады. Өйткені өкше басар ұрпаққа әлеуметтік — рухани мұра қалдырып отыру адамзат әулетінің ұлы борышы.

Қорыта келгенде, Мұхамбет-Салық Бабажанов еңбектерінің келешек ұрпаққа берер тәрбиелік, танымдық маңызы зор. Бүгінгі таңда тарихшылар алдында тарихымыздың түйінді тұстарын жаңаша талдап, түсіндіріп, оның танымдық, тағылымдық жағына көбірек көңіл аударып, ұлы ғалым Мұхамбет-Салық Бабажановқа дұрыс баға беріп, халқына қауыштыру міндеті тұр.

Өлке тарихына байланысты үлкен ғылыми мұра қалдырған аса зерделі тарихи тұлға Мұхамбет-Салық Бабажановты жан - жақты танып — білу бүгінгі жас ұрпақтың алдында тұрған абзал борыштың бірі болып табылады.

Өткеніміздің бедері, бүгініміздің беделі, бар ғұмырын халық тарихын тірнектеп жинауға жұмсаған азаматымыздың болашақ ұрпақ бесіктен біліп өсер, мәдениетіміздің төл жұлдыздарының бірі болып, олардың мақтанышына айналары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Маданов Х., Мұсабаева А. «Мұхамбетсалық Бабажанов», А., 1995 жыл.
2. Ысқақов.Б.Ұмытылмас есімдер. А., 1994. 224 б.
3. Ивлев Н.П. Мухаммед Салих Бабаджанов. Соч., А., 1996 ж.
4. Бірімжаров Б.Қ., Қарабалин Ғ.Е. «Мұхамбетсалық Бабажанов». Орал өңірі, 30 мамыр 1996 жыл.
5. Рысбеков Т.З. «Салық өлді дегенше...» Таңдамалы шығармалар. Т.2.,Орал, 2017. 85 б.

УДК 94 (574)

ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ МУХАМЕБЕТ-САЛЫКА БАБАЖАНОВА

Бижанова А.Е.

Аннотация: В статье говорится о роли Мухамбет-Салыка Бабажанова в обществе и его деятельности в пропагандистской работе.

Ключевые слова: Общество, Букеевская Орда, Урал, Младший Жуз, казахи, царское правительство, хозяйство.

УДК 94 (577)

ВОЕННЫЙ ВРАЧ И ВИДНЫЙ ДЕЯТЕЛЬ АЛАША ХАЛЕЛ ДОСМУХАМЕДОВ

Дауесова А.Ж. E-mail: Aizhan-dauesova@mail.ru

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет,
Казахстан, г.Уральск

Аннотация: В данной статье рассматривается разносторонне одаренный, обладающий энциклопедическими знаниями Халел Досмухамедов и его деятельность. Халел Досмухамедов удовлетворил насущную потребность своего времени – острую нужду в создании первых на родном языке учебных пособий и научно-популярных книг по медицине и естествознанию. Особенно нужно отметить такие его работы, как "Сохранение здоровья школьников" (1925 г.), "Как бороться с чумой среди населения казахского края" (1918, 1924 г.г.), "Доклад о научной терминологии" (1922 г.), "О позвоночных животных" (1927 г.) и другие.

Ключевые слова: врача-целитель, врача-профилактик, Алаш, Союз Рабпроста

Халел Досмухамедов - один из тех, кто оставил особый след в казахской педагогике и просвещении. Определив теоретические основы отечественной педагогики, Досмухамедов вложил много труда в этой области.

Большая часть его работ исчезла бесследно в годы репрессий и гонений. Другая часть, извлеченная из пыльных архивов и книжных хранилищ, только сейчас приводится в систему, анализируется и обрабатывается учеными-исследователями и является основой для изучения творческого наследия Досмухамедова, его места и роли в развитии педагогической науки и просвещения.

Но ни на минуту он не забывал также о своем врачебном долге. Он очень любил детей, и всегда занимался их лечением, даже в годы ссылки работал детским врачом в школе. В институте он занимался вопросами воспитания детей, организовал кафедру педологии, получив позже звание профессора педологии. Ставивший во главу угла здоровье народа, Досмухамедов, исполняя свой долг, много и плодотворно трудился на этом поприще.

Он работал в Казахском институте просвещения, что находился в те годы в Ташкенте. Институт был солидным культурно-образовательным центром, и его роль как очага культуры, трудно было переоценить. Годы работы в Ташкенте (1920-1929) стали для Досмухамедова самыми плодотворными в творческом плане, ибо именно в этот период было написано и издано большинство его произведений.

Он принимал активное участие в создании новой системы национальной школы и разработке казахской терминологии. Халел Досмухамедов использовал свой педагогический опыт в подготовке учебников для школ и, как их автор, получил широкую известность. Вышли в свет такие его труды, как «Неживая природа», «Учебники зоологии» (1922), «Сингармонизм в казахском языке» (1923), «Гигиена школьников» (1925) и третья часть учебника зоологии (1926). Эти книги по праву занимают особое место в истории отечественных учебников.

"В этой жизни были люди, восхитившие своими делами человечество. Их имена передаются из поколения в поколение. Немало было таких людей среди казахов и киргизов", – сказал как-то Халел Досмухамедов. К таким людям, безусловно, относится и сам автор этих слов.

24 апреля 2017 года исполняется 134 лет ученому, врачу, фольклористу, журналисту, педагогу, общественному деятелю Халелу Досмухамедову. Имя Халела Досмухамедова стало известно сначала не как общественного деятеля, этнографа, литератора, историка, исследователя естественных наук, просветителя, профессора, а как врача-целителя, врача-профилактика. Окончив с золотой медалью военно-медицинскую академию в Санкт-Петербурге, Халел Досмухамедов большую часть своей жизни посвятил лечебно-оздоровительному делу [1, с. 186].

На территории Атырау часто встречаются такие наименования местностей, как Уш Оба, Бес Оба, Обалы. Они свидетельствуют о свирепствовании в этих краях чумы, периодически уносившей немало человеческих жизней. Десятки казахских врачей того периода вели самоотверженную борьбу против этой особо опасной болезни. Они своими знаниями, помощью, профессиональными советами, объяснениями приносили облегчение больным, теплыми словами подбадривали их, особенно среди казахского населения, способствовали ограничению распространения болезни. Одним из таких врачей-целителей, всецело отдавших себя, свои знания служению своему народу, был Халел Досмухамедов [2, с. 256].

Халел Досмухамедов родился 24 апреля 1883 года (ранее Уйшык-Гурьев) в Кызылкогинском районе нынешней Атырауской области. Он был седьмым ребенком в семье, где было десять детей. Отец Досмухамед и его брат Даулет Машакулы (1848-1907) были образованными людьми. Халел, оказавшись под влиянием этих людей, вначале учился грамоте у аульских мулл, затем поступил в местную русско-казахскую школу. В 11 лет окончил начальную школу. Затем в числе десяти казахских детей поступил в подготовительный класс училища в городе Уральске. За год освоил русский язык, учился очень хорошо. В 1903 году успешно окончил училище и в том же году поступил в Санкт-Петербургскую военно-медицинскую академию, сдав дополнительный экзамен по латинскому языку. В городе Уральске на хранилище Западно-Казахстанского областного музея имеются заявления Халела Досмухамедова написанное 9 июня 1903 года в документе №26318В на Санкт-Петербургскую Императорскую военную медицинскую академию и список документов отправленные в учебные заведения:

1) аттестат об окончании Уральского военно-реального училища и даны оценка об окончании подготовительного класса;

2) Свидетельство о рождении (справка);

3) Справка о военной службе;

4) Копии всех документов;

5) Фото 3 штука [3, 40-41 п].

Зарегистрирован документ о женитьбе Халела Досмухамедова, что он женился 1908 года 2 декабря на Токтыбаевой Сагира Жармагалиевне. Написано, что Сагире – 18 лет, Халелу – 25 лет [4, 16 п].

Вместо с этим имеются заявления Халела разрешение на женитьбу, на комнату молодой семье, на стипендию. Все эти заявления были удовлетворены. Стипендию будет оплачивать каждый месяц отец Сагиры, старшина №6 аула вразмере 50 рублей. Полностью стипендия 90 рублей.

Шесть лет, проведенные в стенах академии (1903-1909 г. г.), стали особым периодом в формировании мировоззрения, духовного роста, становления на путь науки. Вместе с этим имеются справки о предметах который изучал в течение 5 лет и о выпускных оценках на практике [5, 28 п].

После окончания с золотой медалью академии, с 1909 года Халел Досмухамедов сначала в Пермской губернии, а затем в Уральском казахско-русском стрелковом батальоне исполнял обязанности младшего военного врача.

Находясь на военной службе, он остро чувствует потребность народа во врачебной помощи. Незнание простых профилактических мер приносило невосполнимые потери и горе людям от различных инфекционных болезней, особенно

от чумы. Борясь против распространения чумы в стране, он постоянно разъяснял людям, как уберечься от болезни. Он понимал особую важность воспитания будущего здорового и просвещенного поколения, трудился в этом направлении, не жалея сил и энергии. Он приходит к мысли о том, что необходимо использовать силу пера, чтобы достичь этой цели. Учитывая его заслуги в период военной службы, а именно награждение воинской медалью "К 300-летию царского дома Романовых", активное участие в борьбе против эпидемии чумы, где один день работы считался за 12 дней, вице-губернатор Уральской области в 1913 году полностью освобождает его от воинской службы [6, 9-8 п].

В 1913 году Халел Досмухамедов устраивается участковым врачом в Темирском уезде Уральской области. С этого времени до 1920 года он неоднократно участвовал в борьбе против чумы, был школьным санитарным врачом.

Халел Досмухамедов тесно сотрудничал в этот период с газетами "Казах", "Урал" и "Факир". На страницах газет он опубликовал десятки статей о различных инфекционных заболеваниях, где в доступной для читателя форме на казахском и русском языках описывал характерные для каждой болезни признаки, способы лечения, рекомендовал различные меры профилактики. Высоко оценивая значение распространения Халелом Досмухамедовым среди населения мер профилактики, уже в 1913 году Ахмет Байтурсынов писал "...лекарствами можно вылечить сотни людей, а широкой пропагандой, гласностью профилактических мер – миллионы" [7, 23 п].

Халел Досмухамедов поступил в 1920 году ординатором в клинику медицинского факультета Среднеазиатского университета, одновременно работал преподавателем казахского учительского института в городе Ташкенте, школьным санитарным врачом. Трудился в составе военно-революционной комиссии по управлению казахским краем. В 1921 году приступил к работе в Казах-Киргизской республиканской комиссии. Здесь в основном рассматривались вопросы педагогической работы среди казахского населения. Под руководством и при непосредственном участии Халела Досмухамедова был написан ряд учебников и учебных пособий для казахских школ, разработаны школьные программы, создана научная терминология. Сам он работал в области естествознания и педагогики.

С 1922 года работал в Наркомате здравоохранения, был членом коллегии, возглавлял центральную комиссию по борьбе с эпидемией чумы, руководил лечебно-санитарным делом Наркомздрава. В период работы в Наркомате здравоохранения особое внимание уделял подготовке казахских медицинских кадров.

В 1925 году Халел Досмухамедов являлся заведующим Восточным отделением Казахского государственного издательства. В 1926 году работал представителем Казахской республики в Средней Азии.

В 1926 году он был аттестован в качестве научного работника первой категории, введен в состав Центрального краеведческого учреждения. Одновременно возглавлял научно-редакторский отдел государственного издательства.

В том же 1926 году Наркомпрос назначил Халела Досмухамедова заместителем ректора (проректором) высшего педагогического института и пригласил читать курс педагогики. Согласно решению специальной комиссии Халелу Досмухамедову присваивается звание доцента педагогики.

До сих пор остаются актуальными, понятными его переживания по поводу отсутствия научной терминологии на казахском языке. В своей книге "Животные" (1928 г.) он писал: "До сих пор на казахском языке не было никаких книг о науке", кроме книги "О строении языка" Ахмета Байтурсынова. Поскольку у нас не было возможностей писать научные книги, так как казахский язык не приспособлен к передаче научных понятий. Теперь пришло то время, когда надо познакомить казахский язык с научными понятиями. При переводе научной литературы на родной язык, самое главное – правильно и понятно перевести используемые в науке термины. А верный, доступный перевод употребляющихся в языке науки терминов на казахский язык – чрезвычайно

сложная работа. Однако, такой подбор эквивалентов труден, в настоящее время это крайне необходимо, поскольку обуславливает весь дальнейший путь развития. Поэтому при издании первых научных книг на казахском языке, на мой взгляд, гораздо важнее дать хорошие эквиваленты терминов, чем сделать красивое, выразительное описание" [8, с. 122].

В марте 1927 года Халел Досмухамедов был назначен председателем комиссии по созданию на базе Казпедвуза Казахского Государственного университета. В составе этой комиссии он подготовил организационный план создания в летний срок КазГУ с тремя факультетами учебные планы.

С июля 1928 года по октябрь 1928 года он был проректором КазГУ. В 1930 году Халел Досмухамедов избран профессором КазГУ, членом-корреспондентом Центрального бюро краеведения при Академии наук, членом Казахского исследовательского общества, секции научных работников Союза Рабпроса.

Но для талантливого и неординарного человека в те годы почти невозможно избежать расправы. Настигли репрессии и Халела Досмухамедова. Вначале семилетняя ссылка в Воронеж, где он продолжил работу в качестве заведующего отделом Воронежского института гигиены и социального здравоохранения. В ночь на 26 июня 1938 года он вновь был арестован. В апреле 1939 года выдающегося сына казахского народа расстреляли по приговору военного трибунала.

Только 28 января 1958 года Верховный суд Казахской ССР, вновь рассмотрев дело на коллегии, полностью реабилитировал Халела Досмухамедова.

Халел Досмухамедов получил достойное признание как личность за его вклад в интеллектуальное достояние казахского народа.

Список литературы:

1. Батыс Қазақстан Облысы. Энциклопедия – Алматы. «Арыс», 2002 ж.- 274 б.
2. Д.Д.Сүлейменова «Алаш қозғалысы» // Алматы 2008 ж – 348 б.
3. ЗКОМ № 26318-В
4. ЗКОМ № 26320-В
5. ЗКОМ № 26311-В; ЗКОМ № 26319-В; ЗКОМ № 26317-В
6. ЗКОМ № 26298-В
7. ЗКОМ № 26299-В
8. В.Қ.Күзембаева, ф.ғ.к. Р.Әлмұханова «Тұғыры биік тұлға»// Алматы 2008 ж. – 468 б.

ОӘЖ 94 (577)

АЛАШТЫҢ ӘСКЕРІ ДӘРІГЕРІ ЖӘНЕ КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕРІ ХАЛЕЛ ДОСМУХАМЕДОВ

Дауесова А.Ж.

Аңдатпа: Бұл мақалада жан-жақты дарынды, энциклопедиялық білімі бар Халел Досмұхамедов және оның қызметі қарастырылады. Халел Досмұхамедов Өз уақытының шұғыл қажеттілігін – ана тілінде алғашқы оқу құралдарын және медицина мен жаратылыстану ғылымдары бойынша ғылыми-көпшілік кітаптарды құрудағы аса қажеттілікті қанағаттандырды. Оның "Оқушылардың денсаулығын сақтау" (1925 ж.), "Қазақ өлкесінің тұрғындары арасында обамен қалай күресуге болады" (1918, 1924 ж. ж.), "Ғылыми терминология туралы баяндама" (1922 ж.), "Омыртқалы жануарлар туралы" (1927 ж.) және т. б. жұмыстарын ерекше атап өткен жөн.

Кілт сөздер: дәрігер-емші, дәрігер-профилактик, Алаш, Союз Рабпроса

ФИЛОЛОГИЯ

ӘОЖ: 82-13 (574)

ГЕНРИХ МАННЫҢ САТИРАЛЫҚ РОМАНДАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мұсаев А.М.

Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. Мақалада неміс әдебиетінің классигі Генрих Маннның сатиралық романдарының ерекшеліктері сөз болады. Жазушы мұрасына автордың жаңа методологиялық бағытпен келуі, әдебиеттану ғылымының ғылыми жаңалығы болып табылады. Бұған дейін жазушының творчествосы тарихи-әдеби тұрғыда зерттелсе, енді сатиралық романдарының теориялық ерекшеліктерінде жан жақты талданған.

Кілт сөздер: дискуссия, сатира, көркем бейнелеу, жанр, образ, роман, творчестволық әдіс, реализм.

Немістің көрнекті жазушысы Генрих Маннды көпшілікке жаңа қырынан танытуда ерекше әсер еткен оның сатиралық романдары болды. Бірақ жазушы тек жарқын творчество адамы ретіне ғана білгілі емес, өз дәуірінде өмір сүрген басқа сатирик жазушылармен қатар қоя отырып жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысындағы немістің сыншыл реализмінің ағымдағы тенденциялары көрініс тапқан типологиялық белгілерін анықтауды мақсат тұтты.

Бұл романдарда сатиралық теория тұрғысынан бір-біріне қарама-қайшы сұрақтардың қойылуы және сатиралық романдардың көркемдік қабаттарының зерттелуі олардың өзектілігін білдіреді. Бұдан шығатын қорытындылар алдағы уақытта сатираның өткір проблемаларын зерттеуде теориялық база болып табылары сөзсіз. Ал тарихи-әдеби тұрғыдан бұл романдар, олар туралы зерттеулер қазіргі әдебиеттану ғылымының алдында тұрған көптеген шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Кеңестік зерттеушілер –

Ю. Андреев, А.Бушмин, В. Днепров, Д.Затонский, Т. Мотылева, Б.Сучков тағы басқалары әдеби үдерістердің жалпы заңдылықтарын зерттеп келді. Алайда, қазіргі әдебиеттану ғылымы бізден жалпы жағдайды анықтауды және жеке жазушылардың жаңа фактілері мен терең талдауларын негізге ала отырып, алдағы жұмыстардың бастау алар көзі болып табылатын теориялық база жасақтауды талап етеді. Бұл тұрғыда Генрих Манн творчествосы бізге құнды материал береді және оған асқан салмақтылықпен қарау керектігін мегзейді. Сонда ғана Г.Маннның сатиралық романдарының әдеби-тарихи мәнін жоққа шығарған, оны сатирик – суреткер, жазушы реалист ретінде танығысы келмеген реакциялық буржуазия сыншыларына соққы беріледі. Қазіргі кезде жазушы сатирасы жөнінде талас пікірлер молайып, эстетикалық проблемалар арнасына сыймай отыр және өте қажетті маңыз алып отыр.

Г.Маннның сатиралық мұрасына жаңа методологиялық бағаммен келуіміз әдебиеттану ғылымының ғылыми жаңалығы болып табылады. Бұған дейін жазушының творчествосы тарихи-әдеби тұрғыда зерттелсе, енді теориялық жағы да ескеріліп зерттелді. Сатира теориясының кейбір проблемалары қайта қарағалған. Зерттеу жаңалығын көбіне оның негізге алынған материалы анықтайды. Зерттеу еңбектерінде сатиралық романдарды оқытудың жаңа қырлары, сатиралық шығармаларды жалпылама талдау принциптері келтірілген, сонымен қатар Г.Маннның сатиралық романдарының көркемдік ерекшеліктері жіктелген. Бұл бізге Г.Манн романдарындағы

творчестволық әдісінің ерекшеліктерін, индивидуалдық сипатын және сатиралық романдарына тән типологиялық белгілерін ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Еңбектің жоғары оқу орындарының филология факультеттеріндегі лекцияларда, арнайы курстарда, практикалық сабақтарда кеңінен қолданылуы оның практикалық құндылығын көрсетеді. Жазушы творчествосын зерттеу барысында Г.Маннның новатор демократ жазушы, сатиралық романның негізін салушы ретінде оның творчествосын оқытудың ғылыми маңызы және оның өзектілігін дәлелденді. Сыншы А.Абушев «Біздің заманды суреттеп қана қоймай оны қайта жаңғыртуға, жаңартуға ұмтылған буржуазиялық жазушылардың аса көрнектісі болды» - дейді. Ал Г.Маннның ең алғашқы сатиралық романы шыққаннан қазіргі кезге дейінгі жазған туындыларын реакциялық буржуазия өкілдері мынадай ұстанымда екені көрсетілген: а) оның творчествосын мойындамау, нашар жазушы ретінде тану (Витнер, Бизе, Фридманн, Хиял), Г.Маннның романдары ескеріп, көркемдік қуатынан айырылды деп тұжырымдау (Вальцель, Лерх, Гонтерманн). Соңғы жылдары батыс германдық буржуазиялық әдебиеттануда Г.Манн сатирасына көркем образдардың өткірленуі мен өзгеруі тән болғандықтан, ол реалист емес деген пікірді кездестіреміз. (Дурцан, Билне, Матткас, Вельциг, Бехтел). Г.Манн сатирасының қас жауы К.Матткастың пікірінше, өмірлік мағлұматты сатиралық талдау өмірді көркем бейнелеуден гөрі «бұрмалау сатирасына» әкелді. б) эклектикалық көзқарас, ғылыми методология мен байыпты да бұлтартпайтын дәлелдердің жоқтығы-батыс герман буржуазиясына тән белгілер еді.

Бұған қарама-қарсы ГДР оқымыстылары (Абуш, Ангер, Дицель, Иеринг, Херден, Хантер) маркстік лениндік методологияға сүйене отырып байыпты зерттеулер жүргізді. Онда зерттеушілер Г.Манн неміс әдебиетінің еі үлгілі дәстүрлерін жалғастырушы, XX ғасырдағы немістің сыншыл реализмінің негізін салушы, талантты сатирик және аса көрнекті суреткер, творчествосы қазіргі неміс әдебиетінің жолын айқындайтын жарқын бейне ретінде көрсетеді. «Г.Манн – біздікі! Біз оның гуманистік мұраларының заңды жалғастырушыларымыз!» В. Ульбрахтың бұл сөзінде ГДР қоғамының Г.Маннға көзқарасы анық түйінделген. Жазушы творчествосының алатын бағасы жөнінде дискуссиялар, әсіресе 1971 жылы оның жүзжылдық мерейтойында өте өткір пікірлер орын алды. Любекте(ФРГ) және Берлинде (ГДР) өткен екі конференцияда, мұнда тек, эстетикалық талғам мәселесі қаралып қоймай, өте маңызды идеологиялық күрес тұрғанын дәлелдеді. Нәтижесінде батыс германилық сыншылар Г.Манн творчествосының батыс герман капитализміне қарсы идеологиялық құрал, «коммунизмге қарай тарихи даму заңдылықтарын әрқашан айқын көрсету» (Г.Маннның өзі мойындағандай) қаруы ретінде қолданғанын анықтады. Осындай пікірталастар бүгінге дейін жалғасып келсе де, Г.Манн сатирасын оқыту өз маңызын жойған жоқ. Сонымен қатар батыс герман зерттеушілерінің ішінде еңбектері ғылыми объективті пікір алған, құнды зерттеулерге қосатын демократиялық бағыттағы оқымыстылар (Шрёгер, Диттбернер, Зудгор, Зюснбах т.б) кездеседі.

Г.Манн творчествосын зерттеуге кеңестік әдебиеттану ғылымы да айтарлықтай үлес қосты. И.И.Анасимов, Е.Б.Книпович, Т.А.Мотылева, М.Евниналардың еңбектері Г.Манн әдеби мұрасының ғылыми мәнін оқытудың негізін салды. Қырықыншы жылдардың аяғы мен елуінші жылдардың басында маңызды да құнды фактілермен жинақталған материалдармен кеңес оқымыстылары (Г.Н.Знаменская, Н.М.Канабадзе, А.Г. Иванова, Н.Н.Серебров, К.А.Нартов) Г.Маннның монографиясын зерттеуге кірісті. Ал 60-70 жылдары жазушы творчествосының арнайы проблемаларын зерттеу басталды. (П.Е.Манина, О.В. Егоров, Г.В.Ховрина, Т.Л.Мотылева, М.А.Чернова, К.А.Зубарева, В.Т.Филиппов). осы еңбектердің ішінде А.Т.Иванованың «Генрих Манн – сатирик 1900-1914» және О.В.Егорованың «Генрих Манн – сатирик (1963)» деген тақырыптағы кандидаттық диссертацияларында қызықты талдау жүргізе отырып, жазушының сатиралық романдарын басқа жанрдағы жазушылардың шығармаларымен салыстыра зерттейді. Ал кеңестік жүйе зерттеушілері бұның барлығын ескере отырып, Г.Маннның

сатиралық романдарын арнайы зерттеу тақырыбына айналдыруды жөн көрді. Олар зерттеудің тарихи-генетикалық жолын негізге алды. Бұл буржуазиялық эстетикаға тән сатираны көркем творчество қатарынан алып тастайтын, оған эстетикалық мән бермейтін және оны суреткер фантазиясының өзінше ойыны деп танитын шет ел оқымыстыларының (Лютцеллер, Борстер, Гартман) пікірлерін жоққа шығара отырып, сатирадан шындықтағы объективті құбылыстардың көркем бейнеленуінің формасын көретіндігін дәлелдеді. Бұдан да кең түрде сатираны жанр деп (Г. Абрамович), комедиялық форма деп (М. Коган, А. Зисль, А. Вулис), әдебиет туындысы деп (Ю. Боров, Д. Николаев, Я. Эльсберг) түсінетін совет теоретиктерінің пікірлері айқындалған. Еңбекте жүргізілген талдаулардан нәтиже шығара отырып, сатира өзіндік түр болмаса да, тектік белгілермен екшелеген себебі оған мүмкіндік пен шек қоятын белгілі бір түр формасында өмір сүре алады деген қорытындыға келеміз. Бірақ сатира мүмкіндігі түрге байланысты және сонымен уақытты белгілесе, жанның қарағанда жанырлық модификация құратындықтан, белгілі орын алады. Сол сияқты түрмен де, жанрмен де үзілмес байланыста бола отырып, сатира өзіндік түр және жанрлық категория бола алмайды, одан гөрі терең ұғым ретінде енеді.

Сатираны түсінуге дұрыс бағытты біз 70 жылдардағы сатираны «хлофостың әртүрлігі» деп қарайтын Г. Н. Поспеловтың еңбегінен және «сатира- суреткердің болмысқа эстетикалық қатынасының формасы» деп анықтама беретін А. А. Гуляевтің кітабынан көреміз. Бұл түсініктерді сұрыптай келе, сатираның өзіне тән анықтамасы, сұрыптауы, өмірлік мағұлыматтың интерпретациясы, белгіленген эстетикалық ұғымның маңызды үлгісі ретінде танимыз. Н. Г. Чернышевскийдің ойынша, сатириктың міндеті - ажарсызды сиықсыз етіп көрсету-эстетикалық талғамды анықтамайды, сондықтан сатирикке сұрықсыздықты шегіне жете байытылған қолданыспен беруге көмектесетін өткірленудің амал-тәсілдері туралы айтамыз.

Зерттеу еңбектерінде сатира тек күлдіргі формада көрінеді және күлкіден тыс өмірлік мағұлымат интерпретациясының заңдылығымен, мүмкіндігімен дәлелденді немесе комедиялық образдың ішкі логикасындағы басты орын алатын және образдың шаттылығы арқылы сыртқы бейне көрінеді деген пікірлер жоққа шығарылады.

XIX ғасырдың II жартысында неміс романы өзінің ұлттық дәстүрлерін жалғастырып қоймай, басқа Еуропалық елдердің романдары көтерілген табыс биігіне жетті. Дәл осы кезеңде Г. Манн сатирик-романист ретінде танылды. Е. М. Евнана өз кітабында көрсеткендей өмірді сыни тұрғыдан және сенімсіздікті сипаттаған еуропалық романдарға тән интеллектуалды бастау «сатиралық стихиядан» туған негізгі қазына болуы. Бірақ Г. Манн романдары өзінің ұлттық бояуына ие болды. Германияда XIX ғасырдың II жартысында Г. Маннның сатиралық романын заңды құбылыс деп есептейтін тенденциялар болғанын айтуды жөн көрдік. «Арман еткен жер» атты жазушының алғашқы сатиралық романына идеялық көркемдік талдау беріледі және өткір әлеуметтік мазмұнымен, болмыстың, шындықтың кең бейнеленуімен, кейіпкердің жеке өмірін суреттеп қоймай, олардың әлеуметтік тұрмысын, Германиядағы экспанциялық саясатты, мықты капиталистік экономика мен саясаттағы орнын көрсетумен анықтайтын жазушы жаңалығы баса айтылады. Өз романында XIX ғасырдағы Еуропалық әдебиет дәстүрлерін жалғай отырып, адамзат тарихының құлдырау сатысын көрсетті. Шпильгаген романының («Өлім, Тек алға!») геройы қоршаған ортадағы жағдайға қарсы келеміз деп өлсе, Эудерманның карьеристері («Садамның ажалы») әлі де болашақтан түңілмесе, Ведекинд драмасының («Маркиз фон Кейт») персонаждары күшті энергиямен оқшауланса, Т. Манн кейіпкерлері ақылдан да, таланттан да, күш қуаттан да жұрдай. Зерттеулерде өз заманындағы әдебиетшілермен салыстырғанда қаншалықты күйзеліске ұшырататынын көрсететін Стендальдың, Бальзактың, Мопассанның герой – жаулаушыларымен Г. Манн кейіпкерлері қарсы қойылады. Шығарманың үлкен көркемдік жетістігі - образдың тарихи анықтығы, жазушының «арман еткен жердің» кең көлемді сатиралық образын жасады. Анализ барысында роман тарихымен байланысты

архив материалдары, жазушы түзету енгізген қолжазба, оның істеген жұмысын көрсетеді. Романның жаңа формасымен жұмысында Г.Маннның өзі айтқандай, сатиралық романның «техникасын қайта өңдей отырып, немістің дәстүрлі баяндау прозасына енгізген жаңалығы сөз етіледі. XIX ғасырдың аяғында неміс прозасындағы берік принциптерге байланысты толық көркемдік маңыз ала алмаған маңызды бейнелеу тәсілдеріне өмірдің сатиралық интерпретациясы өте кедей болғанын баса көрсетеді. Сатиралық роман бейнелеу тәсілін емес, сонымен бірге баяндау құрылымын түпкілікті қайта құруды талап етеді.

Г.Маннның «Арман еткен жер» «Земля обетованная» (1900), атты бірінші романын XIX ғасырдың II жартысындағы неміс прозасымен, бәрінен бұрын Фонтаненің «Штехлин» романымен қатар қоя отырып, алғашқы романының өзіндегі мынадай жаңалықтарды ашамыз:

- Г.Манн әңгімеші-баяндаушы болудан бас тартып, автор атынан тіке бейнелеуге көшеді, баяндаудың өзекті формасын таңдайды. Фонтанеге тән экзкозиция қыстырма эпизодтарды да қолданбай, көп түрлі дауысқа құрылған әңгіме мен оқиғаның синхронды бейнесін пайдаланады. Бұл баяндауға кеңдік және тұтастық береді және сатиралық романның көркемдік құрылымының негізін қалайды. Г.Маннның сатиралық роман поэтикасындағы екінші жұмысы баяндау формасымен драматизациялау болды. Баяндау формасы мен драматизациялық тенденциясы неміс жазушыларына (Келлерман, Дейбеген, Гессе, Фейхтвангерге) тән болды. Бірқатар авторларда бұл тек жеке мезетте көрінсе, Г.Маннда драматургиялық бастау сатиралық романның жалпы құрылымының негізгі компоненті болып табылады. Г.Манн өз романдарына замандастары кең қолданатын, оқиға барысын түбегейлі өзгертетін жаңа драматургиялық диалогты енгізеді, ал Фонтанада бұл тек баяндаудың жалғасы ғана болды. Ал Г.Манн диалогтарының ерекшеліктері-ремарка (Ремарка (литература) — внесюжетный элемент произведения; композиционно-стилистический приём...) сияқты автор ескертулеріне мұқият талдау беріледі. Романда О.Егоров дұрыс көрсеткендей, қосымша персонаждар, оның көпшілігі терең психологиялық мінезбен ерекшеленбейтін, бүркеншік мінезді образдар екендігі атап көрсетіледі. Бұл персонажды сомдаудың басты тәсілі – сатиралық астарлы портрет. Оның романдарындағы портреттерді басқа жазушылардың (Бальзик, Гоголь, Шедрин) портреттерімен қарсы қоя отырып, Г.Маннның астарлы портреттері жарқын болумен ерекшелетінін айтамыз. Баяу, кесек-кесегімен, тез-тез сыланған. Бұдан бейнелеу мәнері сияқты түстердің үйлесімді гаммасы суретші-экспрессионистердің (Энсор, Нольде) портрет бейнелеу мәнерлерімен өте ұқсас деген шешімге келеміз. Бейнелік және әдеби портреттерді салыстыра отырып, сатиралық портреттердің бейнелеу өнер мен әдебиеттегі кейбір ортақ принциптеріне тоқталамыз.

Бірақ Лиссингтің жеке өнер түрлерінің спецификасы туралы ілімін ескере отырып, жазушы мен суреткердің портрет жасаудағы алуан түрлі мүмкіндіктерін бөліп көрсетеміз. Әдебиет бейнелеу өнеріне қарағанда адамның сыртқы дүниесімен барабар образ бере алмайтындықтан, әдеби портретте оқырман қауымға эмоциялық әсер ету маңызды орын алады. Осыған байланысты біз Л.Н.толтойдың «адамды жеке суреттеуге болмайды, бірақ оның маған қалай әсер ететінін суреттеуге болады» деген салмақты ескертуін негізге аламыз. «Арман еткен жер» романындағы астарлы портрет спецификасынан аутқи отырып, біз Д.Энсордың топтық портреттеріндегі типологиялық белгілерді бөліп көрсететін сатиралық топ портреттеріне үлкен мән береміз.

Г.Маннның «Оқытушы Унрат» «Учитель Унрат» (1905) романындағы көрсетілген жаңалықтар жазушының рухани және саяси пісіп жетілуіне сатирик шеберлігінің де шыңдалғаны баяндалады. Өкінішке орай романның қолжазбасы сақталмай, шығу тарихын біле алмасақ та, жақында жарық көрген Г.Маннның шығарма негізіндегі жолдасы Эверсқа жазған хаттары бізге романның шығар көзін, тіпті образ портреттерін ашуымызға мүмкіндік берді. Бұрынғы шығармаларымен салыстырғанда, жазушы мұнда германияның әлеуметтік рухани өмірінің қабаттарына терең тоқталды. Ол германияның

элеуметтік-тарихы жағдайынан өрбген біреуді азаптауға, қорлауға құмар, моральдық дүниесі кем Унрат образы арқылы адамды жеке көру идиологиясының қайнар көздерін көрсетеді. Фашизм идеологтарының психологиялық негізі болған, қала немістерінде әмір ету, билеп- төстеу сезімін оятқан германияның тарихи жағдайы мен рухани атмосферасының ерекшеліктеріне талдау жүргізеді. Қоршаған ортаны айналасындағыларды билеуге, шектен тыс құмарлану Унрат образында ұлғайп отырады және адамды жеке көру идеясының өткір де қатал породиасына айналды. Жазушы крустық жүйенің тәрбие беретін мектепке көңіл аудара отырып, ондағы индивидтің моралдық күйзеліске ұшырауының алғашқы себебін ашады. Автодр енді оқиғаны емес адамның, ішкі жан дүниесін бірініш кезекке қойғандықтан романың жаңа формасы – жазушының психологиялық сатираға бас қоюы байқалады. Психологизм сатираға жәй деп қарайтын кейбір зерттеушілерді бұл сұрақты айналып өтеді. Алайда кеңестік әдебиет зерттеушілері (А.Бушмин, А.Павловский, Л.Ершов, Д.Николоев, О.Куденко, А.Валдис, Я.Эльсберг) сатирағада психологзм белгілері тән деп сендіріп келеді. Бұл мәселе өе аз зерттелген. Я.Эльсбергтің сатира жөніндегі кітабына енген С.Гобярев туралы бөлімі осы сұрақ туралы алғыз арнайы еібек. Психологиялық бастау сатриға бөтен деген түсінік сатиралық кейіпкерлердің жұрт таныған рухани тазалықтан ада етуге негізделген. Бірақ, А.В.Луначарский атап көрсеткендей, рухани дүниеден адалдықты сезіндіру үшін психологиялық анализдың жінішке де қиын тәсілдері керек. А.В.Луначарский Иудушка Головлевтан аса мұқтаждықпен сомдалған бекершіліктің «классикалық үлкісін» көрді. Оны әлемде сатирасын образ оған өзіндік маңыз беретін үстемдікте құрылмайтындығы айтылды. Унтраңт характерін ойменде, қимылмен де адамды жек көруші ретінде суреттей отырып, ішкі жан дүниесіндегі өзгерістерді «Бун» тастайтындықтан, біз рухани ауасыз кеңістікте жүргендей боламыз. Әйткенмен жазушы психологиялық мінездеуден бастарпай, керісінше оларды бөлек – бөлек өңдейді. Г.Маннды сатирик жазушылармен салыстыра келіп, сатирадағы психологиялық мінездеме тұрғысында оларды ойынның кейбір ұқсастығын айтқымыз келеді. Г.манның өз геройтның ойлау «механизм» аша алуы - жазушылардың творчестволық жетістігі. Унрат өз ісін ғана емес ойында белгілей алады. Унраттың ойы әрқашан мына үлгіде: әрекет талдап қорытар сөз шешім. Бірақ ережедегі ойлау формасы онда ой құрылымымен қайшы келеді: істеген істі шешім шығаруға негіз болмайды. Осыдан келіп оны айналасындағыларға күлкілі етіп көрсететін мағынасыз, логикасыз пікірлер туады. Оның ісіненде мән кеткен, автор оның ісін логикамен байытатын импульс әрекет схемаын сақтаудан душар етеді. Бұл Унратқа автоматты адам кейпін береді. Осыдан ойдың механикалық мән әрекеттің автоматтандырып құрылған белгі образ шығады. Кейіпкерлердің психологиялық ерекшеліктеріне анализ жасалды, ол барлық ағдайда мектеп болатын сияқты ойланады. Еңбекте ойлықтар шеңберлер шыға алмайтын кейіпкердің ойлау отеротипі байытады. Бұның сатиралық образға тән ой жансыздығын елестетеді.

«Оқытушы Унрат» «Учитель Унрат» (1905) романындағы гротескін ерекшелігі деген тарауында әдебиеттің ғылымында громескіні зерттеу проблемаларын және оған қосқан зерттеушілердің үлестерін баяндайды. Гротеск әрқашан шындық пен фантастиканың қайшылығына құрылатындықтан, қарама-қайсыны қосып жіберіп породенсальды таңқаларлық белгі береді деген авторларға қарсы біз Ю.Манн дәлелдегендей реалды және әдеттегі материал қабатында өстік гротескінің басқа түрі бар, бірақ құбылыстың мағынасыздығын ашу керек деген пікірге тоқталамыз. Бұл типте Г.Манн гротескісі жатады. Жазушылардың «Гофман, Франс Кавка, Гоголь, Шедрин) гротескілерінің қарсы қойылуы «Оқытушы Унратты» гротеск өзгешеліктерін анық бейнелейді. Егер Гофманда «таңқаларлық» пен «гротескілік» шындықтың қиял – ғажайып, романтикалық бейнесіменмен байланысты болса, ал Шедрин, А.Вулис айтқандай көрініп тұрғандай, «материалды» гротескіні пайдаланып «образ нәрсесімен» тәжірибе жасаса, одан Г.Манндағы ирониясы рухани әлемінің қабатында ашылады. Умраттың билік етуге, бүлдіруге, құртуға әуестігі, құмарлығы шектен шыққаны

соншалық, ол романда гротескінің жабайы түріне енеді. Сондықтан бұл романдағы гротескінің ерекшелігі Г.Маннның фантастикаға бой ұрмауы және бейненің шындыққа сай болуы.

«Кішкене қала» 1909ж — «Маленький город» (нем. Die kleine Stadt) - жазушы дамуының жаңа көркемдік кезеңі. Бұл романды жазушы өз творчествосындағы демократикалық тенденциялардың жеңісі ретінде қабылдады және «саяси мағынада демократияның құрметті әні деп білу керек» деді. «Кішкене қала» - саяси романның жарқын үлгісі. Романның идеялық мәні кішкене италияндық қаладағы еуропалық либерализмнің азғындауы, автордың демократиялық қолдауы. «Кішкене қала» романындағы конфликт ерекшеліктері атты тарауда сатиралық таластың көркемдік – структуралық ерекшеліктері жан-жақты зерттелді. Сатиралық талас әрқашан астарлы характер алатынын айқымыз келеді. Мұнда шындық өмірдегі қайшылықтар көрініс табатын шартты тарихи күштердің қақтығысы болады. Шартқа құралған құрылым сатирикке былайғы өмірде мүмкін емес тартыс ситуацияларға баруына әкеледі. Сондықтан мұндай шартты сюжетті тартыстарды «прогресшілдер» арасындағы күрестен көреміз. Жазушы бұлардың образы арқылы реакциялық саяси күштерді бойына жиған буржуазиялық либералдық партия өілдері мен «клериолдарды» әжда етеді. Конфликт себебі онша маңызды болмағандықтан, романда шынайы конфликтінің танушылығын ашық көрсетуге мүмкіндік беретін комедиялық ситуациялардың бүтін сериясын құрайды. Егер жай конфликтіде жағымды және жағымсыз, прогресшіл венециялық соқтығысса, сатиралық конфликтіде екі жағымсыз күштің тартысы суреттеледі, автор прогресшілдер көсемі. Сатиралық конфликт трагедиялық жанрда трагедиялық шешімді әзірлейтін ынталы ішкі сезім жат сатиралық характердің соқтығысуынан көрінеді. Сатиралық характер қосалқы болғандықтан, конфликт кездейсоқ оқиғалар нәтижесінде шешіледі. Бұл күресте жеңушілер жоқ, екі жақ та жеңіледі немесе ымыраласады. Сатиралық конфликтінің екінші варианты Г.Манн «Кішкене қала» романында өңдейді. Жазушының таңдап алған варианты тегін емес. Оны біз «өткінші конфликт» ретінде анықтаймыз. Адвокат Белоттидің қоғамның рухани көсемі болуға ұмтылысына қарамастан, жазушы саяси өмірден өз орнын таба алмаған саяси партия күресінің халі мүшкіл форс ретінде көрсетеді. Ал В.И.Ленин осы кезде «Буржуазиялық интеллигенцияның күрес тәсілі» (1914ж) деген мақаласында; «Тарих иронияны сүйеді дейміз...», -деп жазады. Адвокат Белотти өз қиялында өзін халық көсемі деп санайды, бірақ оның саяси жауы Поддео сияқты, халық оны да қабыл алмайды. Сондықтан саяси партиялар қызметінің критеріі шығармаға терең демократиялық характер беретін халық бағасы болып табылады. «Кішкене қала» комедиялық бастамаға басты орын берілетін сатираның өткір тілімен жазылған. Алайда мұнда Нелло мен Альбаның махаббатымен байланысты трагедиялық мазмұн да бар. Жастарды өлімге әкелетін драмада басында күлкілі болып көрінетін саяси қаскүнемдер мен атаққұрмарлар рухани бейшаралықпен, қайырымсыздықпен, эгоизммен суреттеледі. Трагедиялық мотив романның сатиралық күшін молайтады. Италияндық болуына қарамастан, романда германияға тән әлеуметтік және тұрмыстық детальдар көп кездеседі. Г.Манн басқа халықтар өмірі бейнеенсе де «неміс» романы болуы мүмкін екендігін көрсетті. Бұл Иеринг атап көрсеткендей, «неміс романы» деген түсінікті кеңейтеді. Бұл жанрдың дамуына жарқын жол ашты. Роман жазушылардың жарқын да ғажайып үлгісі деп танылды. Г.Манн өз қарсыластарына саяси тақырыптағы да құнды шығарма жазуға болатындығын дәлелдеді.

Жазушы творчествосын зерттеушілер «Шын берілген адам» "Верноподданный" 1914, деген топтамға келді. Онда романды зерттеудің жаңа аспектілері айтылған, сатиралық шығармаларға тұтас анализ жасау принциптерін қайта өңдеуге ұмтылыс бар. Еңбекте сатиралық шығарманың жасалуына шындықты қайшылықтарды бойына жинаған материал ғана негіз болатындығы айтылады. Жазушы сатирик фактілерді талдауда ерекше принциптерге сүйенеді. Ол қосалқы маңызсыз мәселелерді алып тастап, оқушы соны аяусыз әшкерелейді. Осы жаздай дами отырып, II

Вильгельмді демоктарияда бейнелейтін эпизодта анықталады. Осы эпизодтың әртүрлі интерпретациясы көрінеді. Өзі туралы найзар пікірі, оның немістің жергілікті адамы блып қабылдануы, Г.Маннның «Ғасыр шолуы» кітабындағы документалды жазба, ақырында бұл эпизодтың «Шын берілген адамдағы» аллетрациясы. Бұндай қарама-қарсы анализ романдағы интерпретациясын, оның көркемдік ерекшелігін ұғынуға мүмкіндік береді. «Шын берілген адам» романындағы сатиралық ситуациялардың идеялық – көркемдік функциясы барынша зерттелген. Сатираның ситуациялар шығарманың маңызды компоненті ретінде көрінеді, оларға негізгі идеялық салмақ түседі. Романның тағы бір ерекшелігі – ситуациялардың бейтарап жағдайда берілді. Романда Г.Маннның алдына күрделі эстетикалық мәселе, яғни шығарманың әр түрлі элементтерін қолдану мәселесі қойылған. Жазушы сатираның және сатираның емес роман жоспарын «қабыстарын» шығарманың көркемдік биіктігіне қол жеткізген. Жазушы трилогиясының «Империя», «Жарлылар», «Бас» романдарындағы сатиралық образдармен осы үш романында жүздесеміз. Алайда «Жарлылар» мен «Бас» романдары таза сатиралық туындылар емес. Біріншісінде еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтардың өткір әлеуметтік проблемалары, екіншісінде бірінші дүние жүзілік соғыс қоарсаңындағы неміс интеллегенциясының қиын ізденіс жолдары баяндалған. Романдарда идеялық проблема мен көркемдік ерекшеліктері ашылған. Алайда бізді осы екі романның бейнелеу жағынан жақындығы қызықтырады. «Жарлылар» «Бедные» (1917) мен «Бас» «Голова» (1925) романдарында сатиралық бастау негізгі орын алмайды. «Жарлылар» романында автор буржуазия интелегенциясының саяси табансыздығын әжуалдайды. Ал «Бас» романында жоғарғы топ, сауда өкілдерінің және кайзерлердің образы арөылы ол күштерге сын айтылғады.

«Империя» «Империя» (Kaiserreich) трилогиясын бітіргеннен кейін жазушы көп уақыт сатира жазбады. Алайда оның сатиралық емес шығармаларында (Мария ана-1927, Үлкен іс лозон) сатиралық образдар кездеседі. "Лидица" романының идеялық мақсаты фашизмнің шегіне жеткен зұлымдығын әшкерлеу болатын. Ал баяндаудың традициялық формасы бұл міндетті шеше алмады. Шұғыл баяу мен жан толқытар сөз тіркестері керек болды. Жазушы сондықтан әдеттегідей емес тамаша жанрға барды. Әдебиеттануда көбіне бұл романды «сахнадағы роман» ретінде анықтайды. Г.Маннды зерттеушілер тек жеке ескертулермен шектелді, бізде де, шет елде де бұл шығармаған толық зерттелген жұмыс жоқ. Роман бөліммен диалогпен жазылған көріністерден тұрады, ал автордың қысқаша түсінігі жанрлық принципімен құрылған. Романдарда көне өнеріне тән белгілер де байқалады. Кейбір зерттеушілерде оны «кинороман» деп те атайды, бірақ оның мазмұнын аша алмайды. Бұл қызықты мәселеге тоқтала отырып, киноға тән белгілер экспрессия мен істің қызуқандылығын тудыратынын айтамыз. Жанрлар синкретизмін ұмтылмас әрқашан табысты болған жоқ, кейде шығарманың эстетикалық бүтіндігіне нұқсан келтірсе де, джазушының бұл ізденісін жемісті деп санауымыз керек. Өйткені жанрлардың өзара байланысы қазіргі неміс жазушыларының (Пленцдорф, Герман, Кант, Гюттерде Байрон) шығармалары орын алады. "Лидица" романындағы шарттылық проблемасы совет әдебиеттануында (Ю.Манн, Т.Мотылева, Б.Сучков, Л.Новиченко, В.Дмитриев, А.Махейлова, И.Фрадкин, В.Щербанд) қалай шешетіні көрсетіледі. Біз шарттылықты жерге тән көркемдік көрсетіледі. Біз шарттылықты жерге тән көркемдік қамтудың бір құралы ретінде қараймыз. Шарттылықтың сатираға тән екені басқа формаларда да қолданылатыны ашып көрсетеміз. (кинороман "Лидица" 1943), «Лидица» романында шарттылық барлық көркемдік – комюзиялық құрылымының ұйымдастырушысы бастауы басып табылады. Шартты характер чек студенті Павелдің ерекше қасиетімен көрінеді және күлкілі көрініс қатарын туғызады. Мұнда шарттылықтың түрлң формалары талданады: характер шарттылығы мен жағдай шарттылығының тіркесі, шындыққа сай характер және шартты жағдай. Роман кемшілігі трагедиялық тақырып комедиялық гротеск формасында шешілген деп ойлайтын шет ел және совет зерттеушілері арасындағы пікір болып табылады. Біз өз жұмысымызда

романды шегіне жететін шарттылық романның трагедиялық бастауын нақтылай түсінетінін дәлелдейміз. «Қор болған еуропа халқы, -деп жазды Г.Манн, - бір күндері қорлаушылардың салмақты қабылдау оларға үлкен мақтаныш екенін ұғады. Құлдыраған аморалистер зұлымдықты тарата отырып, күлкімен кудаланған өмірден кетулері керек». Бұл сөздердің жазушының соңғы сатиралық романына берген бағасы мен сатираның әлеуметтік орны айтылған.

Романдар жөніндегі зерттеу еңбектерінің және жанрдағы сатираның идеялық – эстетикалық функциясы жөнінде мәселе қорлауы. Жұмысты В.Белинский жазғандай, сатира ерекше ақындық асқақтық беретін болса, басқалары сатиралық форма шегінде көркемдік – эстетикалық шешімге қол жеткізе алмайды. Ол роман – эпопеяға жата да алмайды. Бұл Г.Маннның IV Генрих туралы диалогиясы мен «Ұлы Фридрих туралы оқиға» романы жазушы шығармаларының шыңы болса, екінші сатиралық роман түріндегі жазылған. Жинақталған мол материалға қарамастан Г.Маннның «Ұлы Фридрих туралы оқиға» романында материалдың бестен бірін пайдаланды, кездейсоқ емес сияқты. Бұл романды жазуға жазушы он жыл уақытын берді. Роман айқын творчестволық сәтсіздікті көрсетті. Себебі роман-эпопея онда сатиралық образ болса да сатиралық шығарма бола алмайды. Бұл сатиралық тәсілі жазушы алдында үлкен мүмкіндік туғызумен бірге белгілі шек қоятынын көрсетеді.

Г.Манн романдарының биік көркемдігі жазушының талаптылығының ғана емес, форма мен мазмұн үйлесімімен айқындалады. Жазушының саяси романы сатира тәсілімен құрылатын автор позициясының ашық болуын талап етті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Пospelов Г.Н. Проблемы литературного стиля, Изд. МГУ, 1970, 330 стр.
2. Кобзарева, Лидия Владимировна. Сатирические романы Генриха Манна : диссертация ... доктора филологических наук : 10.01.05. - Свердловск, 1982. - 500 с. : Литература стран Западной Европы, Америки и Австралии
3. Гуляев Н.А. Теория литературы. М.: Высшая школа, 1977, с 181.
4. Мотылева Т. Л. Первый антифашистский роман / Т. Л. Мотылсва. - М., 1974.
5. Евнина Е.М. Западноевропейский реализм на рубеже XIX-XI веков М.: Надка 1697, с 40.
6. Лейтес Н.С. Немецкий роман 1918-1945 годов Пермь, Пермский университет, 1975, с 25.
7. Бочаров С. Психологический анализ в сатире. В книге.: Эльсберг Я. Вопросы теории сатиры. М.: сов. писатель, 1957г, с 246-279.
8. Луначарский А.В. Статьи о литературе. М.: Худ.лит, 1957, с 337.
9. Вулис А. В лаборатории смеха. М.: Худ.лист, 1965, с 42.
10. Танасов А.М. Эстетическая природа карикатуры. М.: 1973, с 2-3
11. Знаменская Г.Н. Генрих Манн : критико-биографический очерк / Г. Н. Знаменская. — М., 1971.
12. Боров Ю.Б. Художественный стиль, метод, направление: / Ю.Б. Боров // Теория художественных стилей: Современные аспекты изучения. — М.: Наука, 1982. — С. 76—90.
13. Запровская А. Вальцель Оскар Вальцель // Литературная энциклопедия: в 11 т. — М.: Ком. Акад., 1929—1939. — Т. 2, с. 93—95.
14. Генрих Манн — Томас Манн. Эпоха. Жизнь. Творчество : переписка, статьи. — М., 1988,
15. Нартов К. М. Генрих Манн / К. М. Нартов. — М., 1960.
16. Манн Г. В защиту культуры: сборник статей / Г. Манн ; сост., гтредисл. Г. Знаменской. — М.. 1986.

УДК: 82-13 (574)

САТИРИЧЕСКИЕ РОМАНЫ ГЕНРИХА МАННА И ОСОБЕННОСТИ ЕГО ИЗУЧЕНИЯ

Мусаев А. М.

Западно-Казахстанский инновационный технологический университет, г. Уральск

Аннотация. В данной статье раскрывается своеобразие сатирических романов классика немецкой литературы Генриха Манна. Новый методологический подход автора литературному наследию писателя является новизной в современном литературоведении. Если прежде творчество писателя было исследовано с точки зрения историко-литературного подхода, то в данной статье раскрыто теоретическое своеобразие сатирических романов

Ключевые слова: дискуссия, сатира, художественное описание, жанр, образ, роман, творческий прием, реализм.

ХАКІМ АБАЙ – АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІНІҢ АҚЫЛ-ОЙ АЛЫБЫ

Тебегенов Т. С.

Қазақстан Республикасы Гуманитарлық Ғылымдар Академиясының академигі,
Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Алматы қ.

Аннотация: Бұл мақалада жалпыадамзаттық гуманистік көркем ойлау тұтастығы сипатымен бағаланатын тарихи тұлға Хакім Абай туралы жазылған. Хакімнің жалпыадамзаттық гуманизм биіктігіндегі ұстаным көзқарастары төл лирикалық өлеңдеріндегі, поэмаларындағы азиялық («Масғұт», «Әзім әңгімесі» - «Мың бір түннен» нәзира), «Ескендір» (еуроазиялық сюжеттерден нәзира), көркем аудармаларындағы (Дж.Байрон, В.Гете, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов), қара сөздеріндегі (Сократ, Платон, Аристотельдің философиялық-педагогикалық сұхбаты стилімен жазуы) – сарындарынан ұлттық және жалпыадамзаттық көркемдік-эстетикалық көркем ойлау тұтастығының феномен болмысын танимыз.

Кілт сөздер: Хакім Абай, гуманизм, философия, поэма, көркем аударма, қара сөздер, рухани мәдениет.

Адамзат өркениеті – мыңжылдықтар бойы ата-бабаларымыз бен ұрпақтардың ақыл-ой жетістіктерінен құралған материалдық және рухани мәдениет қазынасы. Ұрпақтардың адамгершілік-имандылық рухымен тәрбиеленіп қалыптасуында тарихтағы дара болмысты дарынды-данышпан тұлғалардың тәлімгерлік-тәрбиешілік ықпалы ғасырлар бойы жалғасып келеді. Қазақ өркениетінің ежелгі сақ, ғұн, түркі дәуірлерінде негізі қаланған, ғасырлар бойы жалғасқан осы дәстүрі әрбір жаңа буын өкілдерінің рухани жаңғыру, серпілу ұстанымдарымен дамытылуда.

Әлем өркениетінің өткен мыңжылдықтар белестерінде Жаратушы Алланың Елшісі Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.) және оның төрт досы (Әбубәкір, Омар, Осман, Әлі) – адамзаттың ең басты тәлімгерлері-тәрбиешілері болды. Осы дәстүр аясында біз Жер планетасындағы бүкіл адамзаттың, халықтардың материалдық және рухани мәдениеті құндылықтарын өздерінің ақыл-ой дүниетанымының арқауы еткен хакім ойшылдарды (Лұқпан хакім, Конфуций, Әбу Насыр Әл-Фараби, Лев Толстой, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар

Әуезов, Шыңғыс Айтматов) – жалпыадамзатқа ортақ гуманизм шыңындағы тұлғалар тұрғысында бағалаймыз.

Хакім Абай – сөз арқауындағы жалпыадамзаттық гуманистік көркем ойлау тұтастығы сипатымен бағаланатын тарихи тұлға. Хакімнің жалпыадамзаттық гуманизм биіктігіндегі ұстаным көзқарастары төл **лирикалық өлеңдеріндегі, поэмаларындағы** азиялық («Масғұт», «Әзім әңгімесі» -«Мың бір түннен» нәзира), «Ескендір» (**еуроазиялық** сюжеттерден нәзира), **көркем аудармаларындағы** (Дж.Байрон, В.Гете, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов), **қара сөздеріндегі** (Сократ, Платон, Аристотельдің философиялық-педагогикалық сұхбаты стилімен жазуы) – сарындарынан ұлттық және жалпыадамзаттық көркемдік-эстетикалық көркем ойлау тұтастығының феномен болмысын танымыз. «Сегіз аяқ» өлеңінде хакім осы ұстанымын айқын білдірген:

Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп
Екі жаққа үңілдім [1, 89-б.].

Хакімнің ақындық шығармашылық кезеңіндегі бірқатар өлеңдерінің («Иузи – раушан, көзі гауһар», «Әлифби өлеңі») Шығыстың классикалық поэзиясы дәстүрі ізімен жырланғаны мәлім. Шығыс классикалық поэзиясы алыптарының рухына арнауы да жасөспірім кезінен-ақ хакімнің жалпыадамзаттық-гуманистік биіктіктегі тұғырнамасын танытады:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фердоуси,
Хожа Хафиз – бу һәммәси
Мәдәт бер шағири фәрияд [1, 10-б.].

Хакім Абай – Шығыс, Батыс әдебиеттерінің философиялық-педагогикалық ғылыми-мәдени дүниетаным ұстанымы тұтастығындағы қайраткер-ойшыл. Ол жалпыадамзатқа мыңжылдықтар белестерінде Жаратушы Алладан түскен төрт кітапты (Инжіл, Тәурат, Зәбур, Құран Кәрім), Алланың – жалғыздығын, Құран Кәрімнің – шындығын, Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Елшілік хақтығын жырлады. Адамзатты жаратқан **адамзатты**, пайғамбар жолы **әділеттілікті** сүюдің бүкіл адамзатты өркендететінін насихат еткен:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті,
Алланы танытуға сөзі айрылмас.

...Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй Ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрінен сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы деп сен тахких біл.
Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,
Басты байла, жолына, малың түгіл.

Дін де осы, шын ойласаң, тағат та осы,
Екі дүние бұл тасдиқ – хақтың досы.
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, әуесқой – онан шошы!

...Алланың, пайғамбардың жолындамыз,

Ынтамызды бұзбастық иманымыз.

Пайда, мақтан, әуесқой, шайтан ісі,

Кәні біздің нәпсіні тиғанымыз?» [1, 247-248-б.б.].

Әдебиеттану ғұламасы Ахмет Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында («Қазақ» газеті, 1913, №4) хакім Абай өлеңдерінің поэтикалық-мағыналық тереңдіктерін, ата-бабалар мен ұрпақтарға жалғасқан көркемдік-эстетикалық дүниетаным кеңістігін, ойшылдық-сыршылдық ерекшелігін айқындап бағалаған-ды. Қазақ сөз өнерінің көпғасырлық ақындық өнер тарихында Абайдың ойшылдық-суреткерлік деңгейіндей ақындардың болмағанын атап көрсетті. Бұл – Алаштың ағартушы ғалымының Абай шығармашылығының адамзат өркениеті жетістіктері қатарындағы биік деңгейін бағалау көрсеткіші. Әлем өркениетінің классикалық мұраларымен жан-жақты таныс болған Ахмет Байтұрсынов – Абай шығармашылығын ұлттық сөз өнері үлгілерімен сабақтастыру аясында әдебиеттану ғылымындағы әлемдік әдеби ықпалдастықтарды, поэтикалық үндестіктерді кешенді қарастырудың негізін салушы.

Хакім Абайдың әдеби-философиялық көзқарастары – оның поэзиясының да, қара сөздерінің де, көркем аудармалық шығармаларының да алтын арқауы. Лирикалық өлеңдеріндегі азаматтық, көңіл-күй, философиялық толғаныстары («Көңілім қайтты», «Қартайдық қайғы ойладық», «Келдік талай жерге енді», «Жақсылық ұзақ тұрмайды», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?», «Ішім өлген сыртым сау», «Қажымас дос халықта жоқ»), махаббат, ғашықтық сезімдермен өрілген тебіреністері («Қор болды жаным», «Сен мені не етесің», «Қызарып, сұрланып», т.б.), табиғат суреттерін айшықтау («Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғытұрым»), оқу, білім, ағарту, тәрбие мәселелерін жырлауы («Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық», т.б.), ақындық өнер туралы бағалауы («Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы», «Адамның кейбір кездері», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», т.б.), табиғат пен адамның мінез-құлық, іс-әрекетін, сезімін астастыруы («Желсіз түнде жарық ай», «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай», «Көлеңке басын ұзартып», т.б.), сатиралық сарынды сыншылдығы («Адасқанның алды жөн», «Байлар жүр», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Көзінен басқа ойы жоқ», «Менсінбеуші ем наданды», т.б.), ән-өлеңдеріндегі философиялық-психологиялық ойшылдық-сыршылдық тұтастығы («Алыстан сермеп», «Сен мені не етесің», «Қор болды жаным», «Ата-анаға көз қуаныш», «Сүйсіне алмадым, сүймедім», «Біреуден біреу артылса») – бәрі де хакімнің жалпыадамзаттық көркемдік-эстетикалық дүниетаным аясында жырлауымен ерекшеленеді.

Хакім Абайдың М.Ю.Лермонтовтың отызға жуық өлеңін, оның ішінде Дж. Байронның, В.Гетенің де өлеңдерін, сонымен бірге А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасынан алынған хаттар негізіндегі жырларын, И.А.Крыловтың бір топ мысалдарын нәзиралап жырлауы – бәрі де оның әлем өркениеті кеңістігіндегі ақыл-ой алыптарымен деңгейлес шығармашылық-ойшылдық танымын танытады. Әлемдік фольклорлық-әдеби сюжеттер негізіндегі поэмаларындағы («Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі») дидактикалық-педагогикалық, философиялық-психологиялық тұжырымдары да адамзат ұрпақтарына ортақ тәлімгерлік-тәрбиешілік ұстаным айқындылығымен ерекшеленеді.

Хакім Абайдың қара сөздері – стиль, мазмұн жағынан көркемсөздің, өзіндік жаңашылдық үлгілері. Қара сөздері – сыншылдық-ойшылдық сипатымен адамгершілік-имандылық қасиеттерін саралап бағалаудың даналық ой қорытпалары. Хакімнің қара сөздері әлем өркениеті ойшылдарының (Сократ, Платон, Аристотель, Конфуций, т.б.) шәкірт пен ұстаз арасындағы философиялық-дүниетанымдық сұхбаттарымен де үндеседі.

Абайдың қара сөздерінде халық тарихы, қазақ еліндегі қоғамдық құрылыс, елді басқару, оқу-ағарту, ғылым, өнер-білім игеру, халықтық тәлім-тәрбие, еңбек, шаруашылық, мінез-құлық, дін, имандылық, мағыналы өмір сүру мәселелері қамтылған.

Қара сөздердің жанрлық жүйесіндегі түрлердің (тарихтық мақала-очерк, мысал-өсиет әңгіме, афоризм, дидактикалық-педагогикалық кеңес, көсемсөздік памфлет, мемуарлық мақала) жаңа жазба реалистік әдебиетіміздің әлем өркениеті деңгейіндегі көркемдік биіктігін дәлелдеді.

Хакім Абайдың әдеби және ғылыми шығармашылық ұстанымы жүйесі – қазақ халқы мен әлем халықтары дүниетанымына ортақ әлеуметтік психологиялық хал-ахуалдың үндестігі-тұтастығы тұрғысында еңбек етуінің нәтижелері. Көркем аудармаларының осындай поэтикалық-психологиялық сипатын Мұхтар Әуезов айқын түсіндіреді: «Барлығын да өз жүрегіне түсінік, өз халіне жанасатын, өзінің әлеуметтік мұң-арманына тап келетін және өз хиялына үйлесетін, ерекше бір жақындығы болғандықтан аударарды. Аудармалар ақынның өз жүрегінен толқып шыққан қайғылы шердің де айнасы, толас-тынысы сияқты болады.

...Бұнысы – аударма ғана емес, Европа, Шығыс әдебиеті тарихында көп ғасырлар бойында тәжірибеде болған сарын қосу сияқты бір жол. Алдыңғы ақын сезіміне, әңгімесіне, ой толғауына сүйсіне отырып, өз ішіне де соған үндес қоғамдық сыр шығарып, қосыла күңіреніп, қатар шабыттанып кетеді. Бұл түрдегі сезім ойлауы әдейі істелетін, өзіндік тумаларға жақын боп шығады. Сондықтан, бұл алуандас ақындық еңбегінің кейбіреулерін құр аударма деп қарамай, Пушкин, Лермонтов, Байрон сарынымен жазылған шығармалар деп тану керек» [2, 70-б.].

Хакім Абай – Шығыс пен Батыстың көрнекті ойшылдарының-ғұламаларының еңбектеріндегі, ақын-жазушыларының шығармаларындағы көркемдік-эстетикалық, тәлім-тәрбиелік насихатты өз ұстанымымен тұтастырған данышпан. Мұхтар Әуезов «...жалғыз өз өсиетін айтпай, ...өзі оқыған қызықты, шебер романдарының көбін өз тілі, өз аудармасы (редакциясымен) әсем әңгіме қып айтып береді.

...Абай тәрбиесінің тағы бір ерекшелігі – ол өзін «шығыс адамы едім», «мұсылман едім» деп, дін тұсауына бағындырмаған. Халқына үлгі, тәлім етіп айтқанда, өлеңінде Толстой, Салтыков-Щедринді ұсынғаны сияқты, ауызша өсиетте де Аристотельді, Белинскийді қоса айтады. Ұлттық, діндік тар көлемде есте қалмайды» [2, 70-71-б.] – деп, хакімнің тыңдаушыларын өзінің оқыған кітаптарын ауызша баянды айтуымен педагогикалық-эстетикалық тәлім-тәрбие берудегі ұстаздық қызметін бағалаған. Тыңдаушыларына, қазақ ортасына «Абай айтуынан тараған... жаңа, соны әңгімелердің ішінде...» [2, 70-б.] ғұлама-суреткер Мұхтар Әуезов Азия, Африка, Еуропа, Америка құрлықтары халықтары фольклорлық эпос мұраларын («Мың бір түн», «Шаһнама», «Бақтажар», «Ләйлі-Мәжнүн», «Көрұғлы сұлтан», т.б.), ақын-жазушылар шығармаларын (А.Дюма «Үш мүшкетер», «Он жылдан соңғы», «Король қатын Марго», «Лесаж», «Ақсақ француз» («Хромой бес»), А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов әңгімелері, Батыс Европадағы орта ғасырдағы инквизиция соты дәуірін суреттейтін «Қызыл сақал» романы; Америка, Африка жабайылары арасында болған «жәһән-кездер» туралы романдар, т.б.) оқыған хакімнің оқырмандық қоры көлемін айғақтайды. Демек, хакім Абайдың әлем өркениеті тарихындағы хакімдермен қатарлас тұлғасына тән дүниежүзіндегі халықтардың (араб, парсы, үнді, грек, итальян, орыс, ағылшын, француз, африкандық, американдық, т.б.) фольклоры мұраларымен, классикалық көркем әдебиет шығармаларымен мол хабардар болғанын білеміз. Өзі оқып қана қоймай өзін қоршаған әлеуметтік ортадағы тыңдаушыларына жастарға да, ересектерге де әңгімелеп түсіндіруі де ұстаздық-гуманистік ұстаным биіктігін байқатады.

Абайтанушы ғұлама-ұстаз Мұхтар Әуезовтің хакім Абай шығармашылығының Шығыс әдебиетіне қатысты пікірлерін қазіргі рухани жаңғыру талабына орай қайталап еске аламыз: «Бізде бүгінге дейін Абайдың Шығыспен байланысын айтқанда, кейбір жайлар ұшқары сөйленеді. Абай мұсылманша оқығандықтан араб, фарсы тілін түгел білген боп суреттеледі. Кейбір зерттеушілер Абайды араб, фарсы классиктерін де түгел білген етіп қояды.

Анығында, бес-алты жыл мұсылманша оқығанмен ол кездегі шабан оқытудың шалағай методикасын еске алғанда, Абай арабтың классик поэзиясын түгел ұғарлық дәрежеге жетті деу, асыра сөйлеу болады» [2, 94-б.]. Мұхтар Әуезов тілдері түсінікті Науаидың, Фзулидің ескі өзбек тіліндегі түрікшеленген аудармаларынан Фирдоусидің, Сағдидің, Қожа Хафиздің өлеңдерімен танысқанын баяндай келе мынадай тұжырым жасаған:

«Ал, олай болса, Абайдың Шығыс поэзиясымен таныстығын атағанда, оның үлгі еткендері осы күнгі ... шығыс елдеріміз: азербайжан, өзбек, тәжік сияқты елдердің ұлы классиктері деу керек» [2, 94-б.].

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының салтанат құрып келе жатқан жаңа тарихының ұлттық-мемлекеттік идеологиясының басты арқауы хакім Абайдың әдеби-ғылыми көркем ойлау шығармашылық мұрасы болып келеді. 1995 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының ЮНЕСКО бағдарламасы аясында әлем өркениеті кеңістігінде 150 жылдық мерейтойы тойланды. Хакім Абайдың сол 150 жылдық әлемдік мерейтойының салтанатты мәжілісінде «Абай туралы сөз» тақырыбымен баяндама жасаған Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Н.Ә.Назарбаев хакім Абайдың ойшылдық биіктігінің шығармашылық-суреткерлік әлемінің ұлттық топырақтан өніп, жалпыадамзаттық ортақ қазынаға айналған құндылығын атап көрсетті:

«Абайдың әуелден-ақ әкенің баласы болмай, адамзат баласы болуды армандағаны белгілі. Бұл жолғы тойдың төріне сол көксеген мұратына жетіп, барша әлемге аты қадірлі, сөзі өтімді, пікірі қымбат. **Адамзат Ардағы, Адамзат Ақыны, Адамзат Ақылманы** болып көтеріліп отыр.

...Абай Құнанбайұлының әлемдік санадан өз орнын алатындай елеулі құбылыс болуы тек оның әдеби ізденістерімен шектелмейді. Әдебиет – Абайдың күллі дүниелік болмысқа, адами, ұлттық, кісілік, тарихи, заманалық болмыстарға бойлайтын кәусар дариясы; ежелгі дүниеден мәңгілікке дейін көл-көсір көсіліп жатқан рухани әлемге, рухани ғарышқа, универсиум деп аталатын ғалами дүниенің ғажайып қиырларына шегер **бір жағынан азапты, бір жағынан ләззатты** сапарының бастау қақпасы, әрі тереңге бойлап, кемелге ұмтылар талпыныстарының алтын баспалдағы болды. Абайдың ойшылдық қарымы мен зерттеушілік тегеуріні де өз заманының шым-шытырық қайшылыққа толы шындығы белгілеп берді. Сол шытырманнан шығар жол іздеп жүріп, ол өз халқының ұлттық бітімін жан-жақты пайымдады. Оның басындағы тақсыретті егжей-тегжейлі талдады. Сөйтіп, кеселіне дауа, келешегіне бағыт қарастырды. Халқына қамқор, ұлтына жанашыр болам деп жүріп, **күллі адамзатқа мейірбан гуманистік өреге көтерілді**. Кісі мен кісінің де, халық пен халықтың да арасында бола беретін кикілжіңдердің бәрінен жоғары тұра білді» [3, 7,24-25-б.б.].

Бұл – қазақ өркениеті тарихындағы Ұлы Далада туып-өскен Жаратушының (Тәңірі – Алла – Құдай) күдіретімен өзіндік дара дарындылығымен әлем өркениетін мойындатқан тұлғаларымыздың барлығына да ортақ бағалау. Яғни, бұл арада әлем өркениетінің ҰСТАЗЫ атанған Әбу Насыр Әл-Фараби мен хакім Абай Құнанбайұлы ойшылдық-данышпандық тұлғаларының да тектестігін, үндестігін басты назарға аламыз. Сөз арқауындағы хакім Абайдың материалдық және рухани мәдениет салаларына арналған философиялық-психологиялық тұжырымдары сыншыл ой қорытындылары, бағалаулары – бәрі де Әбу Насыр Әл-Фарабидің жаратылыстану, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар салаларындағы ойларының жалғастығын, тұтастығын аңғартады. Мысалы, Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Өлең өнері туралы трактаттар» атты еңбегіндегі ақындарды үш топқа саралап, бағалаулары мен хакім Абайдың «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңдеріндегі үндестіктері анық. Ал, Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» атты трактатындағы әуез өнері туралы ойлары мен хакім Абай өлеңдеріндегі әуез, әншілік орындаушылық өнер туралы бағалаулар да бірін-бірі жалғастыра дамытқандай әсер береді. Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Ғылымдар туралы» трактатындағы тұжырымдары мен хакім Абай

Құнанбайұлының «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба!» және қара сөздеріндегі ойлары да үндес. Ұлы Даланың жалпыадамзаттық өркениеттік биік деңгейдегі ақыл-ой алыптарының Жаратушыға (Тәңірі – Алла – Құдай) арналған тілектері де үндес. Екеуінің де шығармаларында Жаратушыға (Тәңірі – Алла – Құдай) арналған танымдық мағыналы мүнәжат тілектерінен ғарыштық-ғаламдық кеңістіктегі жалпыадамзаттық гуманистік-эстетикалық көркем ойлау ұлағатын сезінеміз.

Қазақстан ғылымының тарихында Әбу Насыр Әл-Фараби мұрасының туған Отанына – Қазақ Еліне қайта оралуын тұңғыш жүзеге асырған, Әлемдік Ұстаздың жаратылыстану, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар салаларына арналған еңбектерінің барлығын әлемнің әр түкпіріндегі мемлекеттерден сабыла іздестіріп тауып жинаған, Қазақстанда кітаптарын тұңғыш жариялаған, Әлемдік Ұстаздың ғылыми шығармашылығы туралы халықаралық конференцияларда, симпозиумдарда баяндамалар жасаған ғалым-жазушы Ақжан Машановтың есімін айрықша бағалаймыз. Ғалымның «Фараби және Абай» атты ғылыми-танымдық монографиясында [5] Әбу Насыр Әл-Фараби мен хакім Абай мұраларындағы үндестіктер – сабақтастықтар жүйелене көрсетілген. Әсіресе, Фараби мен Абай шығармашылығындағы дүниетанымдық көзқарастардың табиғаттану-жаратылыстану құбылыстары аясында қарастырылуы жүйелене бағалануымен ерекшеленеді.

Хакім Абайдың Шығыс және Батыс классикалық әдебиеті мен ғылымын өзіне рухани азық еткен ұстанымы ХХІ ғасырда да жалғасып келеді. ХХ ғасырдың 90-жылдары мен қазіргі ХХІ ғасырдың басындағы Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары аясында хакім Абай дәстүріндегі қазақ әдебиетінің Шығыс елдерімен әдеби-мәдени байланыстары, шығармашылық ықпалдастықтары жаңа серпінмен дамуда. («Азия елдері қаламгерлерінің І Форумы қатысушыларының Үндеуі», Нұр-Сұлтан қаласы, 4-6-қыркүйек 2019 жыл) [6, 12-13-б.б.]. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты тарихи-танымдық, мәдени-стратегиялық мақаласының «Әлемдік мәдениеттің тұлғасы» бөлімінде «Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан – әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады» деп бағалады. Мақаланың «Торқалы тойдың тағылымы» бөлімінде хакім шығармаларының, тұлғасының әлемге танылуындағы нақты жүзеге асырылу шараларын атап көрсетті: «Маңызды жобаның бір - ұлы-ақынның шығармаларын он тілге аударып, басып шығару. Атап айтқанда, Абай еңбектері ағылшын, араб, жапон, испан, итальян, қытай, неміс, орыс, түрік, француз тілдеріне тәржімаланады.

...Абайдың тұлғасы мен мұрасын ұлықтау шетелдерде де жалғасады. Ресейдегі, Франциядағы, Ұлыбританиядағы және басқа да мемлекеттердегі Қазақстанның елшіліктері жанынан «Абай орталықтарын» құру жоспарланып отыр.

...Осы және басқа да ауқымды шаралар ұлы Абайдың рухына тағзым етіп, оның мол мұрасын дәріптеу үшін өткізілмек. Ендеше бүкіл Қазақстан халқын осы игі бастамаға белсене атсалысуға шақырамын» [7,3-б.].

Қорыта айтқанда, хакім Абайдың әдеби, ғылыми мұрасы жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды жаңа буын ұрпақтардың тануы, бағалауы үшін мәңгілік бағдар бола береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай (Ибраһим Құнанбаев). – Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. Т.1: Өлеңдер мен поэмалар. -304б.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.20: Монография мен мақалалар. 1985.-496б.
3. Назарбаев Н. Абай туралы сөз. – Алматы: Рауан, 1995. – 160 б.
4. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттар.-Алматы: Арыс, 2009. – 656 б.
5. Машанов А. Әл-Фараби мен Абай.-Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.

6. Азия елдері қаламгерлерінің I Форумы қатысушыларының Үндеуі. Қазақстан Азия елдері қаламгерлерінің I Форумын өткізді // Қазақ әдебиеті №38 (3671), 13 қыркүйек 2019 жыл, 12-13-б.б.

7. Тоқаев Қ.К. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан // EGEMEN QAZAQSTAN, №5 (2973) 9 қаңтар, 2020 жыл, 1-3-б.б.

ХАКИМ АБАЙ-МЫСЛЕННЫЙ ГИГАНТ ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ

Тебегенов Т. С.

Академик Академии гуманитарных наук Республики Казахстан, лауреат
Международной премии имени Жамбыла, г. Алматы

Аннотация: В данной статье рассказывается об историческом человеке Хакиме Аббае, оцениваемом по характеру общечеловеческой гуманистической художественной целостности мышления. Взгляды Хакима на высотах общечеловеческого гуманизма в лирических стихах, поэмах азиатского происхождения («Масгут», «азимский разговор»- Назира из «Тысячи и одной ночи»), «Искандер» (Назира из евроазиатских сюжетов), в художественных переводах (Дж. Байрон, В. Гете, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов), в словах назидания (Сократ, Платон, Аристотель в стиле философско-педагогического диалога) – в мотивах мы узнаем феномен целостности национального и общечеловеческого художественно-эстетического художественного мышления.

Ключевые слова: Хаким Абай, гуманизм, философия, поэма, художественный перевод, Слова назидания, духовная культура.

ӘӨЖ 81/091

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫ ЖАЗУ МЕН ӘЛІПБИ ТУРАЛЫ

Қайыров А.Б., Исмагулова А.М.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы.

Аннотация. Мақалада XX ғасыр басындағы қазақ ағартушыларының еңбектеріндегі жазу мен әліпби мәселесі баяндалады. Атап айтқанда, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Е.Омаров, Т.Шонанов, т.б. ағартушылардың еңбектеріндегі қазақ жазуы мен әліпбиі мәселесі, араб және латын негізді қазақ жазуына қатысты ой-пікірлері қарастырылады.

Тірек сөздер: жазу, әліпби, араб таңбалы қазақ жазуы, латын таңбалы қазақ жазуы.

XX ғасыр басындағы қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынов «Біздің заманымыз – жазу заманы, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек» деп жазған еді [1]. Сол себепті ғалым 1910 жылдан бастап түркі халықтары арасында кең таралған араб жазуын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне ыңғайлап жетілдіреді. Нәтижесінде, төте жазу деп аталған 28 дыбыстан (9 дауысты, 19 дауыссыз) тұратын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне негізделген араб графикалы қазақ жазуы пайда болды. XX ғасыр басындағы көптеген

кітаптар, басылымдар осы төте жазумен шықты. Мысалы, 1913-1918 жылдары жарық көрген «Қазақ» газеті осы төте жазумен басылды. А.Байтұрсынов реформалаған жаңа қазақ әліпбиі, оның ережелері мен принциптері 1924 жылы 12-18 маусымда Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде қабылданады. Демек, осы жазуды 1924 жылы кеңес үкіметі ресми түрде мойындап, 1924-1929 жылдары алты жыл А.Байтұрсыновтың араб жазуы қолданылды.

Кезінде атақты кеңес ғалымы, профессор Е.Д.Поливанов А.Байтұрсынов әліпбиін *«Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году, я во всяком случае считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным правом могут гордиться киргизские деятели просвещения - создатели реформы, как крупным культурным завоеванием»*, - деп жоғары бағалайды. Жалпы, А.Байтұрсынов түрлеген қазақ әліпбиін орыстың белгілі ғалымдары Е.Д.Поливанов, Н.Ф.Яковлев, Л.И.Жирковтар жоғары бағалаған. Латын әліпбиіне ауыстыру саясаты күшеймей тұрған кезде олар түркі халықтарының Байтұрсынов әліпбиінде қалуын жөн көрген.

Алайда бұл кезде басқа түрік елдерінде латын жазуына көшу мәселесі қозғалып жатқан болатын. Латын әліпбиін насихаттау мен оған өтуге дайындық 1920-жылдардың басында басталды. Алғаш Әзербайжан Республикасынан бастау алған латын әліпбиіне өту ісі Қазақстанды да шарпыды. Латын әліпбиіне өту барысында Қазақстанда үлкен тартыс туып, зиялы қауым арасындағы әліпби айтысы бірнеше жылға созылды. Әліпби мәселесі алғаш рет 1924 жылы 12-18 маусым аралығында Орынборда болған қазақ білімпаздарының бірінші съезінде көтеріледі. Бұл съезде әліпби жөніндегі баяндаманы А.Байтұрсынов жасап, өзі түрлеген қазақ әліпбиінің тиімділігін жан-жақты дәлелдейді: *«Тексеріп қарасақ, латын әліпбиінің түрік әліпбиінен кемдігі болмаса, артықтығы көрінбейді. Жаманнан жақсыға, залалдан пайдаға бой ұру – жөні бар дұрыс іс, оны әркім-ақ қостауы тиіс, жақсыдан жаманға, пайдадан зиянға бой ұрғанда, оны дұрыс деп қостауға болмайды. Латын әліпбиін аламыз деушілер ол әліпбидің түрік әліпбиінен не артықтығын айқындап ашпай, пайдалы екенін бейнелеп түсіндірмей, тек пәлен-түгендер алып жатыр, біз де аламыз дейді. Еліктеу мен лепірту базары көтеріңкі нәрсе екені рас. Бірақ біреулер алып жатыр екен деп латын әліпбиін алуға болмайды. Біреудің істегенін дұрыс-бұрысын тексерместен істеу тек еліктеу болады. тесе қарап тексеріп, түрік әліпбиінен латын әліпбиінің артықтығы мынау, пайдалылығы мынау деп көрсеткен ешкімді әлі көргенім жоқ. Көбінік құр дүбірге қызу, дүрмекке еру сияқты көрінеді»*.

А.Байтұрсыновтан кейін баяндама жасаған Н.Төрекұлов латын әліпбиін қолдап, латынға көшудің артықшылығын алға тартады. Ол латын әрпі баспахана ісін жеңілдетеді деп, жазу машинкасына қолайлылығын баса көрсетеді. Съезде Е.Омаров, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, М.Тұрғанбайұлы бірауыздан А.Байтұрсыновтың пікірін қолдап, латын мәселесін тоқтату керек деген көзқарастарын білдіреді. Әсіресе, Е.Омаровтың *«Латын әрпін аламыз деу - тек сыртына қызыққандық. Біз латынның әрпін аламыз дегенше, Еуропаның мәдениетін қалай аламыз деп кеңесуіміз керек. Мәдениетсіз біреудің іші қуыс тонын киюдан пайда шамалы. Біз не нәрсенің де сәніне қызықпай, дәніне қызығуымыз керек. Латын әрпіне ентелегенше, біз қазіргі қолданылып келе жатқан әріптерімізді түзетін, баспахана қызметкерлеріміз – әріп түзушілерді даярлап, баспа істерімізді жөндеуге кірісуіміз керек. Нәзір айтқандай, басқа түріктер жиырма бес жылдан бері жазу машинасын дұрыстай алмай жүрген болса, біз қазір оны жасап, жазып отырмыз. Әлде болса да орынсыз латыншаны ортаға салғанша, өз әріптеріміздің кемшілігін толықтыралық, соны қолданалық. Бізді мәдениетке жеткізбей бөген жүрген түрік әліпбиі емес, сондықтан оны жазықсыз құрбан қылудың орны жоқ»* деген орнықты пікірі ерекше назар аудартады.

1924 жылдан бастап орын алған жаңа әліпбиге көшу мәселесі бірден өріс алып кете қойған жоқ. Алайда түрік халықтарына арналған әліпби жобалары 1924 жылдан

бастап Ресейдің Антропология және этнография музейі жанындағы Радлов үйірмесінде және Ленинград мемлекеттік университеті жанындағы лингвистикалық секцияда талқыға түсе бастайды. Латын әліпбиіне байланысты ғылыми пікірлерді бір жүйеге келтіру мақсатында профессор Л.В.Щербаның басқаруындағы арнайы комитет құрылады. 1925 жылы Солтүстік Кавказ тау халықтары арасындағы ағарту жұмыстары жөнінде өткізілген екінші конференцияда ингуш, кабардин, қарашай, адыгей, шешен халықтарының жазуын латынға ауыстыру туралы шешім қабылданады.

Қазақстанда 1924 жылы басталған әліпби ауыстыру мәселесі айтыс-тартыс тудырып, түрлі жиналыстарда, баспасөз құралдарында қызу талқыға түседі. Әсіресе, 1926 жылы 10 ақпанда Қызылордада жазу (графика) мәселесіне арналған жиналыс қызу пікірталаспен өтеді. Алғашқылардың бірі болып баяндама жасаған Ә.Байдилдин сөзінің басында латын әліпбиінің тарихына тоқталып, латын әліпбиінің интернационалдық әліпби екеніне айырықша мән береді. Одан кейін баяндама жасаған А.Байтұрсынов араб әліпбиінің жаңа латын әліпбиінен артықтығы болмаса, кемдігі жоғын айтып, өзі түрлеген қазақ әліпбиінің бес түрлі артықшылығын баса көрсетеді:

1. *Араб әліпбиі тез оқылып, оңай жазылатындықтан, күнделікті іс барысында сауатты адамдар үшін пайдасы мол.*

2. *Әріптерді үйрету және жаппай сауат ашу ісінде де араб әрпі жүйесі латынға қарағанда өте ыңғайлы.*

3. *Баспахана техникасы жағынан болсын, баспа өнімдерінің құны жағынан болсын араб әрпінің венецияндық түрі латынға қарағанда нашар болғанымен, түрленген түрі латынмен салыстырғанда көп жоғары.*

4. *Жазу мен теру машинкасына ыңғайлылығы жағынан араб әрпінің түрленген түрі латын әрпінен көш ілгері.*

5. *Араб әліпбиінің әріптер құрамы қазақ тілінің орфографиялық қажеттілігін толық қанағаттандырады [2].*

Сондай-ақ ғалым сөз соңында латыншылар тарапынан түрленген араб әліпбиіне таңылып отырған кемшіліктердің жөнсіздігін де ашып айтады.

Латын жазуына көшу Орта Азия түркі халықтарында, әсіресе, татар халқы мен қазақ даласында бірауыздан қолдау тапқан жоқ. Осы тұста түрік-татар халықтарын латын әліпбиіне көшіру ісінде ерекше қарсылық танытқан Татарстан болды. Араб әрпімен сауаттылар қатарының көптігін, арабша басылған еңбектердің молдығын алға тартқан татар халқының зиялы қауымы әліпби ауыстыру ісінде біразға дейін табанды қарсылық танытты. Тіпті 1926 жылы Бакуде болған Бүкілодақтық түркітанушылардың бірінші съезіне татар ғалымдары жеңілдетілген араб қарпінің жобасын дайындап апарды. Алайда латын қарпін алуға дайындалып барған қауым бұл жобаны талқыға да салмады. Осыған орай, кезінде араб жазуын жақтаған Елдес Омаров «Баку съезінің латын әрпі туралы қаулысы» атты еңбегінде «Татарлардың жаңа жобасы қабылданса, бұл күнгі әрібіміздің баспахана жағынан болып отырған кемшіліктері де жойылып, бұл жағынан латын әліппесіне қарағанда екі есе жеңіл болмақшы» деп татар ғалымдарына да қолдау білдіреді [3].

Бүкілодақтық түркітанушылардың бірінші съезінде Жаңа түрк әліпбиінің орталық комитеті құрылып, оған төраға болып С.А.Ағамалы-оғлы сайланады. Комитет мүшелігіне белгілі орыс ғалымдары Л.И.Жирков, Н.Марр, Е.Д.Поливанов, Н.Ф.Яковлевтер енді. Кейін бұл комитет Бүкілодақтық жаңа әліпби орталық комитеті болып өзгереді.

Съезде А.Байтұрсынов, Е.Омаров араб әліпбиінің артықшылықтарын көрсетіп, нақты дәлелдер келтіріп, латын жазуына көшудің қажетсіздігін дәлелдейді. «Менің алдымдағы баяндаманың ғылымдық пішіні болмады, үгіт пішінді баяндама болды. Бұл ғылымдық мәселе болғандықтан, бұған ғылым мұнарасынан қарауымыз керек. Араб әрпінің орнына латын әрпін алу деген мәселе тұрмыс жүзінде өте керек болғандықтан туып отырған мәселе емес. Тұтынып отырған әрпіміз қай жағынан да болса,

басқалардың әрпінен артық болмаса, кем емес» деп латынға деген мұқтаждықтың жоқтығын айтады.

«Түркі халқының араб әрпі негізінде жүргізген жазу мәдениеті бар. Жазу мәдениеті бар жұрттарға бір әріптен екінші әріпке көшу оңай жұмыс емес. Жайлап көшуге көп қаржы, уақыт, көп күш керек, өйткені екі әріппен іс жүргізуге екі есе қаржы, екі есе күш керек. Ондай қуат түркі жұртының бірінде де жоқ. «Өнерлі жұрттың ортақ әрпі екен» деп орыстар алмай отырғанда, ортақтығынан дәмелі болып біз аламыз деу болмас» деп, әліпби өзгертудің қиындығын да ескертеді. А.Байтұрсыновтың бұл сөзінен латын жазуына қарсы болғанда негізгі ойлағаны – елдің мәдениеті мен экономикалық жағдайы екенін көреміз. Ғалым латынға көшу арқылы қазақ халқы, біріншіден, рухани-мәдени дүниесінен айырылатынын, екіншіден, оқулық шығару, баспа ісі, тағы басқаларын латындандыру үшін көп қаржы керек болатынын ескертумен болады.

Қазақстанда 1924 жылы басталған әліпби айтысы 1927 жылға қарай өрши түсіп, қызу айтыс-тартыстар баспасөз бетінде де жарық көреді. Араб жазуына байланысты А.Байтұрсынов тұжырымын Е.Омаров, М.Дулатов, І.Ахметұлы, т.б. қуаттайды. Мысалы, Е.Омаров 1927 жылы Ташкентте сөйлеген сөзінде, сондай-ақ «Араб таңбасы», «Қазақша әліпби мен латынша әліпби», «Латынның еліктен басқа түгі жоқ» деген мақалаларында араб графикасын қолдап, нақты дәлелдер келтіріп, саясат ықпалымен кетпеу керектігін ескертеді.

«Қазаққа латын әрпі керек бе, керек емес пе? Латыншылдардың қазақ әліпбиін жоғалтып оның орнына латын әліпбиін алу керек дегенде, айтатын күшті дәлелдерінің бірі – елдің мәдениеті өсіп, алға басу үшін әліпби латынша болу керек, өнер-білімнің, мәдениеттің тетігі сонда. Онсыз надандықтан құтылуға болмайды деген дәлел.

Өнер-білімнің, мәдениеттің тетігі – әліпби екені рас, әріп танымайтын кісі кітап-қағаздың маңайына да жуып алмайды, ілім-білім жағынан су қараңғы болады. Надандықтан құтылу үшін, ең алдымен, әліпби керек екені даусыз, бірақ ол әліпби тек қана латын әліпбиі болу шарт емес, әр тілдің өзіне лайық әліпбиі болса болады.

Дұрысында мәдениеттің ең мықты тетігі, әліпбиден де артық тетігі – тіл. Бірақ ол тілдің орысша иә латынша, иә арапша болуы шарт емес, әр елдің өз тілі жарайды. Әліпбидің, жазудың керегі тіл үшін, жазумен әркім өзінің ауызекі айтатын сөзін қағаз бетіне таңбалайды, жазу - сөздің өзі емес, тек қана таңбасы. Біз өз жазуымызбен, өзіміздің қазақша әліпбимен қазақша сөзімізді бұлжытпай таңбалай аламыз. Ел-елдің жазуын бірі мен бірін салыстырып, бірінен бірін артық иә кем деуге болады. Түрлі жазуды солай салыстырып тексергенде, оны, ең алдымен, жазудың негізгі қызметі жағынан тексермей болмайды, ол негізгі қызмет - жазудың дәл болуы, жазу жақсы болса, сөзді бұлжытпай дәлдеп таңбалайды. Бұл жағынан тексергенде, жер жүзінде қазақша жазудан артық жазу жоқ. Бұны латыншылдардың өздері де мойындайды, - деп жазады автор [4].

І.Ахметұлы «Қазақстаннан шыққан Ахмет бұрынға араб әліппесін өзгертіп, қазақ әліппесін жазды. Неше жылдай қазақ елін шоқындырмақ болған миссионерлер, қазақ еліне үлгі көрсетіп, әліппе жасап бермек болған орыс білімпаздарының қолынан келмеген нәрселер Ахаңның ғана қолынан келді. Ахаңның дәйекшесін орыс білімпаздары да ілім жолындағы үлкен табыстың біріне қосып отыр» деп бағалайды [5].

1929 жылы 2-4 маусымда Қызылордада өткен ғылыми конференцияда да қаралған негізгі мәселе қазақ жазуын латын әліпбиіне ауыстыру болды.

Әліпби айтысында латынды жақтаушылар Ә.Байділдаұлы, Т.Шонанов, Ә.Ермеков, т.б. өз пікірлерін дәлелдеуге тырысып бағады. Алайда бұлардың қай-қайсысы да А.Байтұрсынов жазуын жоғары бағалайтындарын білдіре отырып, латынға көшудің қажеттілігі туралы айтады. Мысалы, Т.Шонанов «Бізде Ахаң еңбегімен, білім ордасының жігерімен жасалған жақсы емле бар. Емлеміз жақсы дегенге қосыламыз, бірақ таңбамыз, әліппеміз, әрпіміз жақсы дегенге қосылғымыз келмейді», - дейді.

Ал Ө.Ермеков *«Ахаң емлені түзеп, қазақ тілінің негізін орнатқанына біз түгіл, орыстар да қарсы емес. Емлеміздің дұрыс шешілгендігі, басқа елдердің көбінікінен артық екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Сондықтан біз Ахаң мәселенің қиынын шешті дейміз. Ендігі талас әріптеріміздің таңбасы туралы»*, - деп латын мен араб таңбаларының айырмашылығын сөз етеді.

Латын алфавитін алудың тиімділігін ғылыми тұрғыда қолдап, оң пікірін білдірген қазақ зиялыларының бірсыпырасы шын мәнінде ұлттың дамуына пәрменді серпін береді деген сенімде болды. Солардың қатарында Т.Шонанов «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы №87 санында жарияланған «Ескі әліппе, жаңа әліппе мәселесі» атты мақаласында былай деп жазады: *«Латын әліппесін алу керектігіне бір себеп мынау: латын әліппесі батыс Ауропа мәдениетінің әліппесі; Ауропа мәдениеті әлі көпке шейін жер жүзінің мәдениет бәйгесінде бәйгенің алдын бермеуі анық; сондықтан бір әліппе бүтін жер жүзіне әсерін тигізеді десек, сол әліппе – латын әліппесі болуға ыңғайы бар. Латын әліппесін алғанда, түрүк дыбыстарын тегіс таңбалау үшін бірлі-жарымды жаңа әріп қосу керек. Бұл – бір. Кейбір латын әрібін Ауропаның әр халқы әр түрлі айтады; түрүктерде кейбір латын әрібін Ауропадан басқаша атауға мүмкін, бұл – екі. Барлық түрүк елдерінің әліппесі біреу-ақ болу үшін, бірінің жазғанын бірі іркілмей тану үшін әліппені алғанда былай ету керек: жаңадан қосылған әріп неғұрлым аз болсын; латын әрпі өзінде қандай дыбысқа ие болса, түрік тілінде де сондай дыбысқа ие болсын; әріптің бұрынғы дыбысы тым бұзылмасын»*.

Латын әліпбиіне көшуге байланысты ғалымның екі еңбегінің маңызы ерекше. Олар: *«Латын әліппесін алуды неге тілейміз?»*, *«Үмбетұлы Мәжитке жауап»* атты мақалалар. Алғашқы мақаласын Т.Шонанов қазақ тіліне латын әліппесін алу не үшін қажет деген мәселеден бастап, әліппені мәдениеттің өлшемі деп санайды. *«Әліппе - мәдениеттің ең мықты құралының бірі. Әліппе мен тіл мәселесін шатастыру керек емес. Басқалардан да жақсы әліппені алу бізге оңайырақ. Араб әліппесі түрік елдерінің, оның бер жағында қазақ тілін дұрыс суреттей алмайды. Араб әліппесі оңдауды көтермейді. Әліппе мәселесі – әсіресе, оқытушыларға керек мәселе»* деп жазады автор.

Ғалым сондай-ақ әліппе мен тілді шатастырмай екі бөлек қарастыруды ұсынып, оның себебін, ерекшелігін ашып көрсетеді: *«Кейбір жолдастар тіл мен әліппе мәселесін шатастырады. Бұлай шатастыруға тіпті орын жоқ. Қазақ осы күнге шейін араб әліппесі мен жазып келді, бірақ қай қазақ араб тілін біледі? Тіл басқа, әліппе басқа. Қазақ тілінде кез келген әліппемен жазуға болады. Бірақ бір әліппе қазақ тіліне оңтайлырақ, бір әліппе бөлегірек болуға мүмкін. Латын әліппесін алса, қазақ тілі құриды, тілімізді ұмытамыз деу – жаңылыс ой; не жаңылыс түсіндірушілердің ойы. Әліппе бір тілмен, не оны шығарған елмен кіндіктес емес. Латын елі әлдеқашан жоқ болды, бірақ әліппесі әлі бар. Араб әліппесінің төркіні «Набетей» елі. Набетей елі, тілі жойылса да, араб әліппесі әлі бар»*.

Т.Шонанов латын әліпбиіне көшуді жақтаудағы мақсатын сол кездегі араб әліпбиі мен латын әліпбиінің дыбыстық құрамын, қолданыстағы артық-кемшілігін салыстыра талдай отырып, араб немесе латын әліппесін қолдайтын өзге зерттеушілердің пікірлерін мысалға ала отырып баяндайды.

«Әліппе – мәдениеттің мықты бір құралы болған соң, әліппенің кемшілігінен мәдениетке де кемшіл келетіні өз-өзінен анық. Олай болса, қай ел болса да жақсы әліппені алуға тырысу керек. Бірқатар жолдастар араб әліппесінен, қай жағынан қарасақ та, латын әліппесі артық дейді. Мұнан латын әліппесін алалық деген нәтиже шығады. Оның себебі мынау: төңкерістен соң қазақ тілінде мектептер ашыла бастады, кітаптар жазыла бастады. Газет-жорнал көбейе бастады, баспаханалар шықты, қазақ тілі кеңселерде жүре бастады. Бұлардың бәріне де әліппенің үлкен қатысы бар. Іс жүзінде араб әліппесінің үйренуге қиындығы, жазу-басу ісіне тиімсіздігі күнбе күн сезіле бастады. Бірқатар азаматтар араб әліппесінің кемшілігі көп, дұрыс әліппе алалық деп, латын әліппесіне тоқтады. Бірқатар азаматтар араб әліппесінің

жырттығын жасап, ұстай берелік десті. Кім біледі, мектеп, баспахана сықылдыларымыз көбеймесе, араб әліппесінің кемшілігі көпке шейін сезілмей жүре берер еді де. Бірақ тұрмыс ағымы айдап келіп, араб әліппесінің кемшіліктерін көрсетті».

«Латын әліппесінің бір зор кемшілігі - әріпінің саны аздығы. Бірақ түрік елдері тілінің дыбыс таңбалауға араб әліппесінен латын әліппесі оралымды.

Латын әліппесінде 24 әріп бар. Олардың он сегізі түрін де, дыбысын да өзгертпей қазақ тіліне жарайды. Ол он сегіз мыналар: А, В, D, E, G, J, K, L, M, N, O, P, R, S, T, U, Z, Y = 18. Араб әліппесі таза күйінде он үш дыбысымызды таңбалап отыр, латындікі он сегіз дыбысымызды таңбалап отыр. Сан тілін түсіндірудің керегі жоқ».

Сонымен қатар автор бұған дейін қолданылып келген араб әліпбиі емлесінің де кейбір артықшылықтарын жоққа шығармай, оң бағасын береді.

Ескерте кетеміз: түрік елдерінің ішінде емле ең дұрыс жолға қойылғаны - қазақ. Емле мен әліппені шатастырмасқа керек. Дәйекші, үндестік заңына сүйеніп, әлденеше әріп орнына тұр».

Т.Шонанов мақаласын әліппені халыққа үйретушілер – оқытушылар, мұғалімдер, сондықтан әліпби таңдау мәселесінде, ең алдымен, солардың пікірлері, ұсыныстары, ойлары ескерілуі тиіс деген тұжырыммен аяқтайды.

«Араб әліппесінің оқыту-үйрену, жазу, тасқа басу, мәдениет жағынан үлкен-үлкен міндері бар. Оларды ілгеріде жазармыз. Әзірге айтайын дегеніміз – мәдениет таратушы оқытушылар. Әліппе мәселесі басқадан гөрі оқытушыларға жақынырақ. Сондықтан әліппе мәселесіне оқытушылар өте-мөте зейін салып, сын көзімен қарап, істің анығына жетуге тырысып, өз ақылына дөп келген әліппеге бет бұруы керек» [6].

Латын әліппесі туралы Мәжит Үмбетұлының сұрағына жауап ретінде жазылған Т.Шонановтың келесі мақаласы да ғалымның алдыңғы мақаласында баяндалған ойларына мазмұны жағына толықтыру іспеттес. Бұл мақалада ғалым қазақ тілі әліпбиін ауыстырудың екі негізін атап көрсетеді.

«Әліппе жаңғыртуды екі жағынан қарау керек: 1) негіз жағынан, 2) іске асыру жағынан. Негіз жағынан дегеніміз: Осы күнгі тұтынып жүрген әліппеміз әліппе боларлық жарамды ма, жоқ па? Жарамды болса, артықшылығы қандай? Жарамсыз болса, кемшілігі нендей? Ол кемшілік жоюға келетін бе? Жойылмастай болса, жарамды әліппе қайсы?

Іске асыру жағы дегеніміз: араб әліппесінің кемшілігі сонша зор болып, басқа әліппені аламыз дегенде, жаңа әліппені қалай кіргізуге болады?».

Одан әрі Т.Шонанов араб не латын әліпбиі туралы баспасөз материалдары негізінде сол кезеңдегі екі түрлі ағымды атап өтеді, әрі екі әліпбиді қатар қолдана отырып, қайсысын таңдауды адамның өзіне қалдыруды ұсынады және жаңа әліпбиді аса сақтықпен пайдалануды ескертеді. «Бұл күнде жалғыз қазақ емес, басқа түрк елдерінің арасында да жаңа әліппе үшін тегіс қозғалыс бар. Бірқатарлары алып та отыр. Олар: әзірбайжан, қарашай, жақұт сияқтылар. Бірқатарлары алуға бел байлап, сійездерін өткізіп отыр. Олар: түркпен, қырғыз сияқтылар.

Жаңаны алғанда іске асыру жағы өте сақтықпен болмақ. Бұл жерде зорлық, бұйрық ұсталмасқа керек. Жаңа әліппешілердің әзіргі жобасы былай: әліппемізден шығарылған араб әріптерін Ақаң әліппе аяғына әлі жазып келеді. Латын әліппесі араб әліппесінің аяғында бір-екі бетте көрсетіlmек. Араб әліппесінен шыққандар латын әліппесін де әуестеніп біледі, екі әліппемен жазып, оқи алады. Соңынан тілесе, қай әліппемен жазсын, ықтияры» [7].

Х.Досмұхамедов А.Байтұрсынов жасаған араб графикалы қазақ жазуын жақтағанымен, латын жазуы үкімет тарапынан қабылданған соң, латын әліпбиін енгізу шараларына қатысуға мәжбүр болды. Ол «Қазақ тіліне латын хәрфін алу мәселесі» атты еңбегінде он баптан тұратын латын жазуының жобасын ұсынады. «Өзіміздің осы күнгі хәріфтерімізді тастап, латын хәріфтерін алуға қарсы пікірде болсақ та, айналамыздағы желіктің салқыны бізге де тиді. Қолданбасақ та латын хәріфтерін біз

де тілімізге үйлестіріп көру керек. Топқа түсетін болсақ біз де өзімізге лайық жобамен түсу керек. Пән ретінде қолдануға тағы керек. Біз осы күнгі Ауропа елдерінің дыбыс таңбалау жолын үлгіге алдық. Латынның бізде жоқ таңбаларын бос қалдырдық. Біздің дыбыс үшін латында таңба жоқ болғанда, шет таңбаларды латынға үйлестіріп алдық. Бірен-саран ғана латын таңбаларын ағайындас дыбысқа арнадық. Латын хәріфтерін білетін адам біздің жобамызбен қазақша оқи алады.

Хәріфтерді латынша таңбалағанда біздің тұтқан жолымыз: таңба туралы ауропалықтардан алысқа кетпеске, шама келгенше латын хәріфтерінің Ауропада қолданған мағынасын жоймасқа, белгісіз шатастыратын жаңа таңбалар кіргізбеске, жазуға қиындық беретін хәріфтің үстіне, астына ноқат, сәкін секілді қосымшалар қоймау болды. Әпрелдің 17-күні біздің жобамыз Күншығыс институтында күншығыс тілдерін біледі деген адамдардың алдында талқыға түсті, мақұл табылды», - деп жобаның ерекшеліктерін егжей-тегжейлі баяндайды [8].

Сонымен, араб әліпбиін жақтаушылар ғылыми негізге сүйеніп, қолдағы бар әліпбидің артықшылық жақтарын көрсетіп, «латын әрпінің араб әрпінен гөрі көзге көрініп тұрған артықшылығы, бадырайып тұрған пайдасы» жоғын дәлелдегенмен, үкімет орындары латын графикасына көшуді жақтайды. 1929 жылы 24 қаңтарда «Жаңа алфавит туралы» Қазақстан Орталық Кеңес комитеті президиумы мен халық Комиссарлар кеңесінің он екі пункттен тұратын арнайы қаулысы шығады. Одақтың жаңа әліпби комитетінің III пленумында қатысқандар жаңа әліпбиді «Жұмысшы-қара шаруа әліпбиі» деп айту керек деген ұсыныс айтады. Сөйтіп, кеңес үкіметі тіл құрылысы саясатын ортақ әліпби жасау идеясынан бастады. Осыған орай Бүкілодақтық Орталық Жаңа Алфавит Комитеті (ВЦКНА) құрылды. Одаққа әйгілі лингвист ғалымдар тіл майданына жұмылдырылып, «жаңа алфавитті» ұлт тілдеріне енгізуге жанын сала кірісті. Өсіресе, араб қаріпті түрік тілдес республикаларда бұл үдеріс ерекше қарқын алды.

Кеңес Одағын мекендеген түрік-татар халықтарының, Солтүстік Кавказ тау халықтарының латын әліпбиіне өтіп, ал орыстардың өз әліпбиінде қалуы зиялы қауымның көңіліне күдік тудырады. 1928 жылы Қазан қаласында өткен Бүкілодақтық жаңа әліпби комитетінің III пленумында профессор Н.Ф.Яковлев былай дейді: «Арабшылар бізге неге орыстар латын әліпбиіне өтпейді деген сауалды жиі қояды. Түптің түбінде орыстар да латын әрпі негізінде әліпби дайындап, халықаралық жазу жүйесіне көшіріледі». Бірақ профессор Н.Ф.Яковлев бастаған комиссия латын әрпі негізінде орыс әліпбиінің үш жобасын дайындап ұсынғанымен, бір де біреуі жүзеге аспады.

Қорыта айтқанда, XX ғасыр басындағы жазудың ауысуы түркі халықтарын бірін-бірі түсінуден, жазу арқылы түсінуден айырды. Бұл сол кездегі кеңес үкіметінің түркі халықтарына қарсы қолданған «бөліп ал да, билей бер» саясатының бір көрінісі болатын.

Әдебиеттер тізімі:

1. А.Байтұрсынов «Тіл тағылымы» // Алматы, 1992ж. 141-бет
2. Байтұрсынұлы Ақыметтің араб әліпбиін жақтаған байандамасы // Алаштың тілдік мұрасы. – Алматы, «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009ж. 27-39 беттер.
3. Е.Омаров «Баку съезінің латын әрпі туралы қаулысы» // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы, 2013ж. 272-бет.
4. Е.Омаров «Қазақша әліпби мен латынша әліпбиі» // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, «Қазығұрт», 2013ж. 208-бет. Құрастырған О.Жұбаева.
5. І.Ахметұлы «Латын қарпі туралы» // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, «Қазығұрт», 2013ж. 220-бет. Құрастырған О.Жұбаева.
6. Т.Шонанов «Латын әліппесін алуды неге тілейміз?» // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, «Қазығұрт», 2013ж. 201-207 беттер.
7. Т.Шонанов «Үмбетұлы Мәжитке жауап» // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, «Қазығұрт», 2013ж. 226-227 беттер. Құрастырған О.Жұбаева.

8. Х.Досмұхамедов «Қазақ тіліне латын хәрфін алу мәселесі» // Алаштың тілдік мұрасы. – Алматы, «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009ж. 133-135 беттер. Құрастырған С.Шүкірұлы, Е.Тілешов.

УДК 81/091

КАЗАХСКИЕ ПРОСВЕТИТЕЛИ НАЧАЛА XX ВЕКА О ПИСЬМЕННОСТИ И АЛФАВИТЕ

Кайыров А.Б., Исмагулова А.М.

Западно-Казахстанский инновационный технологический университет, г. Уральск

Аннотация: В статье рассматриваются проблемы письменности и алфавита в трудах казахских просветителей начала XX века. В частности, дается всесторонний анализ взглядам А.Байтурсынова, Х.Досмухамедова, Е.Омарова, Т.Шонанова на проблемы казахской письменности на основе арабской и латинской графики.

Ключевые слова: письменность, алфавит, казахская письменность на основе арабской графики, казахская письменность на основе латинской графики.

ЭКОНОМИКА

УДК 336.1

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ БЮДЖЕТНОЙ СИСТЕМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В УСЛОВИЯХ МИРОВОГО КРИЗИСА

Салимбаева Ш.Д., Валиева Е.Н.

ФГБОУ ВО «Самарский государственный экономический университет», Россия,
г.Самара

Аннотация: *Бюджет страны отражает ее экономическое развитие, и балансирование доходной и расходной статей бюджета. Структура бюджета Республики Казахстан соответствует унитарной форме правления, при которой административно-территориальные единицы страны не имеют ни автономии, ни государственности. Все они подчиняются действующим единым законодательным актам, единым органам власти и централизованному управлению политическими, экономическими и социальными процессами. Соответственно, структура бюджета определяется основными законодательными актами, действующими в стране, ролью и значением бюджета в экономических и социальных процессах. Бюджетные отношения и межбюджетные отношения формируются в сфере формирования, распределения и перераспределения финансовых ресурсов. Таким образом, в статье анализируется современное состояние бюджетной системы Республики Казахстан в условиях глобализации, а также понятие и экономическое содержание государственного бюджета и бюджетной системы Республики Казахстан.*

Ключевые слова: *бюджет, расходы, доходы, система, налог, затраты, процесс*

Одним из важнейших механизмов, позволяющих государству осуществлять экономическое и социальное регулирование, является финансовый механизм - финансовая система общества, основным звеном которой является бюджетная система. Именно через бюджетную систему государство формирует централизованные фонды и влияет на формирование децентрализованных фондов, обеспечивая возможность выполнения функций, возложенных на государственные органы[1].

Очевидно, что успех экономического развития в нашей стране во многом зависит от того, в каких направлениях пойдет трансформация финансовой системы общества, насколько бюджетная политика государства будет соответствовать требованиям времени. Поэтому мы считаем, что выбранная тема актуальна на сегодняшний день, так как финансовая система сильного государства должна быть стабильной.

Цель работы - анализ государственного бюджета Республики Казахстан. Объектом данной работы является бюджетная система Казахстана.

Поставлены задачи работы:

- рассмотреть концепцию и экономическое содержание государственного бюджета и бюджетной системы,
- анализировать формирование и использование бюджета экономики Республики Казахстан,
- выявить проблемы дефицита бюджета.

Теоретическую основу исследования составляют положения общей экономической теории, теории государственных финансов, труды казахстанских и зарубежных ученых, посвященные теоретическим вопросам и практическим проблемам в области бюджетной системы.

Методология работы основана на принципах диалектического подхода, общих методах научного познания: методах эмпирического исследования (сравнение, сбор и изучение данных), сравнительно-статистических исследованиях, синтезе теоретического и практического материала, принципах формальной логики.

Бюджетная система Республики Казахстан представляет собой сочетание республиканского и местных бюджетов и Национального фонда, а также бюджетного процесса. Национальный фонд Республики Казахстан создан для обеспечения стабильного социально-экономического развития страны, накопления финансовых ресурсов для будущих поколений, снижения зависимости экономики от воздействия неблагоприятных внешних факторов [2].

Государственный бюджет - это совокупность республиканского и местных бюджетов без учета взаиморасчетов между ними.

Республиканский бюджет - это централизованный денежный фонд, формируемый за счет налоговых и иных доходов, определенных Бюджетным кодексом. Республиканский бюджет предназначен для финансового обеспечения задач и функций центральных государственных органов, подведомственных им государственных учреждений и реализации общереспубликанских направлений государственной политики. Республиканский бюджет на соответствующий финансовый год утверждается законом Республики Казахстан. Финансовый год в Казахстане совпадает с календарным годом, то есть начинается 1 января и заканчивается 31 декабря.

Областной бюджет, бюджет города республиканского значения и столицы представляют собой централизованный денежный фонд, который также формируется за счет налоговых и иных доходов, определенных Бюджетным кодексом. Он предназначен для финансового обеспечения задач и функций местных государственных органов регионального уровня, города республиканского значения, столицы, подведомственных им государственных учреждений и реализации государственной политики в соответствующей административно-территориальной единице. Областной бюджет, бюджет города республиканского значения, столицы на соответствующий финансовый год утверждаются решением маслихата области, города республиканского значения, столицы.

К неналоговым доходам республиканского бюджета относятся: доходы от республиканского имущества, сбор за легализацию имущества, доходы от реализации товаров (работ, услуг) государственными учреждениями за счет средств республиканского бюджета и др.

В республиканский бюджет зачисляются поступления от погашения ссуд, выданных из республиканского бюджета, продажи финансовых активов государства, находящихся в собственности республики, и государственных ссуд [3].

